

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

*2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді*

Бас редактор
Алуа Жолдыбалина,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ бөлім басшысы

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

"Общество инвалидов "ЗАМАН" ЖШС
Астана қ., Манас к., 22/2, ВП-6

Таралымы 500 дана.

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

АСТАНАНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ

Әсет Исекешев
Астананың даму перспективалары6

Талғат Қалиев, Аида Балаева, Әсем Қайдарова
Астананың қазіргі жастарының өмірге қанағаттануы және
көңіл күйі (әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша)..18

Құндызбек Әбдрәсілов
Астанаға 20 жыл: негізгі трендтер33

Сара Садықова
Астананың жаңа сәулетінің стильдік бағыттарының
қалыптасуы42

Нұржан Наурызбаев, Серік Тасболатов
Мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеу:
ағымдағы жағдай және перспективалары.....54

Анна Альшанская, Балтабай Сыздықов
Сания Сейдұманова
Экономикалық дамудың маңызды бөлігі ретінде
инвестициялық процесті қаржылық қамтамасыз ету
ерекшеліктері (Астана қаласының үлгісінде).....69

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚСЗИ 25 ЖЫЛДЫҒЫ

Сұлтан Әкімбеков
ҚСЗИ Қазақстанның интеллектуалдық кеңістігінде.....81

Берік Әбдіғалиұлы
Киелі жерлер - ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны.....84

Антон Морозов, Әсел Назарбетова
ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық
зерттеулер институтының ширек ғасырлық даму жолы97

Алуа Жолдыбалина
Әлемде аналитикалық орталықтардың даму
тенденциясы (әлемдік рейтинг мәліметтеріне талдау).....106

СОДЕРЖАНИЕ

20-ЛЕТИЕ АСТАНЫ

Асет Исекешев
Перспективы развития Астаны6

Талгат Калиев, Аида Балаева, Асем Кайдарова
Удовлетворенность жизнью и настроения современной
молодежи Астаны (по результатам социологического
исследования)18

Құндызбек Абдрасилов
Астане 20 лет: основные тренды33

Сара Садықова
Формирование стилевой направленности новой
архитектуры Астаны42

Нұржан Наурызбаев, Серик Тасбулатов
Отбор кандидатов на государственную службу:
современное состояние и перспективы54

Анна Альшанская, Балтабай Сыздықов
Сания Сейдұманова
Особенности финансового обеспечения инвестиционного
процесса как важнейшей составляющей экономического
развития (на примере города Астаны)69



25-ЛЕТИЕ КИСИ ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РК

Султан Акимбеков
КИСИ в интеллектуальном пространстве Казахстана81

Берік Әбдіғалиұлы
Сакральные объекты – символ национального единства и модернизации84

Антон Морозов, Асель Назарбетова
25-летний путь развития Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан97

Алуа Жолдыбалина
Тенденции развития аналитических центров в мире (анализ данных мирового рейтинга)106

CONTENTS

20TH ANNIVERSARY OF ASTANA

Aset Isekeshev
Prospects for the Development of Astana6

Asem Kaydarova, Talgat Kaliyev, Aida Balayeva
Life-satisfaction and Attitudes of today's youth in Astana (Based on the Results of Sociological Research)18

Kundyzbek Abdrassilov
Astana in 20 Years: Key Trends33

Sara Syzdykova
Formation of the Style Orientation of the New Architecture of Astana42

Nurzhan Nauryzbayev, Serik Tasbulatov
Selection of Candidates for State Service: Present Situation and Prospects54

Anna Alshanskaya, Baltabay Syzdykov, Saniya Seidumanova
Peculiarities of Financial Support of Investment Process as an Essential Component of Economic Growth (On the Example of Astana City)69

25TH ANNIVERSARY OF KAZISS

Sultan Akimbekov
KazISS in the Intellectual Space of Kazakhstan81

Berik Abdigaliuly
Sacral objects are the Symbol of National Unity and Modernization84

Anton Morozov, Asel Nazarbeto
25-year Path of the Development of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan97

Alua Zholdybalina
Trends in the Development of Think Tanks in the World (Analysis of World Rankings Data)106

РЕДАКЦИОННОЕ СОВЕЩАНИЕ

Ерлан ҚАРИН

– Редакциялық кеңестің төрағасы,
«Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы,
саяси ғылымдарының кандидаты

Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА

– Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институтының бөлім басшысы, Ph.D.

Гүлназ ҚАСЫМОВА

– редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институты Әлеуметтік-саяси зерттеулер
бөлімінің аға ғылыми қызметкері

Уямо ТОМОХИКО

– Хоккайдо университеті жанындағы Славян
зерттеулер орталығының профессоры
(Жапония), Ph.D.

Уильям ФИЕРМАН

– Индиана университетінің профессоры
(АҚШ), Ph.D.

Сон ЮНХУН

– Ханкук университетінің профессоры
(Оңтүстік Корея), Ph.D.

Бүркітбай АЯҒАН

– ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институтының директоры, тарих
ғылымдарының докторы, профессор

Қазбек ИСАЕВ

– ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның
стратегиялық зерттеулер институтының
ғалым хатшысы, тарих ғылымдарының
кандидаты

Мейрам ҚАЗЫКЕН

– Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу
институтының директоры, экономика
ғылымдарының докторы

Ботагөз РАКИШЕВА

– «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының
жобалар директоры, әлеуметтану
ғылымдарының кандидаты

Айгүл САДУАҚАСОВА

– ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясының Орталық
Азия өңіріндегі этносаралық және
конфессияаралық қатынастарды зерттеу
жөніндегі орталықтың басшысы,
әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Ерлан КАРИН	– председатель Редакционного совета, председатель правления АО «РТРК Казахстан», кандидат политических наук
Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА	– шеф-редактор, руководитель отдела Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D.
Гульназ КАСЫМОВА	– редактор, старший научный сотрудник Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК
Уямо ТОМОХИКО	– профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D. (Япония)
Уильям ФИЕРМАН	– профессор Университета Индиана, Ph.D. (США)
Сон ЮНХУН	– профессор Ханкукского университета, Ph.D. (Южная Корея)
Буркитбай АЯГАН	– директор Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
Казбек ИСАЕВ	– ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, кандидат исторических наук
Мейрам ҚАЗЫКЕН	– директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
Ботагоз РАКИШЕВА	– директор проектов исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
Айгуль САДВОКАСОВА	– руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

Yerlan KARIN	– Chairman of Editorial Board, CEO of “Kazakhstan” Broadcasting Corporation, Candidate of Political Sciences
Alua ZHOLDYBALINA	– Chief Editor, Head of Department of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D.
Gulnaz KASSYMOVA	– Editor, Senior Research Fellow of Department of Social and Political Analysis of KazISS under President of Kazakhstan
Uyamo TOMOHIKO	– Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D., Professor
William FIERMAN	– Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D. Professor
Song YONGHONG	– University of Hankuk, Ph.D. (South Korea), Professor
Burkitbai AYAGAN	– Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
Kazbek ISSAYEV	– Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences
Meiram KAZHIKEN	– Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
Botagoz RAKISHEVA	– Projects Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
Aigul SADVOKASSOVA	– Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

FTAMP
06.61.53

Әсет Исекешев

Астана қаласының әкімі

АСТАНАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа. Қазақстанның елордасы 20 жыл ішінде урбанизацияның ғаламдық трендтері бойынша дамыған заманауи мегаполиске айналды. Мақала қаланың жаңа экономикалық моделіне, елорданың цифрландыру дәуірінде алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалануға, жасампаздық кластерін дамытуға, туристік және инвестициялық тартымдылыққа, сондай-ақ қала тұрғындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға назар аудара отырып дамуына арналады.

Түйін сөздер: Астана, жаһандық қала, Smart Astana, жасампаз экономика, цифрландыру.

Асет Исекешев

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ АСТАНЫ

Аннотация. Столица Казахстана за 20 лет превратилась в современный мегаполис, который следует глобальным трендам урбанизации. Статья посвящена новой экономической модели города, развитию столицы в эпоху цифровизации, с акцентом на применение передовых технологий, развитие креативного кластера, туристической и инвестиционной привлекательности, а также повышении конкурентоспособности горожан.

Ключевые слова: Астана, глобальный город, Smart Astana, креативная экономика, цифровизация.

Aset Isekeshv

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF ASTANA

Abstract. The capital of Kazakhstan for 20 years has turned into a modern metropolis that follows the global trends of urbanization. The article is devoted to the new economic model of the city, the development of the capital in the era of digitalization, with an emphasis on the use of advanced technologies, the development of a creative cluster, tourist and investment attractiveness, and increasing the competitiveness of citizens.

Key words: Astana, global city, Smart Astana, creative economy, digitalization.

Елорданы өзгерту туралы шешімді шын мәнінде тарихи оқиға деп атауға болады. Осы жылы Астанаға 20 жыл толады. Осындай қысқа уақыт ішінде қазіргі біздің көз алдымыздағы Астана жоқтан бар жасады деп айтуға да болады.

Астана елорда атанған сәттен бір жыл уақыт өткенде-ақ ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» премиясына ие болды және оның қазірде әлемнің 30 үздік қалаларының қатарына қосылуға барлық мүмкіндігі бар. Астана Еуразияның дәл жүрегінде орналасқан, бұл оған халықаралық қоғам бейбітшілік пен келісімнің тоғысқан тұсы, Шығыс пен Батыстың өзіндік көпірі ретінде танылып, қаланың жаһандық әлемдегі ықпалының өсуі үшін тұрақты платформаға айналуына негіз болады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу бастамасы Қазақстанның әлемдік мәдениетаралық диалогтың жаһандық процесіне қосқан зор үлесі болды, ал Сирия мәселелері бойынша келіссөздер дау-дамайдың екі жағындағы елдердің бір – бірімен ымыраға келуіне мүмкіндік беріп, қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін ауқымды перспективаларға жол ашты.

Өзінің 20 жылдығында Астана көрікті және заманауи мегаполиске айналды, оны барлық әлем маңызды диалог алаңы ретінде таныды. Осы жылдардың барлығында елорда әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі барлық көрсеткіштерінің тұрақты өсімін көрсетті. Осы уақыт ішінде мемлекеттің елорданы дамыту үшін салған

салымдары 2,5 есе ақталды. Астана халқы 20 жыл ішінде 3 есе өсті. 20 жыл ішіндегі инвестицияның жиынтық көлемі 8 трлн. теңгеге жуық құрады. Қала экономикасының шағын және орта бизнеске негізделген толыққанды құрылымы қалыптасты, оның өнім шығару көлемі 4 трлн. 300 млрд. теңгеге жетті.

2017 жыл Астана, оның тұрғындары мен қонақтары үшін шын мәнінде ерекше жылға айналды. «ЭКСПО-2017» халықаралық арнайыландырылған көрмесі тек елордаға ғана емес, барлық республика үшін де жан-жақты мол әсерге толы оқиға болды. Осы көрме қаланың көлік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымының сандық, сондай-ақ сапалық дамуы үшін елеулі серпіліс болды. ЭКСПО өткізілген кезде Астанаға 5,4 млн. адам келді, 47 жаңа мейрамхана ашылып, қонақүйлер саны 165-тен 201-ға дейін артты, олардың адаммен толуы 3 есе өсті. Астана ШЫҰ және ТМД мемлекеттерінің арасында әлеуетінің оқиғалық рейтингі бойынша ең үздік 5 елорда қатарына қосылды.

Қазақстанның ел астанасын және заманауи қаланы құру тәжірибесі басқа елдерді қызықтырады. Мысалы, бүгінде Астана әкімдігі Мысырмен белсенді ынтымақтастық орнатуда және осы елдің өкілдерін осыншама азғантай уақыттың ішінде заманауи бәсекеге қабілетті елорданы қалай жасауға болады деген сұрақ қызықтыруда. Көптеген ғалымдар мен сарапшылардың пікірінше (оның ішінде швед ғалымы Киел Нордстрем да бар), 50 жылдан соң әлемдік дамуды 218 елдің орнына 600 қала анықтайтын болады. Қалалар – бұл адамзат болашағы. Жаһандық қалалар желісі жаңа әлемнің экономикалық және саяси негізіне айналады. Дәл осы ірі қалалар экономиканың өсуінің негізгі қозғаушы күші болады.

2050 жылға қарай Қазақстанның 70% халқы қалаларда тұрады деп күтіледі. Осы әлемдік трендті, сондай-ақ халықтың ірі мегаполистер мен агломерацияларға шоғырлану динамикасының өсіп отырғанын ескере отырып, біз қаланың барынша қолайлылығын және қауіпсіздігін арттыра түсу үшін Астананың болашақ дамуын жоспарлауға ерекше назар аудардық. Біз елорданы дамытудың шеберлік жоспарын әзірлеу бойынша конкурс жарияладық. Бұл конкурсқа Ұлыбританияның, Канаданың, Сингапурдың және Ресейдің ең ірі консорциумдары қатысты. Біз қаланы 2 млн. адамға дейін дамытудың Шеберлік жоспарының 5 нұсқасын алдық (Gillespies (Ұлыбритания), Space Syntax (Ұлыбритания), Urban strategies INC (Канада), New Space

Architects Pte Ltd (Сингапур), ВиПС АҚ (Ресей)). Трендте болу үшін біз өз қаламыздағы жоғары өмір сапасын қамтамасыз етуіміз керек. Өмір сүру қауіпсіздігін, қолайлылығын қамтамасыз ете отырып, адамдардың біздің қалаларымызда бизнес жүргізуге, жұмыс жасауға ұмтылысын арттыруымыз керек.

Осындай қалалардың барлық әлем бойынша қалай қалыптасып келе жатқанын көріп отырмыз. Олар мегақалалар, жаһандық қалалар, Greenfield cities, new global cities деген атаулармен түрліше аталады. Және олардың тек өз елдері ғана емес, біртұтас макроөңірлер үшін маңызы артып отыр. Мысалы, Таяу Шығыс үшін Дубай, Оңтүстік Шығыс Азия үшін Сингапур. Бұлар инновациялар, қаржы, денсаулық сақтау, білім, сауда, туризм орталықтары. Олар архитектураға, стандарттарға, экономикаға, саясатқа ықпал етеді.

«100 қадам» Ұлт жоспарында Қазақстан Республикасының Президенті Еуразиялық кеңістіктің негізгі саяси, іскерлік және ғылыми орталықтарының бірі ретінде Астананы дамыту және қолайлы қала ортасын құру туралы стратегиялық міндет қойды.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін БҰҰ-ның 17 Тұрақты даму мақсаттарын және ЭЫДҰ стандарттарын ескере отырып, қаланы одан әрі өзгерту көзделген жаңа 2020 жылға дейін Астананы дамыту бағдарламасы іске асырылуда.

Бағдарламада екі негізгі мақсат анықталған.


Бірінші, институционалдық мақсат - қаланы жаңа даму үлгісі, өңірлік хаб, жаһандық ақылды қала үлгісі бойынша, Еуразиялық кеңістік орталықтарының бірі ретінде қалыптастыру.

Екінші мақсат – қала ортасының сапасын жақсарту және халық табысын өсіру арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру.

Астана қарқынды өсіп келеді, шын мәнінде айтсақ, ол қазір өзінің эволюциясының жаңа кезеңіне аяқ басты. Бүгінде оның өз макроөңірі үшін білім беру, медицина, туризм, қаржы, көлік-логистикалық қызметтер сияқты кең спектрлі қызметтерді ұсынатын хабқа айналуы үшін барлық мүмкіндігі бар.

Өмір сүру және бизнес үшін орынды таңдаудағы маңызды критерийлердің бірі денсаулық сақтау сапасы мен қолжетімділігінің деңгейі болып табылады. Астана бүгінгі өзінде ішкі медициналық туризм бойынша тартылыс ортасына айналды. Астана аумағында республикалық маңызы бар 17 ұйым жұмыс жасайды. Бірнеше қатар клиникалардың «JCI» халықаралық сапа аккредитациясы бар.

Осы жылы қала үшін маңызды жобалардың бірі – Халықаралық қаржы орталығын іске асыру басталды. АХҚО табысты іске асыру үшін әуе хабын дамытудың маңызы зор. Бүгінде 5 қаладан тұратын еуразиялық макроөңірдегі ірі әуе хабы анықталды (1-сурет).



1 - сурет. Еуразиялық макроөңірдегі ірі әуе хабтары

Бұл Астана үшін негізгі мүмкіншіліктердің бірі болады деп санаймыз.

Мысалы, Франкфурт халқы – 731 мың адам, 80,5 мың адам (11%) әуежай қызметкерлері болып табылады. Дубай халқының саны – 3 млн. адам, 90 мың адам (3%) әуежай қызметкерлері болып табылады.

Біз Астананы Еуразиядағы ең үздік конгресс-көрмелік орталықтардың және мәдени - спорттық іс-шаралар өткізу орталық-тардың бірі етуді мақсат етіп қойдық. Біздің Барыс Арена, Қазақстан спорт кешені, Астана арена, «Алау» мұз айдыны сияқты халықаралық деңгейдегі ірі спорттық нысандарымыздың халықаралық сертификатталуы Астанаға Қазақстан, Ресей және басқа да ТМД елдері бойынша мәдени және спорттық ірі іс-шараларды өткізу орталығы болуына мүмкіндік береді.

Астана жаңа деңгейге шығып, құрылыс, IT, медицина, білім беру және басқа да түрлі салалардың 100 мыңнан астам қатысушылары мен мамандарын жинай алады (Web Summit – ақпараттық технологиялар саммиті - 70 000 қатысушы, ITB - Халықаралық туристік биржа – 175 000 қатысушы, Ганновер өнеркәсіптік көрме-жәрмеңкесі (Hannover Messe) – әлемдегі ең ірі өнеркәсіптік көрме – 200000 қатысушы және т.б.).

Заманауи жаһандық қаланы дамытуда біз ел мен өңір экономикасына оң үлесін қоса алатын қаланың жаңа экономикалық моделін қалыптастыруға ерекше мән береміз. Тұрақты, теңгерімделген экономиканы құрудың жаңа моделі үш мақсатқа негізделеді (2-сурет).




2 - сурет. Тұрақты экономиканы құру моделі

Жаһандық қала – бұл жаһандық экономикаға кіріккен қала. Ол жаһандық сауда, қаржы және ғылыми-инновациялық желінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Жаһандық экономикаға қаланың ықпалын қаржы орталығы түріндегі дамыған сауда кластері; жаһандық және халықаралық компаниялар пәтерлерінің болуы; халықаралық танылған университеттердің, зерттеу орталықтарының күшті кластері; барлық әлемнен келетін стартаптар үшін дамыған инновациялық экожүйе қалыптастырады.

Ірі қалалар тәжірибесі (Дубай, Мәскеу, Пекин, Оттава, Хельсинки, Сингапур, Лондон және т.б.) барлық әлемдегі ірі мегаполистердің су ресурстарының шектеулілігіне және экологиялық талаптарға байланысты заманауи өндірістерді және өнімді қызметтерді дамыта отырып, ауыр өнеркәсіпті дамытудан бас тартатынын көрсеткен. Мысалы, Пекин күшті экологиялық мәселеге тап болып, өз өндірістерін басқа өңірлерге көшіруде.

Сондықтан, әлемдік тәжірибені, сондай-ақ қаланың бар артықшылықтарын ескере отырып, ШОБ-ті, жұмыс орындарын көбейту және инвестицияларды тарту үшін мүмкіндік беретін 10 сектор анықталды (3-сурет).



3 - сурет. ШОБ-ті, жұмыс орындарын көбейту және инвестицияларды тарту үшін басым секторлар

Бүгінгі таңда өзінде бұл бағыттар бойынша 100 – ден астам жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы жылы 200 млрд. теңге сомасына шамамен 40 жоба іске асырылды, оның ішінде 7 индустриялық жоба АЭА аумағында іске асырылған, сондай-ақ мысалы, Жаңа буынды Дата-орталығының құрылысы, фармацевтика және медициналық бұйымдар бойынша 105 млрд. теңге сомасына 3 ірі жоба, телеком жабдығының өндірісі, елдегі ең алғаш тазалау ғимараттары жабдығының өндірісі сияқты ірі нысандардың құрылысы басталды.

Бүгінгі мейнстрим білімге негізделетін экономиканы қалыптастырумен байланысты. Осындай экономиканың негізгі өнімі – инновациялар. Жаһандық қалада инновациялық экожүйенің қандай элементтері болуы тиіс?

Біріншісі және ең маңыздысы - қала инновацияларға сұранысты туындатуы тиіс. Нақты секторды, инновацияны және ғылымды байланыстыру үшін қалада Назарбаев Университетімен бірлесіп «Астана технополис» жаңа паркі құрылды. Жұмыс робототехника, заттар Интернеті үшін датчиктер, үлкен деректерді өңдеу, жаңа құрылыс материалдары, 3D принтинг, АКТ, бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу және т.б. заманауи жоғары технологиялы өндірісті дамытуға бағытталатын болады. Бүгінде 7 млрд. доллар сомасына 160 жобамен жұмыстар жасалуда.

Екіншісі - қалаға бәсекелік артықшылықтарды қолдау үшін талантты адамдар қажет. Талантты адамдар ғана әлемді өзгерте алады, инновацияларды және экономикалық байлықты жасайды. Ал таланттарды қалаларда не қызықтырады? Өмір сапасы, өзін-өзі таныту мүмкіндігі, өмір үшін тартымды мәдени экожүйе.

Астананы мәдени орталық ретінде одан әрі дамыту үшін жасампаз кластерлерді құрып, мамандарды біріктіру қажет. Адамдар өзін қаланың бір бөлігіндей сезінгенде ғана жайлылықты сезінеді.

Негізінен жасампаз экономика? Жасампаздық — болашақтың жаһандық күші. Жасампаз индустрияларсыз (цифрлық технологиялар, сәулет және дизайн, заманауи медиа, өнер және мәдениет) жаһандық қаланы теңгерімді дамыту мүмкін емес. Мысалы, жасампаз секторларға салынған 1 доллар экономикаға 7 доллар әкеледі.

Жасампаз индустриялар әлемдік ЖІӨ-нің шамамен 3%-н құрайды, кейбір елдерде бұл көрсеткіш 10%-ға дейін жетеді

(Корея, Сингапур – 10%, 5% - Ұлыбритания, 4% - Франция). British Council бірлесіп салаға талдау жасалды, елордада Қазақстан бойынша ең үздік динамиканы көрсететін 3000 компания анықталды (2010 жылы – 2187 компания, 40%-ға өсім). Тек соңғы айдың ішінде Астанада заманауи өнердің екі ірі жеке галереясы ашылды (Жастар сарайының және Керуен ситидің жанынан).

Біз, жасампаз кластерлер негізін қалыптастыратын алаңдарды жасаймыз, мысалы, Шығыс қаласы, Бейбітшілік және Келісім сарайының базасындағы заманауи өнер орталығын қалыптастыру. Ақылды цифрлық технологияларды ендірмей, заманауи жайлы қала жасау мүмкін емес. Біз «Smart Astana» жобасын әзірлеп жатырмыз, оның тұжырымдамасы Еуропалық ақылды қалалар моделінің негізінде әзірленген.

Қауіпсіздік бойынша жоба аяқталды. Жоба 13 мың камера орнатуды көздейді. Қазірдің өзінде қылмыс деңгейі 30%-ға (2018 жылдың 2 айында - 4 384 қылмыс, 2017 жылдың 2 айында – 6 391), ЖКО –18%-ға төмендеген. Біз қазірде автобустарда, әуежайларда, вокзалдарда, үйдің кіре берістерінде жаппай қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін адамдарды тану технологияларын ендіру жолында жұмыстар жүргізудеміз.


Біз осы жылы «заттар Интернеті» технологиясын қолдана отырып, 45 мың шамды ауыстыру бойынша МЖС-тің үлкен жобасын қолға алдық. Жоба 2018 жылдың соңына дейін 3,7 млрд. теңгеден асатын инвестициялар көлеміндегі жеке қаражаттар есебінен іске асырылады. Зияткерлік көлік жүйесі және бірыңғай ГИС-картасымен бірге ақылды құрылысты ендіру жобасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Цифрландыру деректердің кең көлемін жинақтауға мүмкіндік береді, сондықтан тиімді басқару және шешімдер қабылдау үшін Биг Дата жобасы іске асырылуда. Сонымен қатар, маңызды әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуді көздейтін көптеген жобалар бар, олардың қатарында - smart білім, smart медицина, open data, Smart Astana мобильді қосымшасы, e-КСК және т.б. атауға болады. Осылайша, 2019 жылы Астанадағы ақылды қала негізі қалыптастырылады.

Қарқын алып келе жатқан технологиялық даму қаланы басқару үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. "Ақылды" технологиялар тиімділікті, сапаны және физикалық және әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде екпінді технологиялық өзгерістер дәуірінде жұмыс орындарына қойылатын талаптар да өзгеруде. Сондықтан, біз бүгінде жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасын іске асырудамыз, тәсілдерді өзгертіп, оны икемді етуге тырысудамыз. Қала экономикасына құйылатын ағымдағы және болашақ инвестицияларды ескере отырып, 2018-2022 жылдары 55 мың тұрақты және 100 мың уақытша жұмыс орындарын құру жоспарланған. Бұның бәрі жұмыспен қамту саясатын қайта қарауды талап етеді.

Үлкен деректер талдауын пайдала отырып, біз қазірдің өзінде жергілікті және республикалық бюджет есебінен оқытылатын кадрларды оқыту және дайындау бағдарламаларын түзете аламыз. Жобалар бөлігінде біз қандай да бір кадрларға қажеттілікті анықтадық, болашақ кәсіптерін - BIM жобалаушыларды (75 адам), киберқауіпсіздік жөніндегі мамандарды – (35 адам), web-дизайнерлерді (75адам) дайындау қажеттілігін ескере отырып, колледждердің жұмысын қайта қарастырудамыз.

Астананың барлық тұрғындары сияқты біз де қаланы жасыл желекке оранған, гүлденген мегаполис ретінде көргіміз келеді. Бүгінгі таңда «жасыл» аумақтар саны төмендегідей (4-сурет).



4 - сурет. Астана қ. «жасыл» аймақтарының саны

Сонымен қатар, біз қала аумағын жоспарлы жаңғыртуды іске асырып жатырмыз. Осы бағытта 2017 ж. объектілердің төмендегідей саны абаттандырылды (5-сурет).



5-сурет. Астана қаласында 2017 жылы абаттандырылған объектілер саны

Ағымдағы жылы біз әлі 12 паркті, саябақтарды және бульварларды абаттандырамыз, көптеген қала тұрғындарының өтініші бойынша – қаланың тарихи бөлігінде авариялық ескі тұрғын үйлер бұзылған жерлерде ойын және спорт аймақтары орнатылады. Бүгінде қалада 714 ағаш саны бар, 2,1 млн. көшет «Елорданың жасыл белдеуінің» шеңберінде қала айналасында отырғызылған. Біз қаланы өмір сүру үшін тартымды етуге маңызды рөл атқаратын қоғамдық кеңістікке ерекше ден қоямыз.

Жазда Ботаникалық бақ келушілерге есігін айқара ашады. Оның аумағында тропикалық белдеудің барлық климаттық ерекшеліктері және шөл өсімдіктері ұсынылатын болады. Бұл барлық сервистік инфрақұрылым қарастырылған өте қызықты демалыс орны болмақ. Бұл ретте біз қаланы дамытуды жоспарлау шеңберінде жаңа кенттендіру іргетасының бірі болып табылатын полицентризмге ерекше көңіл бөлетінімізді түсінген жөн. Жаңа қала құрылысы тұжырымдамасының шеңберінде біз Астананы адамдар үшін жайлы және тарымды етуге ұмтыламыз. Жаңа аудандарды қала орталығынан алшақтығына қарамастан, кез келген жерден көлік аялдамасына, дүкенге, емханаға, демалыс орнына бірнеше минуттың ішінде ғана жетуге болатын жайлы және тиімді аумақтар етуді көздейміз.

Біз бүгіннің өзінде қаланы 129 секторға бөлуге кірістік (олардың әрқайсысында халық саны 10 мың адам болады), олар бойынша кемінде 32 әлеуметтік стандарттарға – мектептерге, бала бақшаларға, парктерге, спорт алаңдарына, емханаларға, учаскелік полиция бөліміне, тағам өнімдеріне, қоғамдық көлікке, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейне камераларға қолжетімділік қарастырылатын болады.


Бұнымен қоса, біз қала тұрғындарының салауатты өмір салтына ұмтылысын барынша қолдаймыз. Елорданың парктерінде демалыс күндері түрлі спорттық іс-шаралар: акциялар, шеберлік кластары, көңілді старттар, споршылардың өнер көрсетуі, жаттығулар тұрақты өткізіледі.

Бұл қала тұрғындарының жалпы санынан 28,2%-ды құрайтын 288 мың адамды спортпен тұрақты айналысуға тартуға себеп болды (1 020 722 адам). Жаңа міндеттер мен халық өсімі ескеріліп, қаланы басқарудың тиісті құрылымын бейімдеу мәселесінің өзектілігі артты.

Жаңа сын-тегеуріндерге жауап беру және тиімділікті арттыру үшін біз Сіздің «Рухани жаңғыру» - прагматизм, ашықтық, бәсекелік

қабілет бағдарламалық мақалаңызда мазмұндалған принциптерді басшылыққа алдық және өзгеруді өзімізден бастауды шештік. Экономика көлемі, климаттық және демографиялық ерекшеліктері бойынша Астағана сәйкес келетін әлем қалаларының тәжірибесін негізге алдық (Оттава, Стокгольм, Мәскеу, Осло, Будапешт, Хельсинки, Прага, Копенгаген, Рига, Варшава және басқа да).

Басқару құрылымын стратегиялық және операциялық деңгейлерге бөле отырып, жобалық кеңсе принципі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру тәртібі өзгертілді. Стратегиялық деңгейде басқару санын 30-дан 22-ге қысқарту, қосарланған функцияларды алып тастау, әкімшілік лауазымдарды қысқарту және бейіндік бөлімшелерді ұлғайту арқылы функционал оңтайландырылды. Заман талабына және басқарудағы жаңа тәсілдерге сәйкес жаңа бөлімшелер құрылды:



6 -сурет. Астана қ. әкімдігінің басқармасындағы жаңа бөлімшелер

Операциялық деңгейде «Ашық әкімдік» жобасының инфра-құрылымы жасалды. 109 қызметінің жұмысы автоматтандырылды, iKomet мониторинг және жедел әрекет ету орталығы құрылды. Егер бұрын әкімдікке түрлі өтінішпен күн сайын 6 мың адам келетін болса, жоба іске қосылғаннан кейін келушілер саны 4 есеге, күніне 1,5 мың адамға дейін азайды.

«Бүкіл қала сенің смартфонңда» принципі бойынша жұмыс жасайтын «Smart Astana» мобильді қосымшасының жаңартылған нұсқасы іске қосылды. Бүгінгі күні қосымша 60 қалалық сервисті қамтиды, 130 мыңнан астам жүктеулер жасалған, 24 мың күн сайынғы пайдаланушылары бар. жұмыс қаланы басқарудың икемді құрылымын қалыптастыруға бағытталған. Өзгерістер елорданы

ашық, қауіпсіз, өмір деңгейі жоғары, экологиялық тұрақты, қала тұрғындары, инвесторлар және бизнес жүргізу үшін жайлы ақылды қала ретінде тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

Бүгінде Астана бұл толыққанды, динамикалы және үйірмпаз мегаполис, республика келбеті және флагманы, инвестициялар және барлық еуразиялық макроөңірден таланттар тартылатын ортаға айналуы көздейтін әлемге танылған халықаралық келіссөздер алаңы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. 2016-2020 жылдарға арналған Астананы дамыту бағдарламасы / <http://astana.gov.kz/ru/modules/material/16195>
2. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформасын іске асыру жөніндегі ұлт жоспары - «100 нақты қадам» // https://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy_a2777949

ҒТАМР
04.21.31

Талғат Қалиев¹, Аида Балаева², Әсем Қайдарова³

¹ «Жастар» ҒЗО директоры, саяси ғылымдарының кандидаты

² ҚР Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі,
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты

³ «Жастар» ҒЗО директорының орынбасары, саяси
ғылымдарының докторы

АСТАНАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРЫНЫҢ ӨМІРГЕ ҚАНАҒАТТАНУЫ ЖӘНЕ КӨҢІЛ КҮЙІ (ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША)

Аңдатпа. Жастардың қазіргі өмірге етене араласуы орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешекке жалпы саяси процестерді қалыптастыру процесінде маңызды рөл ойнайды. Бүгінгі ұрпақ келешекте аға ұрпақтың бастамасын қабылдап алатын ұрпақ, сондықтан жастардың арасында болып жатқан әлеуметтік-саяси процестерді зерделеу Қазақстанның ішкі саясаттануы шеңберінде саяси процестерді болжау үшін өзекті тақырып болып табылады. Жастардың елі мен қаласына, өзін Қазақстанның бір бөлшегі ретінде қабылдауға деген көзқарасы, қазіргі процестер динамикасына тартылуы – мұның барлығы жастардың ортасындағы күрделі әлеуметтік-саяси процестің бір бөлігін құрайды.

Түйін сөздер: жастар, жастар саясаты, әлеуметтік көңіл күй, әлеуметтік практика.

Асем Кайдарова, Талгат Калиев, Аида Балаева УДОВЛЕТВОРЕННОСТЬ ЖИЗНЬЮ И НАСТРОЕНИЯ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ АСТАНЫ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ)

Абстракт. Вовлеченность молодежи в современную жизнь играет немаловажную роль в процессе формирования общих политических процессов на среднесрочную и долгосрочную

перспективы. Нынешнее поколение, это то поколение, которое в дальнейшем примет инициативу у старшего поколения, поэтому изучение социально-политических процессов, происходящих у молодежи представляет с собой актуальную тему для прогнозирования политических процессов в рамках внутренней казахстанской политологии. Отношение молодежи к стране и городу, к восприятию себя частью Казахстана, вовлеченность в динамику современных процессов – все это составляет часть более сложного социально-политического процесса в молодежной среде.

Ключевые слова: молодежь, молодежная политика, социальное настроение, социальная практика.

Asem Kaydarova, Talgat Kaliyev, Aida Balayeva LIFE-SATISFACTION AND ATTITUDES OF TODAY'S YOUTH IN ASTANA (BASED ON THE RESULTS OF SOCIOLOGICAL RESEARCH)

Abstract. Involvement of youth into modern life plays a crucial role in formation of common medium-term and long-term political processes. Today's generation is the one which will further take over the initiative from the elder generation, for this reason, studying social and political processes related to youth represents a topical issue for forecasting political processes within the Kazakhstani internal politology. Attitude of youth to the country and the city, to the sense of being the part of Kazakhstan, and involvement into dynamics of modern processes – all of these are the components of a more sophisticated socio-political process occurring among young people.

Keywords: youth, youth policy, social attitudes, social practice.

Кіріспе

Қазіргі жастар жаңғырушы Қазақстанның негізгі стратегиялық ресурсы болып табылады. Қазақстанның бүгінгі жастары елді жаңартуға, республиканың қоғамдық және саяси өміріне белсенді түрде қатысады. Қазақстан қоғамында болып жатқан өзгерістер жастар арасындағы оң (саяси, әлеуметтік, кәсіби және шығармашылық белсенділік) құбылыстарды да, теріс

(әртүрлі ауытқулар) құбылыстарды да айқын көрсетеді. Бұл жастарды және жастар проблемаларын ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеу қажеттілігін өзекті етеді.

2017 жыл Қазақстан үшін жастар «тікелей» қатысқан оқиғаларға бай болды. Универсиада-2017 (Алматы қ.) өткізуге шамамен 3000 волонтер қатысты, оның көбі жастар болды. Тағы 1500 волонтер Астана қаласындағы ЕХРО-2017 халықаралық көрмесінде жұмыс істеді. Осылайша, бүгінгі таңда Қазақстанда оқытудан өткен және аталған ірі іс-шараларда жұмыс жасау бойынша практикалық дағдыларды меңгерген 5000 кәсіби волонтер бар деп айтуға болады. Бұл жастар қоғамға пайдалы әлеуметтік қызметке әрі қарай да қатысып, қоғамға пайдасын тигізеді деп сеніммен айтуға болады.

Сонымен қатар, жастар бірқатар объективті себептерге байланысты, бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық сипаттағы проблемаларға, атап айтқанда, төмен табыс деңгейі, жұмыссыздық және еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіздік, тұрғын үй мәселелері және т.б. проблемаларға тап болады. Бұл тұрғыда жастарға осы проблемаларды шешуде көмек көрсету қажет, себебі оларды елемеу орталықта да, өңірлерде де әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайдың шиеленісуіне әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының маңызды міндеттерінің бірі - жастардың проблемаларын зерделеу және мониторингтеу, сондай-ақ оларды шешуге жәрдемдесу бойынша оңтайлы шараларды айқындау. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, біліми, кәсіби қалыптасуы және физикалық дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдас-тырушылық жағдайлар мен кепілдіктерді жасау, жастардың бүкіл қоғам мүддесіне сай шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жүзеге асырылады.

Осы мақала Астана қаласындағы жастардың әлеуметтік хал-жайын талдаудан, олардың қажеттіліктерін анықтаудан, осы қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін жастардың іске асыратын практикаларынан және, жалпы алғанда, қала жастарының қанағаттану деңгейінен тұрады. Талдауға неге дәл Астана қаласының жастары таңдалған? Өйткені, бірінші кезекте, жастар ішкі мигрант бола тұра, қалада тұрақтап қалуды жоспарлайтын

азаматтардың басым бөлігін құрайды, бұл жалпы еліміздің стратегиялық міндеттеріне сай келеді. Мақалада «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтік зерттеудің нәтижелері пайдаланылды¹.

Мақалада пайдаланылатын анықтамаларға келетін болсақ, олардың негізгілері мыналар болып табылады:

□ Жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары. Жастар – бұл жас ерекшеліктерімен және өзінің қоғамдағы мәртебесімен өзгешеленетін әлеуметтік топ: балалық шақ пен жастық шақтан әлеуметтік жауапкершілікке өту. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам оларды жеңілдіктермен қамтамасыз етіп, бірақ әлеумет өмірінің белгілі бір салаларына белсене қатысу мүмкіндігінен шектей отырып, әлеуметтік қалыптасу мүмкіндігін ұсынатын жас адамдар тобы деп түсінеді.

□ Қажеттілік – қандай да бір нәрсенің жеткіліксіздігін психологиялық немесе функционалдық тұрғыда сезінетін ішкі жай-күй, жағдаяттық факторларға тәуелділіктен көрініс табады.

□ Адамның әлеуметтік хал-ахуалы оның, өз кезегінде, қоғамдағы әлеуметтік игіліктер, оларды жасау және бөлу жүйесінен туындайтын әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесімен айқындалады. Бұл, сонымен қоса, осы әлеуметтік жағдайлардың нақты адам үшін қолайлылығының дәрежесі, яғни адамның өз тәжірибесінің негізінде қалыптасатын, өзін қоршаған әлем жайлы субъективті пікірі.

□ Жастардың әлеуметтік практикалары жастардың мүддесін және күнделікті өмірде қоғамдық маңызы бар шешімдерді қабылдауға қатысу, қабылданған шешімдердің нәтижелері үшін жауапты болу құқығын, сондай-ақ демократиялық әдістермен әлеуметтік ортаға ықпал ету құқығын іске асыруға бағытталған іс-қимылдар мен үйреншікті мінез-құлық тәсілдерінің жиын-тығы болып табылады.

□ Жастардың өмір сүру сапасының басты индикаторларының бірі жастардың өмірге қанағаттануы болып есептеледі. Жастардың өмірге қанағаттану проблемасы бұл жағдайда елдегі мемлекеттік жастар саясатының тиімділік көрсеткіші ретінде қаралады.

Осы зерттеу шеңберінде Қазақстанның қазіргі жастарының өз өміріне қанағаттануының сапалық сипаттамаларын айқындау

міндеті көзделмегенін ерекше атап өткен абзал. Сауалнамадағы «Сіз қазіргі өміріңізге қанағаттанасыз ба, әлде жоқ па?» деген сұрақ, біріншіден, Астана жастарының бүгінгі таңда жалпы өз өмірін қалай қабылдайтынын айқындау мақсатында, екіншіден, сауалнама кезінде респонденттердің қандай психологиялық күйде болатынын анықтау мақсатында қойылды.

Жастардың өмірге қанағаттану деңгейі


Жүргізілген әлеуметтік сауалнама деректеріне сәйкес, жалпы алғанда, Астананың қазіргі жастарының 95%-ға жуығы өз өміріне қанағаттанады екен. Бұл санатқа өз өміріне толық қанағаттанатындарды (62,4%) және көбіне қанағаттанатындарды (31,7%) жатқыздық (1-кесте).

Сіз қазіргі өміріңізге қанағаттанасыз ба, әлде жоқ па?	%
Толық қанағаттанамын	62,4%
Көбіне қанағаттанамын	31,7%
Көбіне қанағаттанбаймын	5,0%
Толық қанағаттанбаймын	0,0%
Жауап беруге қиналамын	1,0%

Адамның өз өміріне қанағаттануы материалдық әл-ауқатты, денсаулық жағдайын, жақын ортаның болуын және оған сену дәрежесін қоса, көптеген факторларға байланысты болады. Бұдан басқа, өмірге қанағаттануды талдау халықтың басым бөлігіне тән көңіл-күйді зерделеуден де тұрады.

Осы сұраққа берілген жауаптарды жас ерекшеліктері бойынша қарастыру толық қанағаттанатын жастар саны респонденттердің жасы ұлғайған сайын төмендейтінін көрсетеді. Мысалы, өз өміріне толық қанағаттанатындардың үлесі 14 жастан 19 жасқа дейінгі аралықта 61,3%-ды, 20 жастан 23 жасқа дейінгі аралықта 50,3%-ды құраса, 24 жастан 29 жасқа дейінгі ересек жас тобында 47,3%-ды құрайды. Демек, жас ұлғайған сайын көбіне қанағаттанбайтындар мен толық қанағаттанбайтындардың үлесі артады (1-диаграмма). Бұл аспект немен байланысты? Ең дұрысы, жас ұлғайған сайын адамдардың объективті қажеттіліктерінің үлесі артатынымен, соның ішінде, жастардың отбасы құрып, некеге тұрып, сол себепті де сұраныс деңгейі артатынымен байланысты.

1 - диаграмма. «Сіз қазіргі өміріңізге қанағаттанасыз ба, әлде жоқ па?» деген сұраққа берілген жауаптарды бөлу (жас бойынша, %)



Жұмыспен қамту өлшемшартына сәйкес, өз өміріне қанағаттанатын жастардың ең аз үлесі жұмыс істемейтіндер мен оқымайтындардың арасында байқалатынын көріп отырмыз. Сәйкесінше, олардың арасында өз өміріне қандай да бір дәрежеде қанағаттанбайтындардың үлесі ең жоғары (5% оқитын және жұмыс істейтін жастармен және 11% жұмыс істейтін жастармен салыстырғанда 23,3%). Бұл өз бетінше ақша табу мүмкіндігін қоса, жұмыспен қамту жастардың өз өміріне қанағаттануының жоғары дәрежесі үшін қажетті жағдайлардың бірі екенін, ал бұлардың болмауы қанағаттанбауға және қоғамда өзін әлжуаз сезінуге себеп болатынын білдіреді (2-кесте).

2-кесте. «Сіз қазіргі өміріңізге қанағаттанасыз ба, әлде жоқ па?» деген сұраққа берілген жауаптарды бөлу (жұмыспен қамту бойынша, %)

	Толық қанағаттанамын	Көбіне қанағаттанамын	Көбіне қанағаттанбаймын	Толық қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
Оқимын	58,9	34,7	4,9	0,7	0,9
Оқимын әрі жұмыс істеймін	60,5	31,1	5,0	-	3,4

Жұмыс істеймін	47,8	40,1	10,0	1,1	1,1
Оқымаймын, жұмыс та істемеймін, жұмыс іздеп жүрген жоқпын	48,9	38,3	7,8	4,3	0,7
Оқымаймын, жұмыс істемеймін, бірақ жұмыс іздеп жүрмін	35,8	40,3	17,0	6,3	0,6

Бұған қоса, респонденттердің табысы өскен сайын өз өміріне қанағаттану деңгейінің де өсу үрдісі байқалады. Мәселен, төмен өмір сүру деңгейіне байланысты қиындықтарға кез болғандар өз өміріне, мұндай проблемалары жоқтарға қарағанда, аз дәрежеде қанағаттанады екен (3-кесте).

3 - кесте. «Сіз қазіргі өміріңізге қанағаттанасыз ба, әлде жоқ па?» деген сұраққа берілген жауаптарды бөлу (табыс бойынша, %)

	Толық қанағаттанамын	Көбіне қанағаттанамын	Көбіне қанағаттабаймын	Толық қанағаттабаймын	Жауап беруге қиналамын
Бізге тамаққа ақша жетпейді	55,3	23,7	18,4	-	2,6
Ақша оларсыз күн көру мүмкін емес ең қажетті деген шығындарға ғана жетеді (тамақ)	43,3	35,7	14,8	4,3	1,9
Ақша тамақ пен басқа да қажетті шығындарға, киімге және ұсақ тұрмыстық техникаға жетеді	45,1	44,2	8,6	1,0	1,0
Ақша ең қажетті деген шығындарға, киімге және ірі тұрмыстық техникаға жетеді, бірақ жаңа машина сатып ала алмаймыз	57,6	37,7	3,7	0,5	0,5
Ақша жылжымайтын мүлік (саяжай немесе пәтер) сатып алудан басқаның барлығына жетеді	70,4	24,3	4,7	-	0,6
Материалдық қиындықтар жоқ. Қажет болса, пәтер сатып алар едік	85,7	14,3	-	-	-

Осылайша, қазіргі Астана жастарының көбі өз өмірін қандай да бір дәрежеде қанағат тұтатынын көріп отырмыз. Айта кетерлігі, өмірге қанағаттанудың ең жоғары дәрежесі жастардың кіші санаттарына, қазіргі уақытта жұмыс істеп жүрген немесе оқу оқып жүрген, жоғары материалдық табыспен сипатталатын, ең алдымен, екі астанада (Астана және Алматы), немесе оларға жақын жерде (Ақмола облысы) тұратын жастарға тән. Өз кезегінде, өз өміріне төмен қанағаттану, ең алдымен, ересек жас санатындағы (24 жастан

29 жасқа дейін), материалдық қиындықтары бар, уақытша немесе тұрақты оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарға тән.

Бүгінгі таңда астана жастарындағы басым көңіл күйлер туралы сөз қозғай келе, олардың көбіне белсенділік сезімі тән екенін атап өткен абзал, сауалнама алынғандардың жартысынан көбі (54,7%) бұл көңіл күйді негізгісі ретінде бөліп көрсетеді. Екінші орында – оптимизм (ол туралы сауалнама алынған жастардың 37,4%-ы айтты), үшінші орында – тілектестік (28,8%)². Аталған үш көңіл күйді талдай келе, олардың барлығы позитивті сипатқа ие екенін көреміз, бұл жалпы Астана жастарының, бәрінен бұрын, позитивті сәттерге көңіл бөле отырып, болашаққа айтарлықтай оптимисттік тұрғыдан қарайтынын көрсетеді. Бұл, бір жағынан, ерте жастың ерекшеліктерімен, ата-ана тарапынан белгілі бір қамқорлықтың болуымен, қоғамдағы проблемаларды жете білмеумен байланысты.

Жастардың бірқатар өзекті проблемалары

Елорда жастарын алаңдатын проблемалардың арасында, оның ішінде негізгілері ретінде, ең алдымен, материалдық қиындықтарды (төмен жалақы, шәкіртақы және т.б.) – 60,9%, жұмысқа орналасумен байланысты проблемаларды – 58,5% атап өтуге болады. Тамақ өнімдерінің жоғары бағалары және тұрғын үй проблемалары әрбір екінші респондентті алаңдатады (сәйкесінше 53,4% және 53%). Жастардың 48,9%-ы білім берудің жоғары құнына шағымданады. Жастардың өзекті проблемаларының арқауы материалдық құрауыш екенін айта кету керек, яғни жастар көбінесе қаржылық қиындықтарды бастан кешіреді. Сондай-ақ, көрсетілген проблемалардың өзектілігі респонденттердің жасына тура пропорционал негізде артады. Яғни, мысалы, материалдық қиындықтар 14-18 жастағы жастардың 51,4%-ын мазаласа, ересек 24-29 жастағы жастардың арасында бұл проблема сауалнама алынғандардың 65,1%-ын алаңдатады екен. Бұл жағдайды ересек жастардың өз алдына жекеленіп, ата-анасының көмегіне тәуелді болмай, жеке өзі тұратынымен, сондықтан да материалдық сипаттағы проблемаларға тап болатынымен түсіндіруге болады.

Бұдан басқа, жастарды бос уақытын ұйымдастыру проблемасы алаң қылады, сауалнама алынғандардың 17,6%-ы бос уақыт өткізуге болатын жерлердің жоқ екенін көрсетеді. Әрбір алтыншы астаналық болашақта оң перспективалар болмайды деп алаңдайды, 15,9%-ы ертеңгі күніне сенімсіз.

Сауалнама алынғандардың сәл аз бөлігін (14,7%) жастар арасындағы мәдениеттің төмен деңгейі мазалайды.

Сондай-ақ, өзекті проблемалар ретінде респонденттер жастар арасындағы қылмыскерлікті (13,2%) және нашақорлық, уытқұмарлық, араққұмарлық пен шылым шегу сияқты зиянды әдеттерге тәуелділікті (12,9%) атады (4-кесте).

Өңірлер бойынша, жұмыс орындарының жоқтығына көбінесе Қазақстан астанасы (78,2%) мен Ақмола облысының (73,4%) жас тұрғындары наразылық білдірді.

4 - кесте. Сіздің елді мекеніңіздегі ең өзекті проблемаларды атаңыз (%)

Сіздің елді мекеніңізде ең өзекті проблемалар қандай?	%
Жоғары білім алумен байланысты қиындықтар (жоғары құн және т.б.)	64,4%
Материалдық қиындықтар (төмен жалақы, шәкіртақы және т.б.)	77,2%
Тамақ өнімдерінің, халық тұтынатын тауарлардың жоғары бағалары	82,2%
Жұмысқа орналасу проблемалары, жұмыссыздық	76,2%
Тұрғын үй проблемасы	69,3%
Нашар денсаулық, денсаулықтың нашарлауы	3,0%
Жеке өмірдің ретке келмегендігі	2,0%
Ата-анамен/аға буынмен дау-дамайлар, туыстар мен жақындардың түсінбеуі	5,9%
Ертеңгі күнге сенімсіздік	7,9%
Мәдениеттің төмен деңгейі, жастардың рухсыздығы	10,9%
Жеке қауіпсіздікке қауіп төну (көшеде жүру қорқынышты және т.б.)	2,0%
Жастар арасындағы қылмыскерлік	2,0%
Жастар арасындағы діни экстремизм	5,0%
Нашақорлық, уытқұмарлық пен араққұмарлық, шылым шегу	5,9%
Жастардың бос уақытымен байланысты проблемалар, бос уақыт өткізетін жер жоқ	9,9%
Жоғары жылдамдықты Интернетке, сапалы мобильді байланысқа қолжетімділіктің жоқтығы	3,0%
Ешқандай проблема жоқ	1,0%

Наразылық акцияларына қатысу

Қаладағы әлеуметтік-саяси жағдайдың тұрақтылығы әлеуметтік қайшылықтардың болмауымен сипатталады, мұны жастардың пікірі растап отыр. Елдегі жас азаматтардың 45,5%-ы кез-келген жағдайда жария наразылық акцияларына (демонстрацияларға, көтерілістерге,

митингтерге және т.б.) қатысуы мүмкін екендігін жоққа шығарады.

Респонденттердің 44,2%-ы наразылық акцияларына қатысуым мүмкін деп есептейді. Бұл ретте сауалнама алынған әрбір оныншы жас көрсетілген сұраққа жауап беруге қиналды (5-кесте).

Сонымен, тамақ өнімдері, дәрі-дәрмектер, ЖЖМ бағаларының өсуі сияқты проблема жастарды наразылыққа ұрындырады екен, сауалнама алынғандардың 14,7%-ы осылай дейді. Жария наразылық акцияларына қатысудың тағы бір себебі жұмыстағы қысқару немесе жұмыстан шығып қалу (13,3%), жалақы, шәкіртақы төлеу бойынша кідіру (12,1%) және коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз жоғарылауы (8,6%) бола алады. Тұрғын үйдің болмауымен байланысты проблемалар жастардың 8,8%-ына наразылық білдіруге мәжбүр ете алады.

5 - кесте. Қандай проблема Сізді жария наразылық акциясына баруға мәжбүрлей алады? (%)

	%
Мектептегі, ЖООдағы, колледждегі проблемалар	6,5
Жұмыста қысқару немесе жұмыстан шығып қалу	13,3
Коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз жоғарылауы	8,6
Жалақы, зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы төлеу бойынша кідіру	12,1
Медициналық мекеме қызметкерлерінің салғырттығы мен кәсіпсіздігі	7,4
Кредиттер немесе ипотека бойынша төлемдердің жоғарылауы	4,6
Негізсіз айыппұлдар	5,6
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	5,6
Биліктің іс-әрекеттеріне қанағаттанбау	5,5
Әділетсіз сот шешімдері	4,8
Қабылданатын реформалармен келіспеу	3,1
Этникалық негізде құқықтардың бұзылуы	2,2
Тұрғын үй проблемасы	8,8
Білім беру қызметтерінің төмен сапасы	2,9
Тамақ өнімдері, ЖЖМ, дәрі-дәрмектер бағаларының жоғарылауы	14,7
Ештеңе де мені ашықтан-ашық наразылық білдіруге мәжбүрлей алмайды	45,5
Көше атауларының өзгертілуі	0,1
Егер жастарға қол көрсетілмесе	0,1
Егер жерлер шетелдіктерге берілсе	0,1
Жауап беруге қиналамын	10,3

Осылайша, жастар арасындағы наразылық әлеуетінің деңгейін төмен деуге болмайды, себебі әрбір екінші жас ұрпақ өкілі аса қажет болған жағдайда өз құқығын жұрт алдында қорғауға дайын. Алайда, егер елдегі мемлекеттік және қоғамдық органдар жастарды жұмысқа орналастыру, төлемдерді уақытында жүзеге асыру және ең қажетті өнімдердің баға саясатын реттеу мәселелерін ұдайы қадағалап отырса, онда жастар наразылығының болмайтыны анық.

Қандай проблема Сізді жария наразылық акциясына баруға мәжбүрлей алады?	%
Мектептегі, ЖООдағы, колледждегі проблемалар	5,0%
Жұмыста қысқару немесе жұмыстан шығып қалу	4,0%
Коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз жоғарылауы	10,9%
Жалақы, зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы төлеу бойынша кідіру	9,9%
Медициналық мекеме қызметкерлерінің салғырттығы мен кәсібісіздігі	5,0%
Кредиттер немесе ипотека бойынша төлемдердің жоғарылауы	4,0%
Негізсіз айыппұлдар	16,8%
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	2,0%
Биліктің іс-әрекеттеріне қанағаттанбау	2,0%
Әділетсіз сот шешімдері	4,0%
Қабылданатын реформалармен келіспеу	1,0%
Этникалық негізде құқықтардың бұзылуы	1,0%
Тұрғын үй проблемасы	3,0%
Білім беру қызметтерінің төмен сапасы	1,0%
Тамақ өнімдері, ЖЖМ, дәрі-дәрмектер бағаларының жоғарылауы	19,8%
Ештеңе де мені ашықтан-ашық наразылық білдіруге мәжбүрлей алмайды	30,7%
Көше атауларының өзгертілуі	0,0%
Егер жастарға қол көрсетілмесе	0,0%
Егер жерлер шетелдіктерге берілсе	0,0%
Жауап беруге қиналамын	30,7%

Сіздің тұрып жатқан жеріңізде (елді мекенде) қазір наразылық акцияларының туындау ықтималдығы бар деп ойлайсыз ба?	%
Әлбетте, бар	8,9%
Көбіне, бар	7,9%
Көбіне, жоқ	35,6%
Әлбетте, жоқ	30,7%
Жауап беруге қиналамын	16,8%

Жастардың Қазақстанда көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына да көңілі толмайды. Мысалы, сауалнама алынғандардың жартысынан көбі білікті дәрігерлер мен медициналық қызметкерлердің үнемі кездесе бермейтінін көрсетті (51,5%). Медициналық қызметтердің сапасына ел жастарының 22,5%-ы ғана толық қанағаттанады. Респонденттердің қалған 22,3%-ы өз елді мекендеріндегі дәрігерлердің қызметтеріне қанағаттанбайтынын көрсетті. Себебі олар тұрып жатқан жерде медицина кәсіпқойлары сирек кездеседі екен (7-кесте).

7 - кесте. Сіздің елді мекеніңізде көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына қаншалықты қанағаттанасыз? (%)

	%
Толық қанағаттанамын, мен біздің дәрігерлерге сенемін	22,5
Жартылай қанағаттанамын, білікті дәрігерлер мен медициналық қызметкерлер үнемі кездесе бермейді	51,5
Мүлде қанағаттанбаймын, бізде өз ісінің шеберін табу өте қиын	22,3
Жауап беруге қиналамын	3,8

Медициналық қызметтердің салыстырмалы түрде жоғары сапасы Астана қаласында белгіленді, бұл өңірде респонденттердің 41,2%-ы және 46,5%-ы медицина саласында көрсетілетін қызметтерге толық қанағаттанады (8-кесте).

8-кесте. Сіздің елді мекеніңізде көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына қаншалықты қанағаттанасыз? (өңірлер бойынша) (%)

	Толық қанағаттанамын	Жартылай қанағаттанамын	Мүлде қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	30,4	53,2	10,1	6,3
Ақтөбе	12,9	51,5	32,7	3,0
Алматы	15,2	55,9	28,4	0,5
Атырау	41,2	41,2	17,6	-
Шығыс Қазақстан	25,0	52,8	19,4	2,8
Жамбыл	9,0	59	13,1	18,9
Батыс Қазақстан	14,1	52,1	32,4	1,4
Қарағанды	14,8	56,4	27,5	1,3

Қостанай	7,3	45,8	45,8	1,0
Қызылорда	32,6	32,6	29,2	4,5
Маңғыстау	13,7	49,3	27,4	9,6
Павлодар	25,6	64,1	7,7	2,6
Солтүстік Қазақстан	36,4	40,0	23,6	-
Оңтүстік Қазақстан	22,4	56,6	16,8	4,1
Астана қ.	46,5	43,6	7,9	2,0
Алматы қ.	28,6	46,0	22,8	2,7

Елдегі медициналық қызметтер сапасының теріс бағасын ескеретін болсақ, бұл жағдайға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу оң әсерін тигізуі мүмкін деп болжауға болады.

Сіздің елді мекеніңізде көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына қаншалықты қанағаттанасыз?	%
Толық қанағаттанамын, мен біздің дәрігерлерге сенемін	46,5%
Жартылай қанағаттанамын, білікті дәрігерлер мен медициналық қызметкерлер үнемі кездесе бермейді	43,6%
Мүлде қанағаттанбаймын, бізде өз ісінің шеберін табу өте қиын	7,9%
Кезек көп, мәселені шешу үшін, мың дәрігердің алдынан өту керек	0,0%
Жауап беруге қиналамын	2,0%

Болашаққа қатысты болжамдар

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, оң болжамдар деңгейі теріс болжамдардан едәуір де асып түседі. Мәселен, сауалнама алынғандардың жартысынан көбі (57,7%) болашақта олардың өмір сүру деңгейі ата-аналарының өмір сүру сапасымен салыстырғанда жақсарады деп есептейді. Сауалнама алынған әрбір бесінші жас та болмашы сипаттағы жақсаруды күтеді. Респонденттердің 9,7%-ы бұл тұрғыда ешқандай өзгерісті күтпейді. Жас қазақстандықтардың 1,7%-ы ғана олардың өмір сүру деңгейі қазіргі жағдаймен салыстырғанда нашарлайды деп болжады. Осылайша, жастар арасында олардың болашағының сапалық сипаттамаларына қатысты оптимисттік болжамдар көбірек таралғанын көріп отырмыз (9-кесте).

Ересек болған кезде, Сіздің өмір сүру деңгейіңіз ата-анаңыздың өмір сүру деңгейімен салыстырғанда қалай болады деп ойлайсыз?	%
Жақсарады	84,2%
Біраз жақсарады	5,9%
Өзгермейді	4,0%
Біраз нашарлайды	1,0%
Жауап беруге қиналамын	5,0%

Қоғамның қарқынды дамыған, экономика саласының, саяси институттардың жаһанданған, мәдени плюрализмнің күшейген заманында қазіргі жастардың қажеттіліктері, өз болмысын көрсету тәсілдері, қоғамдағы, қоғам жоспарларын құрудағы және белгіленген жоспарды іске асырудағы рөлі өзгереді.

Осы зерттеуде бөліп көрсетілген Қазақстан жастарының өзекті проблемалары шешу қажеттілігі мемлекеттік жастар саясатының міндеттерін қалыптастыру кезінде көрсетілуі тиіс проблемалар аясын белгілеуге мүмкіндік берді.

Тұтастай алғанда, зерттеу ең алдымен материалдық қиындықтармен, жұмысқа орналасумен, жұмыссыздықтың жоғары деңгейімен, тамақ өнімдері мен халық тұтынатын тауарлардың жоғары бағаларымен байланысты бірқатар маңызды проблемалар болса да, қазіргі қазақстандық жастардың әлеуметтік хал-ахуалының деңгейі жоғары екенін көрсетті.

Жастар өміріндегі аталған қиындықтарға қарамастан, жастар арасындағы басым көңіл-күйлер белсенділік сезімі, оптимизм және тілектестік болып табылады.

Жастар, өз ойларынша, мемлекет тарапынан аса назар аударуды қажет ететін, сәйкесінше, мемлекеттік жастар саясаты бағдарламаларында көрсетілуі тиіс бірқатар салаларды бөліп көрсетеді. Бұл, ең алдымен, жастарды жұмысқа орналастыру саласы, тұрғын үй саласы, сапалы және қолжетімді білім беру проблемасы.

Қазақстан жастарының елдегі болып жатқан саяси және экономикалық оқиғаларға қызығушылық таныту деңгейі төмен болса да, олардың әлеуметтік белсенділігінің дәрежесін жоғары деуге болады. Бәрінен бұрын, бұл әлеуметтік желілердегі белсенділікке қатысты.

Жалпы алғанда, Астана жастары мемлекеттің жастар саясатына қанағаттанады, Қазақстан жастарының едәуір бөлігі мемлекеттің жастарды қолдау мәселелеріне көңіл бөлу дәрежесін жеткілікті деп бағалайды. Дегенмен де, жастар солардың салдарынан жастар саясаты аса тиімді болмай қалатын бірқатар себептерді бөліп көрсетеді. Соның ішінде: саясаттың негізгі проблемаларды назардан тыс қалдырып, мардымсыз проблемаларды шешуге бағытталуы; жастармен жұмыс жасайтын мемлекеттік ұйымдар мен жастар ұйымдарының арасында өзара іс-қимылдың болмауы; жастар саясатын іске асыратын мамандардың нашар біліктілігі.

Деректерді талдау нәтижелері бойынша қалыптастырылған негізгі ұсыным мемлекеттік жастар саясатының шеңберінде іске асырылатын жұмысты сапалы ақпараттық қолдауды жүргізу қажеттілігі туралы нұсқау болып табылады, себебі жастар, жалпы алғанда, бағдарламалар мен жобаларға қатысуға дайындықтың жоғары деңгейін көрсетеді, бірақ көбінесе олардың бары жайлы білмейді және қайда жүгінуге болатынынан бейхабар.

Жастар бағдарламалары саласындағы ақпараттық саясатты оңтайландыру мақсатында, БАҚ-та белсенді жастың бейнесін көрсетіп, дәріптеу арқылы, БАҚ-та жастар ұйымдарының қызметін, олар өткізетін іс-шараларды кеңінен түсіндіру ұсынылады. Бұл ретте жастардың жас ерекшелігіне, қарым-қатынас тіліне, ұлтына, жұмыспен қамтылу деңгейіне, дүниеге деген көзқарасына және т.б. қарай әртүрлі әлеуметтік санаттарына жақсы жағынан ықпал ету үшін, ақпараттық өнімді әртараптандыру мүмкіндігіне назар аудару қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мемлекеттік жастар саясатының жай-күйі: қажеттіліктер және әлеуметтік практикалар / О.В. Калдыбаева, Р.Р. Аюпова – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2017. – 108 б.
2. Жастар арасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерделеу (2017 жылдың екінші жартыжылдығы) / А.Г. Құсманова, Р.Р. Аюпова, Ә.С. Қайдарова, З.Т. Алинова – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2017. – 93 б.

ҒТАМР
06.61.53

АСТАНАҒА 20 ЖЫЛ: НЕГІЗГІ ТРЕНДТЕР

Күндызбек Әбдрәсілов

Астана қаласы әкімдігінің

Статистика департаментінің басшысы

Аңдатпа. Мақалада жиырма жылдық кезеңде Астана қаласында орын алған негізгі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қарастырылған. Осы секторға талдау табиғи өсімнің және халықтың тығыздығы көрсеткіштерін, білім беру және медициналық мекемелердің санының динамикасын, жұмыспен қамту деңгейін, бөлшек сауда, қаланың өнеркәсіп, инвестиция және басқа да қызмет бағыттарының көрсеткіштерін қамтыды.

Түйін сөздер: халық, қаржы, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, білім беру, сауда, бизнес, туризм.

Кундусбек Абдрасилов

АСТАНАНЕ 20 ЛЕТ: ОСНОВНЫЕ ТРЕНДЫ

Аннотация. В настоящей статье рассматриваются основные социально-экономические изменения, произошедшие в г. Астане за двадцатилетний период. Анализ данной сферы включает показатели естественного прироста и плотности населения, динамику численности образовательных и медицинских учреждений, уровень занятости населения, объем розничной торговли, промышленность города, инвестиционную активность и другие области.

Ключевые слова: население, финансовое хозяйство, промышленность, здравоохранение, образование, торговля, бизнес, туризм.

Kundyzbek Abdrassilov

ASTANA IN 20 YEARS: KEY TRENDS

Abstract. The main social and economic changes, occurred in the city of Astana over the period of twenty years are considered in this article. The analysis of such sphere includes indicators of natural increase and population density, dynamics of a number of educational and medical institutions, occupational level, retail volume, industry of the city, investment activity and other spheres.

Key words: population, financial economy, industry, healthcare, education, trade, business, tourism.

**«2018 жыл - елордамыз Астананың
20 жылдығын атап өтетін мерейтойлы жыл.
Бас қаламыздың қалыптасуы және
Еуразияның маңызды даму
орталықтарының қатарына қосылуы –
баршамыздың ортақ мақтанышымыз».**
*Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
«Төртінші өнеркәсіптік революция
жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»
Жолдауынан.*

2018 жылғы 10 қаңтар

Астана салыстырмалы түрде жас елорда, оның қазіргі мәртебесі Қазақстанның өсуі және дамуы үшін зор мүмкіндіктерге есік ашады.

Қала өсіп, оның халқының саны да күн санап артып келеді. Алдын ала деректерге сәйкес халықтың табиғи өсімі 2017 жылы елордада 24249 адам құраған, бұл 1998 жылғыдан 72,6 есе артық. Соңғы 20 жылда қала халқының саны 300,5 мың адамнан 2018 жылдың басындағы 1030,6 мың адамға дейін өсті (730,1 мың адамға өсім), елорда халқының тығыздығы 1 шаршы метрге 1289,8 адам құрады. Ер адамдар саны 1,5 пайыздық тармаққа артты (1998 жылғы 46,6%-дан 2017 жылғы 48,1%-ға) және 2018 жылдың басына 495945 адам құрады. Әйелдер үлесі 53,4% -дан 51,9%-ға өзгерді.



1 - сурет. 1998-2017 жж. кезеңдегі халық саны [1]

Халық санының артуымен қатар, біртіндеп білім беру, денсаулық сақтау мекемелерінің шеңбері кеңейеді, оқытушы және медициналық кадрлар саны артады. 2017 жылы қалада 328 мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс жасаған (мини-орталықтарды қоса), бұл 1998 жылғы деңгейден 6,8 есе артық, бұл ретте тәрбиеленушілер саны 5,5 есе артып 52998 балаға жеткен.

Елбасы қаланың жас буынына үнемі назар аударуда. Осыған байланысты, соңғы 20 жылда мектептер саны 57 бірлікке ұлғайып, 105 бірлік құрады. Елбасының тапсырмасын орындау шеңберінде бүгінде қалада «Тұңғыш Президент атындағы физика-математикалық бағыттағы зияткерлік мектеп» және «Астана қаласының Назарбаев мектебі» жұмыс жасайды. Бұл мектептер дарынды балаларға арналып құрылған.

ЖОО-дағы студенттердің жалпы саны оң динамиканы көрсетеді, бұл жоғары білім мәртебесінің беделі мен маңыздылығын айғақтайды.

2017/2018 жылдың басында 14 жоғары оқу орны жұмыс жасады. Ағымдағы жылдағы студенттер саны 1998/1999 жылғы оқу жылымен салыстырғанда 3,1 есеге артты (52369 адам).

Астана – шағын және орта бизнесті дамыту үшін платформа болып табылады. Қалада 1998 жылдан бастап 2018 жылға дейін тіркелген заңды тұлға саны 10,7 есеге дейін артты (5782-ден 61781 бірлікке дейін, оның ішінде мемлекеттік меншік нысаны барлар - 756, жеке - 57477 және шетелдік - 3548).

Елордадағы жұмыспен қамтылған (жұмыс жасайтын) халықтың саны 2017 жылдың қаңтар-желтоқсанында 282,9 мың адам құрады (1998 жылы - 142,8 мың адам), 20 жыл ішінде жұмыссыздық деңгейі 8,4 пайыздық тармаққа төмендеді (13%-дан 4,6%-ға дейін).

20 жыл ішінде Астанада кәсіпорындар, ұйымдар және қала халқы 5228,6 млрд. теңге негізгі қаражатты іске енгізді. Жалпы алаңы 19945,1 мың шаршы метр алаң пайдалануға берілді, осы кезеңде өсу қарқыны 16,9 есе дерлік ұлғайды. Жалпы білім беру мектептері жыл сайын дерлік енгізіліп, олармен қатар 48 мыңнан астам оқушы орны енгізілді. Барлық білім беру деңгейіндегі оқушылар саны 20 жылдың ішінде 3,3 есе артқанын ескерсек, бұның аса маңызды көрсеткіш екенін түсінуге болады (1998 жылы - 68,3 мың оқушы, 2017 жылы - 228,3 мың оқушы).



2 - сурет. 1998-2017 жж. аралығындағы кезеңде пайдалануға берілген тұрғын үй ғимараттары санының динамикасы [1]

Астана — жоғары Қазақстанның экономикалық және жан-жақты даму қарқынының үлгісі. Үлкен бастапқы шығындарды қажет етпейтіндіктен және салымдардың тез қайтарымдылығын қамтамасыз ететіндіктен сауда алдыңғы жылдардағыдай Астана кәсіпорындары үшін ең дәстүрлі сала болып отыр.

«Сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» экономикалық қызмет түрі елорданың шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін неғұрлым тартымды болып табылады және Астана қаласы бойынша тіркелген кәсіпорындардың жалпы

санында 2017 жылы 29,6%-ды алды, бұл заңды тұлғалардың 1998 жылғы 2,3 мың санымен салыстырғанда 18,3 мың санын құрайды.

Алдын ала деректер бойынша 1998 жылмен салыстырғанда бөлшек сауда көлемі 18,1 есеге артып, 2017 жылы 1033432,1 млн. теңгені құрады, бұл жан басына шаққандағы тауар айналымының айтарлықтай өсуіне себеп болған, егер 1998 жылы ол 40,4 мың теңге құраса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 1000,9 мың теңгеге жеткен.

Мемлекеттік емес сауда айналымы есебінен бөлшек сауда айналымы қалыптасқан. 2017 жылы бұл сектор 100% құрады (1998 жылғы 12,3 млн.теңгеге қарағанда 1033432,1 млн.теңге).

1998 жылғы 46,9%-бен салыстырғанда 2017 жылғы тауар айналымы жалпы көлемінің 25,6%-н жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғалардың базарларда сатқан тауарлары алады. Базарлардағы сауданың баға тартымдылығына қарамастан, сатып алушылардың тауарларды стационарлық сауда кәсіпорындарынан сатып алуға бет бұра бастағанын байқауға болады, өйткені дәл осы орындарда базарларға қарағанда қызмет көрсетудің тиісті деңгейін және өткізілетін тауарлардың сапасын қамтамасыз ету үшін жағдай жасалған. Ресми түрде тіркелген кәсіпорындардың бөлшек тауар айналымының көлемі 2017 жылы 769252,5 млн.теңге құрады (бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінен 74,4%), бұл 1998 жылдың деңгейінен 17,7 есе артық.


Астананың сауда желісі ірі сауда орталықтары, супермаркеттер, заманауи кафе және мейрамханалар түрінде ұсынылған. «Евразия», «Әлем», «Sine Tempore», «Рамстор», «Сарыарқа», «Астықжан», «Mega Silk Way», «Metro», «Керуен», «Magnum Cash&Carry», «Анвар», «Аружан», «Хан Шатыр», «Small» және т.б. сияқты белгілі сауда орталықтарына көпшілік таңдау жасайды.

2011 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер арасындағы өзара сауда статистикасы бойынша деректер қорын жинауды ұйымдастырған. Алдын ала деректер бойынша 2017 жылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен сыртқы сауда айналымы 1565,2 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2011 жылдың көлемінен 5,2%-ға жоғары.

Алдыңғы жылдары қол жеткізілген өнеркәсіптік өнім, инвестиция, тауар айналымы көлемінің және басқа да экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өсімі бойынша үрдіс тұрақты күйінде қалып отыр.

Алдын ала деректер бойынша 1998-2017 жж. өнеркәсіптік өнім көлемі 5,1 есе артты, негізгі капиталға құйылатын инвестициялар көлемі - 7,4 есе, құрылыс материалдарының көлемі - 10 есе, тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру - 13,9 есе, бөлшек сауда көлемі - 18,1 есе артты.

Қала өнеркәсібі негізінен өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары ретінде ұсынылған, 1998 жылы осы сала кәсіпорындарының үлесіне 46,5% тиген еді, ал 2017 жылдың қаңтар-желтоқсанында ол өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлемінің 84,8%-н алды. Өткен 20 жыл бойынша өңдеу өнеркәсібінің құрылымында машина жасау өндірісі үлесінің 6,8% -дан 19,7%-ға (дизельдік локомотивтер, темір жол жолаушылар вагондары, электровоздар, сұйықтықтарды айдау үшін орталықтан тепкіш сорғылар, компрессорлар және т.б. өндірісі игерілді), өзге металл емес минерал өнім өндірісінің 7,9%-дан 11,8%-ға (негізінен бетоннан, тауарлық бетоннан және құрғақ құрылыс қоспаларынан жасалатын құрылыс бұйымдарының өндірісі), резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің 2,1% -дан 4,8%-ға айтарлықтай өскенін көруге болады. Астанада 2014 жылдан бері негізгі асыл және түсті металдар өндірісі басталды. 2017 жылы бұл өндіріс көлемі өңдеу өнеркәсібінің жалпы көлемінен 45,3% құрады.




3 - сурет. Өнеркәсіп құрылымындағы 1998 ж. мен 2017 ж. салыстырмалы көрсеткіштері [1]

Қолданыстағы бағалармен тағам өнімдерінің өндіріс көлемі 20 жыл ішінде 4,7 млрд.теңгеден 30,6 млрд.теңгеге дейін ұлғайды (40,7%-ға).

Астанада экономиканың түрлі секторларына инвестицияларды белсенді тарттыру жүзеге асырылады, алдын ала деректер бойынша өткен 20 жыл ішінде олардың көлемі 7944,7 млрд. теңге құрады.

Қала экономикасына инвестицияларды тартуға септігін тигізетін экономикалық ынтмақтастықтың бір түрі шетелдік фирмалармен бірлескен кәсіпорындардың қызметі болып табылады. Астана тәжірибесінде құрылысқа қаражат салумен бірге, оның ішінде грант бойынша технологияларды берудің түрлі нысандары жүзеге асырылды (балалар ауруханаларына, перзентханаларға арналған медициналық жабдықтар, халыққа жедел және қауырт көмек көрсетуге арналған автокөлік). Өткен жылдар ішінде шетелдік инвесторлар Халықаралық әуежай, Ислам мәдениет орталығы, «Хазрет Сұлтан» мешіті, Ұлттық кітапхана, дипломатиялық қалашық объектілері, «Хан-шатыр» сауда ойын-сауық орталығы, «Абу Даби Плаза» көп функцияналды кешені, «HIGHVILL» тұрғын-үй («ақылды үй») кешендері және т.б сияқты маңызды объектілердің құрылысына айтарлықтай капитал салымдарын салды.

2017 жылы Астанада негізгі капиталға құйылған инвестициялар көлемі алдын ала деректер бойынша 944,6 млрд. теңгеге жетіп, 1998 жылдың деңгейінен 7,4 еседен артты. Осы кезең ішінде жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар ең үлкен көлемді игерді. Егер 1998 жылы олардың үлесі 22,6% құраса, 2017 жылы 57,9%-ға дейін жетті. Сонымен қатар, мемлекеттік меншік нысанындағы және басқа мемлекеттер кәсіпорындары мен олардың заңды тұлғаларының және азаматтарының негізгі капиталға құйылған инвестицияларды игеруінің айтарлықтай төмендегенін байқауға болады.



4 - сурет. 2017 ж. негізгі капиталға құйылатын инвестицияларды игеру үлесі [1]

Қаржыландыру көздері бойынша қала инвестицияларының жалпы көлеміндегі бюджеттік қаражаттар үлесі 1998 жылғы 67,8%-дан 2017 жылы 21,3%-ға дейін төмендеді, ал кәсіпорындар мен ұйымдардың өзіндік қаражаттарының үлесі 19,6%-дан 68,8%-ға дейін ұлғайды. 2017 жылы бюджеттік қаражат есебінен қаржыландырылатын негізгі капиталға құйылатын инвестициялар көлемі 200,9 млрд. теңге құрады.

Қала географиялық тұрғыда негізгі жүк тасымалдары Оңтүстік және Орталық Қазақстанның, Батыс Сібір мен Оралдың, Поволжье және Орталық Ресейдің экономикалық байланыстарымен анықталатын жерде орналасқан. Бүгінде Астана – ең басты көлік бағыттарын, республикалық автомобиль және темір жол жолдарын және әуе жолдарын байланыстыратын ірі көлік торабы.

Автокөлік құралдарының жүк айналымы 1998 жылғы 24,2 млн.ткм салыстырғанда 2017 жылы 9040,3 млн.ткм құраған. Қала көліктері (жүк автокөліктері бар және коммерциялық тасымалдаумен айналысатын жеке тұлғалардың және көліктік емес ұйымдардың жүктерді тасымалдау көлемін бағалауды ескере отырып) 1998 жылы 0,7 млн.тонна, ал 2017 жылы -151,6 млн.тонна тасымалдаған.

Қаланың автомобиль көлігінің тасымалы, жеке кәсіпкерлердің тасымалдарын қоса, 1998 жылғы 39,7 млн. адаммен салыстырғанда, 2017 жылы 2528,4 млн.адамды құраған, бұл ретте жолаушылар айналымы 1998 жылы 499,2 млн.пкм салыстырғанда 2017 жылғы 19131,7млн.пкм құраған.

Қаланың байланыс кәсіпорындары көрсеткен қызметтер көлемі 1999 жылғы 132,4 млн.теңгеге қарағанда 2017 жыл бойынша 116823,9 млн.теңге құраған. 2017 жыл бойынша байланыс қызметтерінен түскен кіріс құрылымында мобильді байланыс 38%, интернет - 34,1%, қалааралық, халықаралық байланыс түрлері - 1,3%, жергілікті телефон байланысы - 2,4%, өзге де байланыс түрлері - 24,2% құраған.



5 - сурет. Байланыс қызметтері бойынша 2017 ж. кіріс құрылымы [2]

Халықтың жергілікті желіде тіркелген байланыс желілерінің саны 2018 жылғы 1 қаңтарда 248,5 мың бірлік (1999 жылы - 65,8 мың бірлік) құрады. Цифрлық телефондық станцияларға 324,7 мың желі қосылған.

Пошта және курьерлік қызметтен кәсіпорындардың түсірген пайдасы 1999 жылы 1,0 млн.теңге құраса, 2017 жылы - 2350,8 млн. теңге құраған.

Заманауи, әрі жас елорданың дамыған инфрақұрылымы, көз тартарлық келбеті, туристік қызметі, мәдени өмірі қала қонақтары мен тұрғындарының үнемі басты назарында. Бұл жайтты қалаға деген өсіп отырған қызығушылық айғақтайды. Қалада 46 мәдени және тарихи ескерткіштер бар (34 – қала құрылысы және сәулет ескерткіші, 12 – археологиялық ескерткіштер).

Қалада 6 театр, 23 кітапхана (білім беру мекемелерінің жанындағы кітапханаларды қоспағанда), 7 мұражай, 1 цирк, 7 кинотеатр, 5 концерт ұйымдары, өнер академиясы, 2 мәдениет мектебі, 3 балалар музыкалық мектебі, балаларға арналған 3 музыкалық мектеп, Қазақ ұлттық хореография академиясы жұмыс жасайды. 2017 жылы Астана қаласында 218 қонақ үй жұмыс істеді (жеке кәсіпкерлерді қоса), олардың ішіндегі ең ірілері - «Rixos Президент Отель», «Radisson Sas», «Soluxe hotel Astana», «Ramada Plaza Astana», «Astana Marriott Hotel», «TheRitz-Carlton Astana», «Дипломат», «Hilton Garden Inn», «Ibis Astana», «King hotel», «Гранд Парк Есиль», «Комфорт Отель Астана», «Думан» және т.б. қонақүйлер. Мысалы, 2000 жылы қалада 18 қонақүй тіркелген (жеке кәсіпкерлер қызметтерін қоса). 2017 жылы қала қонақүйлері 989,2 мың келушіге қызмет көрсеткен.

Астана – әлем қаласы, елорданың тұрақты дамуы, елорда нарығында қызмет етуге отандық кәсіпкерлерге жоғары уәждеме бола отырып, оның Қазақстан Республикасының саяси, іскерлік және мәдени орталығы ретіндегі мәртебесін нығайтуға, қаланың дамуының қарқынын арттыруға септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. www.stat.gov.kz/astana/ Динамика основных социально-экономических показателей, журнал «Социально-экономическое развитие» за декабрь 2017 года.
2. www.stat.gov.kz/astana/ Официальная статистическая информация/ Оперативные данные (экспресс информация, бюллетени)/ Статистика связи.

FTAMP
67.07.11

Сара Садықова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Сәулет» кафедрасының меңгерушісі, профессор*

АСТАНАНЫҢ ЖАҢА СӘУЛЕТІНІҢ СТИЛЬДІК БАҒЫТТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның жас елордасы Астана қаласының заманауи сәулеті жаңғыруының өзекті мәселелері оның стильдік бағытының дамуы мәнісінде қарастырылады. Стильдер трансформациясының үдерісі, олардың ескі және жаңа айқындаулары нақты мысалдарда көрсетілген. Астананың соңғы 20 жылдағы сәулеті зерттеліп, нысандардың сәулеттік сипаттамалары, қалыптасқан стильдер, олардың жаңа және ескі көріністері анықталған. Астаналық мегаполистің жаңа сәулетіне әлемдік архитектуралық стилистиканың өзара әрекеттесуі мен ықпалы тұрғысынан оның әртүрлі аспектілері көрсетілген. Астананың сәулет өнеріндегі ұлттық идентификацияны дамытудың қазіргі заманғы үдерістері айқындалған. Сонымен қатар, мақаланың қорытындысында мақаланың зерттеу бөлігінің негізгі тұжырымдамалары мен Қазақстан елордасы сәулетінің стильдік және сәулеттік-көркемдік дамуының бағыттары көрсетілген.

Түйін сөздер. *Сәулет, сәулеттік-көркемдік, сәулеттік кейін, ғимараттар мен құрылыстар, тұрғын кешендер, стильдік бағыт, трансформация, неоклассика, сәулеттің ұлттық ерекшеліктері, нысан қалыптасу.*

Сара Садыкова

ФОРМИРОВАНИЕ СТИЛЕВОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ НОВОЙ АРХИТЕКТУРЫ АСТАНЫ

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы становления современной архитектуры молодой столицы Казахстана г. Астаны в контексте развития ее стилиевой направленности.

На конкретных примерах показан процесс трансформации стилей, их старые и новые проявления. Исследована архитектура Астаны за последние 20 лет, показана архитектурная характеристика объектов, выявлены сложившиеся стили, их старые и новые проявления. Показаны различные аспекты мировой архитектурной стилистики, с точки зрения ее влияния и взаимопроникновения на новую архитектуру столичного мегаполиса. Выявлены современные процессы развития национальной идентичности в архитектуре Астаны. Вместе с этим, в заключении статьи сделаны основные выводы исследовательской части статьи и даются основные направления дальнейшего развития архитектурно-художественного и стилиевого развития архитектуры столицы Казахстана.

Ключевые слова. *Архитектура, архитектурно-художественный, архитектурный образ, здания и сооружения, жилые комплексы, стилиевая направленность, трансформация, неоклассика, национальные черты архитектуры, формообразование.*

Sara Sadykova

FORMATION OF THE STYLE ORIENTATION OF THE NEW ARCHITECTURE OF ASTANA

Abstract. The article deals with topical issues of the modern architecture formation of the young capital of Kazakhstan, Astana city, within the context of the development of its style orientation. In the course of a consistent presentation of the development of styles in the architecture of new buildings and structures of Astana, its diverse manifestations have been revealed. Specific examples show the process of styles transformation, their old and new manifestations. The architecture of Astana over the past 20 years are explored, the architectural characteristics of objects are shown, the established styles, their old and new manifestations are revealed. Various aspects of world architectural stylistics are shown, from the point of view of its convergence and influence on the new architecture of the metropolis. The modern processes of development of national identity in the architecture of Astana are revealed. Along with this, the main conclusions of the research part of the article are made in the conclusion of the article and the main directions of further development of architecture, art and style development of the architecture of the capital of Kazakhstan are given.

Key words. *Architecture, architecture-artistic, architectural image, buildings and structures, residential complexes, style orientation, transformation, neoclassicism, national architectural features, shaping.*

Бүгінгі таңда Қазақстан елордасы әлемдегі ең көрнекті, әрі қарқынды дамып келе жатқан әлем астаналардың бірі. 20 жыл ішінде Астана шет аймақтан қайталанбас заманауи сәулеті бар әсем қалаға айналды. ХХІ ғасырдың басында Астананың сәулеті заманауи стильдік шешімдердің әр алуандығымен ұсынылды, өйткені жалпы сәулет бейнесін қалыптастыру үшін көптеген танымал қазақстандық және шетелдік сәулетшілер жұмыс жасады. Олардың арасында, Астананың бас жоспарының авторы, бүкіл әлемге танымал жапон сәулетшісі Кисе Курокава, Қазақстанның жас астанасындағы көптеген теңдессіз құрылыстардың авторлары – ағылшын сәулетшісі сэр Норман Фостер және итальян сәулетшісі Манфреди Николлетти сияқты әлемдік сәулет элитасының өкілдері бар. Астана сәулетінің дамуына қазақстандық сәулетшілер Монтахаев К., Тоқаев Н.С., Рустамбеков А.И., Рустамбеков С.И., Матайбеков Ш., ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жамболатов С.С., Тоскин В.Ф., Тортай Б.С. және тағы да басқалары зор үлес қосты, олардың арасында көптеген жас сәулетшілер де бар.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі кезеңінде салынған Астананың заманауи ғимараттары мен құрылыстарын зерттеу көптеген сәулет шешімдері мен стильдерін анықтады, олар бір-бірімен үйлесіп, астаналық мегаполистің жаңа бейнесін қалыптастырады. Астанадағы жаңа ғимараттардың сәулеттік стилі дәстүрлі неоклассикадан деконструктивизм, хай-тек, био-тека және т.с.с. ең заманауи бағыттарына дейін берілген.

Қазақстанның жас елордасының сәулеттік кейпін қалыптастырудың бастапқы кезеңінде сәулетшілер модерн ағынына көбірек жүгінді, осылайша, қалаға ультра заманауи нышан берілді. Осы кезеңде жаңа қоғамдық, сонымен бірге тұрғын ғимараттардың көпшілігіне интернационалдық модернизм белгілері тән болды. Ғимараттар мен құрылыстардың стильдік шешіміндегі осы тәсілдің айқын мысалы - «Солтүстік шұғыласы», «Сулы-жасыл бульвар», «Асыл тас» әкімшілік-тұрғын үй кешендері, ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің биік ғимараты және т.с.с.

Осы барлық металл-шыны құрылыстардың сәулетінде модернизмнің, өткен ғасырдың 60-шы жылдарындағы танымал сәулет ағымының қағидаттары іске асырылған, оны көрнекті өкілі - американдық сәулетші Мис ван дер Роэ. Оны минимализмнің негізін қалаушы, әрі әлемдік модернизмнің ең көрнекті өкілдерінің бірі деп атайды. Мис ван дер Роэ сүйікті материалдары металл мен шыны болатын, олар сәулетшінің қызығушылығына, жаңа сәулеттің заманауи идеясы мен технологиясын көрсетуге сай келеді, сондықтан оның болат пен шыныдан салынған зәулім ғимараттары «Шыны зәулім үй», ал оның үлгісінде және оған ұқсас салынған ғимараттар «Мис стиліндегі құрылыстар» деп аталды. Жоғарыда келтірілген кешендердің мысалында Астананың жаңа сәулет нысандарының стильдік нысан қалыптасу мәселесін зерттей келе, ХХІ ғасырдың 60-шы жылдарындағы модернизммен салыстыру қисынды (1-сурет).



«Солтүстік шұғыласы» әкімшілік-тұрғын үй кешені, Астана қ., 2008 ж.



«Сулы-жасыл бульвар» әкімшілік-тұрғын үй кешені, Астана қ.



Көлік және коммуникация министрлігінің ғимараты, Астана қ., 2003 ж.



«Асыл тас» әкімшілік-іскерлік кешені, Астана қ.

1 - сурет. Астана қ. ХХ ғ. басында - ХХІ ғ. соңындағы «модернизм» стиліндегі сәулет нысандарының мысалдары

Бұл әкімшілік-тұрғын үй кешендерінің металл-шыны көлемінде композициялық және стильдік шешімдердің сәнді ықшамдылығында, сондай-ақ осы құрылыстарды салу кезіндегі құрылыс шеберлігі ретінде көрініс тапты.

Алайда, Астананың жаңа сәулеті бойынша көптеген материалдарда осы ғимараттардың («Солтүстік шұғыласы», «Сулы-жасыл бульвар», «Асыл тас орамы» тұрғын үй кешендері туралы айтылып отыр) стилін хай-тек деп сипаттайды, бірақ сәулет-көркемдік кейпі жағынан емес, заманауи құрылыс материалдары мен технологияларды пайдалану тұрғысынан дәлелді болуы мүмкін. Сонымен қатар, осы кешендердің сәулеттік-көркемдік кейпінің қарапайымдылығы мен ықшамдылығы олардың стильдік бағытын «минимализм» деп айтуға негіз береді, оның да негізін қалаушы Мис ван дер Роэ деп саналады. Осы бағытта, Астананың көрсетілген әкімшілік-тұрғын үй кешендерінің «минимализмін» өткен ғасырдың 60-шы жылдарындағы Мис ван дер Роэның ең танымал құрылыстарының бірі – Нью-Йорктегі «Сигрэм билдинг» компаниясының кеңсе ғимаратымен салыстыруға болады. Бұл құрылыстардың барлығы материалдардың кемшіліксіз сапасы мен декорды алмастыратын мінсіз жасалған бөлшектері біріктіреді (2-сурет). Осылайша, көріп отырғанымыздай, Астананың жаңа сәулетінің стильдік бағыттарының қалыптасуы қарапайым, бір жақты процесс емес.



«Сигрэм-билдинг», Нью-Йорк, АҚШ, 1958 ж.



«Солтүстік шұғыласы», Астана қ., Қазақстан, 2008 ж.

2 - сурет. Астананың жаңа сәулетінің стильдік сипаттамаларының салыстырмалы талдауы

Уақыт өте келе, көптеген отандық және шетелдік сәулетшілер қазақстандық заманауи сәулеттің қалыптасу мәселелерін шешу кезінде классикалық сәулет үлгілеріне жүгіне бастады. Бүгінгі таңда «неоклассика» стилі Қазақстанның жас астанасының көптеген қоғамдық және тұрғын үй ғимараттарында көрініс табуда. Қала кеңістігін модерндік сәулет туындыларымен толтырып, сәулетшілер «мәңгілік» классикаға көңіл аударған сияқты. Мысал ретінде соңғы жылдары қазақстандық озық құрылыс салушылары VI Group, БАЗИС-А, Шар-құрылыс, Стройкласс, Otau Group және т.б. көтерген көптеген тұрғын үй және қоғамдық кешендерді келтіруге болады.

Жас елорда қалыптаса бастаған жылдардағы Астананың ғимараттары мен құрылыстарын зерттеу «неоклассикалық» сәулеттің үлгілерін, белгілерін анықтады. Оның алғашқы үлгілерінің бірі «Нұрсая» тұрғын үй кешені болып табылады: ол қазір «Нұрлы Жол» деп аталған Сулы-Жасыл бульвар ғимараты кешенінің құрамында салынған. «Нұрсая» ТК сәулетінде классикалық сәулетке тән көптеген элементтер: колонналар, пилястр, сәндік белдеулер қолданылған. Осы кезеңде «Қазмұнайгаз» компаниясы ғимаратының кешені де салынды, ол Нұрлы Жол бульварының негізгі осінен дөңгелек алаңды құрайды. Бүгінгі таңда, «ҚазМұнайГаз» компаниясының кешені Астанадағы ең танымал және зәулім ғимараттардың бірі. Бұл құрылысты заманауи «неоклассика» мысалына жатқызуға болады. Жалпы көлемдік-кеңістік және стильдік шешімінен заманауи классицизмнің белгілері байқалады. Жаяу жүргіншілер эспланадасының үстіндегі зәулім арка классикалық сәулеттің тарихи бейнелеріне, мысалы Санкт-Петербургтегі Қысқы сарайдың бас кіру қақпасының аркасына тән кескінделген.

Бұл мысалдар, әрине, таза классикалық сәулеттің нышандары емес, «неоклассика» деп аталатын заманауи көрінісі. Осылайша, Астананың «неоклассикалық» сәулетінің заманауи кейпі бейнені стильдеумен, жиынтықтаумен, интерпретациялаумен, сондай-ақ ең заманауи әрлеу материалдарын пайдаланумен қалыптасты.

Астананың сәулеттік кейпін қалыптастыруда неоклассикалық тәсілдің кейінгі үлгілеріне VI Group және Базис-А компаниялары салған «Милан», «Париж», «Англия» және «Италия» орамдары деп аталатын белгілі тұрғын үй кешендері жатады. Осы ғимараттардың сәулеттік кейпін зерттеу «неоклассикалық» стильді дамытуда оң өзгеріс көрсетті.

Қазіргі уақытта, бұл осы стильдің анағұрлым көркемдік-дамыған үлгілері – ғимараттың барлық сәулеттік элементтерін жетілдіруде мұқияттылық пен ыждағаттылық байқалады (3-сурет).


Мысалы, Милан орамында көне заман кезеңіндегі классикалық сәулеттің барлық элементтерін пайдаланғаны байқалады. Бұл, әсіресе, кешеннің тұрғын үй ғимараттарының тектоникалық құрылымын үш бөлікке бөлуден, сондай-ақ ежелгі грек және ежелгі рим шіркеулеріне тән тәжді фронтондарда көрініс тапқан.



«Нұрсая» тұрғын үй кешені,
Астана қ., 2004 ж.



«Қазмұнайгаз» әкімшілік кешені,
Астана қ., 2003 ж.



«Милан орамы» тұрғын үй
кешені, Астана қ., 2015 ж.



«Париж орамы» тұрғын үй
кешені, Астана қ., 2015 ж.



«Италия орамы» тұрғын үй
кешені, Астана қ., 2015 ж.



«Лондон» тұрғын үй кешені,
Астана қ., 2012 ж.

3 - сурет. Астана қ. тұрғын үй кешендерінің сәулетіндегі «неоклассикалық» стильдің қалыптасу мысалдары, XX ғ. соңы - XXI ғ. басы

Соңғы он жылдықтағы жаңа құрылыстардың арасында ғимараттар мен құрылыстардың көркемдік бейнесінде неоклассикалық эклектикаға көңіл аудару байқалады. Ең көрнекі мысалы Базис-А құрылыс компаниясы 2015 ж. салған «Италия орамы» тұрғын үй кешені болып табылады. Кешеннің қасбеті ренессанс дәуірі мен Италия республикасы заманындағы италиялық сәулетінің классикалық үлгілеріне тән байлық пен сарай салтанатымен ерекшеленеді. Сонымен бірге, кешеннің құрылыстарын зерттеу стильдерді емес, көптеген сәндік элементтерді эклектикалық араластырумен әуестенуді көрсетеді, бұл биік арка ойығы, витраждар, пилястрлар, фронтондар, баспалдық және шағын триумфалды аркалар.

Сонымен қатар, Астананың жаңа сәулетінің қойнауында төл ұлттық сәулетті қалыптастыруға бағытталған жаңа сәулеттік стильдер мен бағыттар қалыптасты. Көптеген сәулетшілер бұл міндетті өз дегенінше, терең дербес тәсілмен шешеді. Астананың сәулет тілін қалыптастыруда ұлттық ерекшелікті іздейтін озық сәулетшілердің бірі Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР Құрметті Сәулетшісі Сағындық Смайылұлы Жамболатов. Салтанатты қақпа алаңының сәулеттік шешімі үшін ҚР сәулет және құрылыс саласындағы Мемлекеттік сыйлығын алды (4-сурет).



Салтанатты қақпа алаңының
кешені, Астана қ., 2017 ж.
(Қақпаның көрінісі)



Салтанатты қақпа алаңындағы
тұрғын үй, Астана қ., 2017 ж.

4 - сурет. Астананың заманауи сәулетін қалыптастыруда ұлттық «неоклассицизмнің» мысалдары

Бұл қазақстандық танымал сәулетшінің және Қазақстанның жаңа елордасының сәулетін қалыптастыру бастауында болған сәулетшілердің бірінің көп жылдық шығармашылық жолының қорытындысы. Соңғы жылдары, тәжірибелі сәулетші және ұлттық дәстүрлерді зерттеуші жаңа қазақстандық сәулеттің заманауи жолдарын ізденіс үстінде. Бұл ізденістердің нәтижесі «Мәңгілік Ел» Салтанатты қақпасы алаңының кешені - заманауи Қазақстанның жаңа белгісі. Бұл жерде ұлттық неоклассика идеясы жүзеге асты, бұл барлық кешенді сәнді безендіруден көрініс тапты. Колонна, арка, пилястра, сәндік белдеу сияқты классикалық пішіндермен қатар, ұлттық «неоклассиканың» жалпы бейнесін жасай отырып, ұлттық сәндік элементтері үйлесімін тапқан. Сонымен қатар, кешенді сәндеудегі жалпы сәулеттік шешімде Салтанатты қақпаға айрықша айбын мен монументтілік беріп тұрған мүсін композициялары қолданылған. Ішінде орналастырылған данагөй ақсақалдың, әйел-ананың, орта ғасырлық батырдың және қазіргі жауынгердің қола мүсіндері кешеннің ұлттық сәйкестігін айқындайды.

Астананың жаңа сәулетін дамытуға әлемдік сәулет шебері Норман Фостер өзінің іске асырылған жобаларымен зор үлесін қосты. Бүгінгі таңда, оның Қазақстанның елордасында салынған нысандары жаңа сәулеттік стилистикасын қалыптастырудың көрнекі мысалдарына айналды. Қазіргі уақытта, Астанада сәулетшінің 3 жобасы жүзеге асырылған, оның ішінде: астананың басты символы – «Бәйтерек» мұнарасы, «Хан шатыр» сауда-ойын сауық кешені, «Бейбітшілік және келісім сарайы» және салынып жатқан «Абу-Даби плаза» зәулім ғимараты.

Осы тұрғыда, ең көрнекі мысал Орталық Азия өңіріндегі ең ірі «Хан шатыр» сауда-ойын-сауық кешені болып табылады.

XXI ғасырда Қазақстан сәулетінің дамуында ультразаманауи үрдістер өркендеп келеді. Мұнда жас, әрі қарқынды дамып жатқан Астана сөзсіз көшбасшы болып табылады. Бүгінгі таңда, Астана - шетелдік пен отандық сәулетшілердің ең асқақ армандар мен футуристік қиялы жүзеге асып жатқан озық құрылыс алаңы. Соңғы он жылдықтағы стильдік бағыттардың бірі «деконструктивизм» болып табылады, ол бүкіл әлемде кеңінен тараған. Қазір осы стиль ағымын Астананың жаңа құрылыстарында пайдалану мысалдары бар. Ең алдыңғы мысалы - Астананың бірінші көп залды кинотеатры, 1999 жылы Иманов көшесінде салынған «Синема сити» (5-сурет).



«Синема сити» кешені,
Астана қ., 1999 ж.



«Қазақстан» концерттік кешенінің
ғимараты, Астана қ., 2009 ж.

5 - сурет. Астананың жаңа сәулетінде «Деконструктивизм» стилінің қалыптасу мысалы

Ғимарат үшкір бұрыштары көп, ассиметриялық және қисық пішінде салынған. «Деконструктивизмнің» ең елеулі мысалы итальяндық сәулетші Манфреди Николлетидің жобасы бойынша салынған «Қазақстан» концерттік кешені болып табылады. «Деконструктивизмнің» осы мысалдары Қазақстан астанасының жалпы сәулет кейпіне жаңалық элементтерін енгізеді.

Ең көрнекі мысалы, әрине, бұл - ЭКСПО-2017 дүниежүзілік көрмесінің супер құрылысының кешені (6-сурет).



ЭКСПО-2017 бас павильоны



ЭКСПО-2017 бас павильонының ішкі
кеңістігінің фрагменті

6 - сурет. Астананың жаңа сәулетін қалыптастыруда хай-тек және био-тек стилінің мысалдары

Дүниежүзілік көрме кешенінің ғимараты мен құрылысын зерттеу кешеннің сәулеттік-стильдік шешіміндегі инновациялық тәсілдерді көрсетеді, мұнда био-тек, сол сияқты бізге белгілі хай-тек сияқты прогрессивтік және тіпті футуристік стильдерді пайдалану басым. Жалпы алғанда, бұл дүниежүзілік көрме кешенінің сәулеттік-көркемдік, сондай-ақ конструктивтік-техникалық шешімінен байқалады. Бұған таңданатыны жоқ, өйткені дүниежүзілік көрмелер негізі қаланғаннан бастап, ең прогрессивті идеялар мен ойларды іске асыру үшін бірегей құрылыс алаңы болып табылады.

Осылайша, Астана қ. жаңа құрылыстары мысалында сәулет пен стиль қалыптасуының заманауи аспектілерін зерттеу келесі қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазақстанның жас астанасының бүгінгі сәулет-стильдік бейнесін қалыптастыратын процесс оңай емес, әрі әлеуметтік-экономикалық, идеялық-образдық, конструктивтік және басқа да аспектілерді қамтитын көптеген факторларға тәуелді. Сонымен бірге, сәулет пен қала құрылысының экологиялық және энергия үнемдеу мәселелері алдыңғы орынға шығады.

2. Қазіргі ғимараттар мен құрылыстардың сәулеттік-көркемдік образы түрлі стильдер мен бағыттарға қарама-қайшы дамып келеді. Олардың арасында дамудың екі бағытын атап өтуге болады, бұл «модернизм» және «неоклассика». Осы негізгі бағыттардың аясында «минимализм», «функционализм», «эkleктика» және ультразаманауи үлгілер – «деконструктивизм», «био-тек», «хай-тек» және т.с.с. түрлі стильдік артықшылықтар анықталды.

3. Қазіргі уақытта заманауи ұлттық сәулеттік ізденіс тұрғысынан Астананың тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарының сәулеттік-көркемдік бейнесін белсенді дамыту жүріп жатыр. Бүгінгі таңда ол ұлттық пішіндер мен декорды енгізу арқылы «неоклассикалық» артықшылық түрінде байқалады. Сонымен бірге, ұлттық нақыш пен пішінді дәлме-дәл емес, олардың заманауи интерпретациясын көрсетуге ұмтылатын сәулетшілер бар.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Блохина, И.В. Архитектура = Всемирная история архитектуры и стилей/ И.В. Блохина. – Москва: АСТ, 2014. – 400 с. :ил.
2. Хопкинс О. Визуальный словарь архитектуры. – СПб.: Питер, 2017. – 168с.: ил.
3. Архитектура / [пер. с англ. Ю. Змеевой; науч. ред. М. Гукетлов; под ред. Э. Денисон ; вст. Ст. Дж. Глэнси]. – М. : РИПОЛ классик, 2014. – 160 с.: ил.
4. Электронный ресурс <https://krisha.kz/complex/show/astana/severnoe-sijanie/>
5. Электронный ресурс http://bazis.kz/our_objects/ready/na_vodnozelenom_bulvare
6. Электронный ресурс <http://astanalife.kz/astana/dostoprimechatelnosti/>
7. Электронный ресурс <https://krisha.kz/complex/show/astana/izumrudnyj-kvartal/>
8. Электронный ресурс <http://archialexeev.ru>
9. Электронный ресурс <https://asl-invest.satu.kz/p29000595-prodam-komn-kvartiru.html>
10. Электронный ресурс <https://vse.kz/topic/687977-prodazha-i-arenda-nedvizhimosti-v-g-astana/page-2>
11. Электронный ресурс https://rus.azattyq.org/a/kazakh_oil_company_transparensy/2324832.html
12. Электронный ресурс <https://myastana.kz/zhkomplex/259>
13. Электронный ресурс <https://krisha.kz/complex/show/astana/italyanskiy-kvartal/11>. http://bazis.kz/our_objects/ready/london
14. Электронный ресурс <https://krisha.kz/complex/show/astana/triumfalnaya-arka/>
15. Электронный ресурс <http://24.kz/ru/news/expo/item/182254-nazvany-dni-naibolshego-naplyva>
16. Электронный ресурс <https://www.buro247.kz/lifestyle/design/samye-neobychnye-natsionalnye-pavilony-ekspo-za-poslednie-5-let.html>

FTAMP
10.17.25

Нұржан Наурызбаев, Серік Тасболатов

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы

Мемлекеттік басқару академиясының

Мемлекеттік саясат ұлттық мектебінің

магистранттары

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҮМІТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ: АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қалыптасу және кәсіби әлеуметтену процесіндегі маңызды механизм ретінде оларды кәсіптік бағалау маңыздылығына қатысты мәселелер қарастырылатын болады.

Түйін сөздер. Мемлекеттік қызмет, бағалау, кадрлық құрам, мемлекеттік саясат.

Нуржан Наурызбаев, Серик Тасбулатов ОТБОР КАНДИДАТОВ НА ГОСУДАРСТВЕННУЮ СЛУЖБУ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. В представленной статье будут рассмотрены вопросы, которые касаются значения профессиональной оценки государственных служащих как важного механизма в процессе их профессионального становления и профессиональной социализации.

Ключевые слова: Государственная служба, оценка, кадровый состав, государственная политика.

Nurzhan Nauryzbayev, Serik Tasbulatov SELECTION OF CANDIDATES FOR STATE SERVICE: PRESENT SITUATION AND PROSPECTS

Abstract. The issues regarding significance of the professional assessment of the state servants as an important tool in the process of their professional development and professional socialization will be considered in this article.

Key words: State service, assessment, professional personnel, state policy.

Кіріспе

Соңғы уақытта біздің елімізде мемлекеттік және қоғамдық өмірдің көптеген салаларында реформалар жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл қажеттілік мемлекеттік басқару саласын да айналып өткен жоқ. Реформаның негізгі міндеті мемлекеттік басқарудың оңтайлы жүйесін құру, өйткені халықтың өмір сүру деңгейін және сапасын арттыру саласындағы қауырт әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу үшін тиімді мемлекеттік билік қажет. Мемлекеттік қызмет мемлекеттің маңызды элементі болып табылады, ал мемлекеттік органдарда қызмет атқаратын тұлғалар мемлекет міндеттері мен қызметтерін атқарады.

Кәсіптік бағалау мемлекеттік қызметші іс-әрекеттерінің «тиімділігі», «өнімділігі», «нәтижелілігі» ұғымдарымен ұштасатын маңызды механизмдердің бірі болып табылады.

Кәсіптік бағалау мемлекеттік қызметші қызметінің тиімділігін қамтамасыз етеді, оған мыналар кіреді: бағалау субъекті; объект; мемлекеттік қызметшілер қызметтерін бағалаудың ғылыми әзірленген критерийлері, яғни жұмыскер қызметі сәйкес келуі тиіс нақты талаптар, оның ішінде жеке қасиеттер және еңбек нәтижелері. Әдебиетте қызметшілердің жұмысын бағалау критерийлеріне қатысты түрлі көзқарастарды кездестіруге болады, дегенмен тәжірибе жүзінде олардың қызметін бағалау бойынша нақты критерийлер, әдістер және рәсімдер әзірге жасалған жоқ (қызметшілер жұмысының көрсеткіштерін есепке алудың өңірлік жүйесін құру олар туралы жинақталған ақпаратты талдауға мүмкіндік береді).

Мемлекеттік қызметке кандидаттарды іріктеу маңыздылығы

Тиімділіктің жалпы ұғынымы қаражатты пайдалану мен мақсатқа қол жеткізу арасындағы ара-қатынасты білдіреді, ол қолда бар құралдар арқылы ең жоғары табысқа немесе ең аз құралдар арқылы белгілі бір табысқа барынша қол жеткізудің экономикалық принципінің мәні болып табылады. Біздің пікірімізше, құралдардың ең аздығы олардың оңтайлылығы сияқты қызмет тиімділігінің өлшемі бола алады. Ресурстың болмауы жалпы елдегі мемлекеттік басқарудың да, сондай-ақ мемлекеттік қызмет кадрларын кәсібилендіру процесінің де ресурстық қамтамасыз етілуіндегі айтарлықтай кемшілік болып табылады. Кадрлармен жұмыс жүргізуде кадрлардың шектеулілігі, мемлекеттік қызметшілерге кәсіптік білім беру (оқыту), еңбек ақы, материалдық ынтыландыру және марапаттау мемлекеттік басқарудың тиімділігінен көптеген жылдар бойына көрініс алып келеді. Әрине, «бағалау» «мемлекеттік қызмет тиімділігі» ұғымының негізгі элементі болып табылады, себебі ол қоғам мен мемлекеттің қызметтік даму деңгейін көрсетеді. Дәл осы себепті бағалау белгілі бір критерийлер бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

Кей кезде басқару іс-әрекеттерінің, шешімдердің қасиетін бұл іс-әрекеттердің қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беру шамасына қарай мемлекеттік қызмет тиімділігі деп атайды. Мемлекеттік қызметтің қандай да бір іс-әрекеттеріне баға беру және олардың тиімділігі ең алдымен бағалау критерийлерімен байланысты болады. Қазірде мемлекеттік қызметпен қатар персоналды бағалау «тиімділік» ұғымының пайдаланылуы салдарынан өте күрделі және мезгілсіз болып табылады. Біздің түсінігімізше, «еңбектің нәтижелілігі», «еңбектің қайтарымдылығы», «ұйым үшін пайдалалық» ұғымдарымен шектесетін іс-әрекеттермен ұштастырылған білікті тәсілді пайдаланған дұрыс.

Жалпы басқару кадрларын кәсіптік бағалау қызметі келесі міндеттерді шешумен байланысты:

а) мемлекеттік органды білікті, сондай-ақ кәсіби тұрғыда жарамды кадрлармен қамтамасыз ету;

б) жұмыскердің еңбектің нәтижелілігін, еңбек қайтарымдылығын арттыру;

в) бағалауды мемлекеттік қызметшіні одан әрі кәсіби өсуге ынталандыратындай етіп барынша әділ және объективті ету. Сондықтан экономикалық, саяси, әлеуметтік және ғылыми-техникалық салалар

бойынша мемлекетіміздің алдында тұрған міндеттерді шешу мемлекеттік басқару деңгейіне айтарлықтай деңгейде байланысты болады. Мемлекеттік басқарудың нәтижелі және сапалы жұмысы, өз кезегінде, мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамына, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне байланысты болады. Бұл олардың біліктілігінің, жинақылығының, белсенділігінің және кәсібилігінің деңгейіне ерекше талаптарды белгілеуге себеп болады. Осыған байланысты, әкімшілік реформалар жүргізудің кез келген кезеңінде мемлекет басшысы мемлекеттік басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды элементтерінің бірі ретінде кадрлық саясатты реформалаудың, кадрлармен жүргізілетін жұмыстардың анағұрлы тиімді әдістерін әзірлеудің қажеттілігін бірнеше мәрте атап көрсетті [1].

Көптеген мемлекеттік қызметшілердің олардың қызмет тиімділігін бағалауға бей-жай көзқарастарын өзгерту үшін тиімділік пен еңбек ақы төлеу арасындағы байланысты заңнамалық тұрғыда бекіту қажет. Ал бұл, өз кезегінде, мемлекеттік органдар қызметінің нақты әкімшілік регламенттерін әзірлеумен және олардың негізінде мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарында қызмет тиімділігінің нақты критерийлері мен көрсеткіштерін белгілеумен байланысты болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің кәсібилілігі оның нақты біліктілігі бар жұмысшы екендігін және оның өзіне жүктелген міндеттерді кәсіби деңгейде орындай алуын білдіреді. Мемлекеттік қызметшінің кәсібилілігі оның лауазымдық міндеттерді сапалы орындауын, мемлекеттік қызметтің тұрақтылығын, күрделі міндеттерді шешуге қабілеттілігі мен мүмкіндігін және өз біліктілігін арттыруға даярлығын қамтамасыз ету үшін белгіленеді.

Мемлекеттік қызметке тұлғаларды іріктеу критерийлерін және олардың қызметін бағалау критерийлерін әзірлеу және ендіру Қазақстанда мемлекеттік кадрлық қызметті қалыптастыруға және іске асыруға септігін тигізуі мүмкін. Кандидаттарды жинау, іріктеу, біліктілігі жоғары және нысаналы мемлекеттік қызметті дамыту және сақтау мемлекеттік қызметтерді тиімді ұсыну үшін аса қажет. Мемлекеттік қызмет үкімет қызметінің қоғам алдындағы беделін арттырумен қатар, басқаларды мемлекеттік қызметке қызықтыратындай мінез-құлық үлгісі болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтің кадрлық әлеуетін қалыптастыру процесіндегі ең маңыздысы нақты регламенттелген қағидалар

және біліктілік талаптарының негізінде ниет білдірушілердің кәсіптік және жеке қасиеттерін объективті және кешенді бағалауды қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік қызметке іріктеу рәсімдерін сақтамау мемлекеттік қызметшілердің кәсібилілігі мен біліктілігінің төмендеуіне, кадрлық құрамның әркелкілігіне әкеліп соғады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл өз кезегінде жұмыскерлердің шешімдерді өз бетінше қабылдай алмауына, ғылыми болжамдау, дау-дамайларды шешу тәсілдерін қолдана алмауына себеп болады.

Мемлекеттік қызметті реформалау жағдайында мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеудің дұрыс таңдалынған тәсілдері ерекше маңызға ие. Бұл тәсілдерге мемлекеттік қызметшінің одан әрі қызметі байланысты болады. Ғалымдар мемлекеттік қызметшінің қызметін бағалау үшін басқа да жолдарды ұсынды. Кадрларды бағалау кезінде олардың кәсібилігімен қатар, іскерлігі де зор маңызды иеленеді. Қызметкерлердің адагершілік сырт келбеті ешқашан назардан тыс қалған емес.

Әңгіме олардың өз ісіне адалдығы, әдептілігі, ең алдымен мемлекеттің және қоғамның мүддесін қорғауы туралы болып отыр. Кейіннен кадрларды бағалау критерийлері кеңейтіліп, оларға: кәсіптік білім; орындалған істің сапасы; жоғары нәтижеге қол жеткізуге ұмтылыс; шешімдер қабылдау қабілеті және оған дайындық; басқалармен жұмыс жасай алу; тіл табысқыштық; кәсіптік этиканы білу; саяси және құқықтық мәдениеттің болуы жатқызылды. Біздің пікірімізше, мемлекеттік органдар персоналын Кәсіптік бағалаудың жаңа, заманауи механизмін құру процесінде мемлекеттік басқарудың жуық арадағы уақытта орталықсыздандырылған сипатқа енетінін, одан әрі азаматтық қоғамға, қауымның, қоғамдық ұйымдардың мүмкіндіктеріне анағұрлым көбірек сүйенетінін ескеру керек. Біздің пікірімізше, кәсіптік бағалаудың жаңа, заманауи механизмі адамның ортақ іске; кәсіпке жеке үлесін, оның мемлекеттік орган үшін пайдалылығын міндетті түрле ескеруі тиіс.



Жұмысшы төрт кіші құрылымнан тұратын динамикалық құрылым ретінде қарастыра отырып, бұның қандай бағалау екенін нақтыламастан, осындай бағалау критерийлерін ұсынуға болады (іріктеу, аттестация, конкурстық іріктеу кезінде) 2-сурет.

1 - сурет. Мемлекеттік қызметшімен келісім жүйесі



2 - сурет. Бағалау критерийлері

Бағалау процесінде әр жұмыскердің оның жеке тұлға ретінде туа біткен және ұжымның басқа мүшелерімен қарым-қатынас жасау барысында алынған психологиялық ерекшеліктерін ескерген дұрыс [2].

Білім	- кәсіптік білім
кәсіптік білім	- кәсіптік ептілік - өз ұстанымын жеткізе алу ептілігі (ауызша, жазбаша) іс-әрекет жасауға дайындығы - бағыныстылардың жұмысын ұйымдастыра алу ептілігі және өзге де
Дағдылар	- кәсіптік дағдылар - ойлаудың жеделдігі; - басқару шешімдерін қабылдау жеделдігі - жағдайларға талдау жасау және өзг. де жеделдігі.
Қабілеттер	- көшбасшылыққа, ынтымақтасуға және келіссөздерге қабілеттілік - білімді жинақтауға және өзін-өзі дамытуға қабілеттілік - кәсіптік тәжірибесін қалпына келтіруге және шығармашылықпен қолдануға қабілеттілік
Мәдениет және жеке қасиеттері	- бастамашылдық, жұмысқа қабілеттілік және төзімділік - жауапкершілік, өз бетіншелік және тәртіптілік - мінез-құлық этикасы, қарым-қатынас жасау стилі;

3 - сурет. Мемлекеттік қызметшінің жұмыс сапасының жалпы критерийлерінің және көрсеткіштерінің тізбесі

Ескерту: бұл жағдайда кәсібилік персоналдың кәсіби даму нәтижесі ретінде ұғынылады, яғни бұл «бейін» мемлекеттік қызметте жұмыс жасап жатқан персоналды кәсіптік бағалау үшін жарамды).

Басқару кадрларын бағалауда адамдардың (сарапшылардың, психологтардың) рәсімнің өзін қолдануға қатысу салдары ретінде субъективтіліктен аулақ болудың оңайға соқпайтынын айта кеткіміз келеді. Бұл деректерді ЭЕМ-ның көмегімен объективтендіруге болатындай көрінгенімен, бұл ретте сапаның айтарлықтай өзгере қоймайтынын ескеру керек, себебі сапаны бағалауды қанша дегенмен адамның жүргізгені дұрыс. Деректер қоймасы ретінде, сұрыптау және формальды рәсімдеу үшін ғана ЭЕМ-н қолдану қажет болуы мүмкін. Сондықтан кадрларды бағалау мәселелерінде ЭЕМ-н қолдану арқылы ақпараттың объективтілігін арттыруға болады деп сенудің қажеті жоқ.

Басқарудың барлық буынындағы басшылардың қызметін бағалау кезінде түрлі әдістер қолданылады, олардың бірі психологиялық қасиетті анықтаудың ерекше құралы – әңгімелесу болып табылады. Шетелдік зерттеулер көрсеткендей, стандартты сұрақтар және жауаптар қолданылатын құрылымдалған сұхбаттар өткізу «материалдың» дәлдігін арттырады.

Кәсіптік	- кәсіптік білім, ептіліктер, қабілеттер, дағдылар сипаттамалары - адам тәжірибесінің, оның біліктілігінің, мемлекеттік қызметшілер еңбегі нәтижелерінің сипаттамалары
Іскерлік	- жинақылық, - жауапкершілік, - бастамашылдық, - тиімділік және өзге де
Адами-психологиялық	- адамның қабілеті, өзін-өзі бағалау қабілеті, - органикалық қасиеттерінің жиынтығы (нерв жүйесінің түрі, темперамент, мінез-құлқы) және басқа да
Интегралдық	- адамға тән басқа қасиеттердің негізінде туындайтын және оның беделі, денсаулық жағдайы, жалпы мәдениеті туралы түсінік беретін сипаттамалар

4 - сурет. Мемлекеттік қызметшілер қызметтерін бағалау критерийлері

Әр қызметкердің қызметі мына тұрғыда бағалануы тиіс: а) ортақ нәтижеге үлес; б) өз жұмысының саласына жауапкершілік; в) әріптестермен сұрақтарды іскерлікпен шешуге даярлық. Көрсетілген қасиеттердің кәсіптік іс-әрекеттер кезінде байқалатынын, әсіресе, уәждемелер, бейімделу, білім, тәрбие және басқаларын ескере отырып, жақсы кәсіптік орта кезінде белгілі бір кәсіптік тәжірибені жинақтау шамасына қарай жетілдіріле түсетінін ескерейік. Мысалы, бастамашылдықтың тек көзге түсу үшін ғана жасалатын, іс жүзінде кәсіби мәні, нәтижесі жоқ болуы, ал сыртқы жинақылықтың, шын мәнінде, өз лауазымдық міндеттерінің шеңберінде жақсы орындаушы бола отырып, мінсіз жұмыс жасайтын жеке тұлғаның енжарлығын, жігерсіздігін боямалауы мүмкін.

Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу бойынша әлемдік тәжірибе

Шет елдерде мемлекеттік қызметке іріктеу түрліше жүргізіледі. Іріктеу жабық (элиталық), міндетті оқыту және біліктілікті арттыру жүйесі қарастырылған (Германия, Франция) және тиімді жұмыс жасай алатын білікті тұлғалар үшін (кәсіби білімге қарамастан) ашық (көпшілікке қол жетімді) (АҚШ, Польша, Ұлыбритания және т.б.) болып табылады.

Жүргізілген зерттеу тағылымдама нәтижесі бойынша мемлекеттік қызметтегі бос лауазымдарды толықтыру зерттелген елдердің бірінде қолданылмайтынын анықтауға мүмкіндік берді. Тағылымдама конкурстық іріктеуден өткен соң мемлекеттік қызметшінің лауазымына сынақ мерзімін белгілеу нысанында қолданылады. Кадрлық резервтен бос лауазымдарды толықтырудың келесі жолы көпшілік елдер үшін қолайлы саналады. Дегенмен осы кадрлық резервке құзыреттілік тәсіліне негізделген конкурстық іріктеуден соң түсуге болатынын айта кету керек.

Конкурстық негізде іріктеу емтихан жүргізуді қарастырады, бұл тәсіл КР, РФ, Украина, Польша, Франция, АҚШ және Ұлыбритания сияқты елдерде жүргізіледі. Әдістің Германияның жалпы құқығына енгізілмегенін айта кету керек. Украинадан басқа әрбір аталған елдің конкурстық комиссиясының құрамына тәуелсіз әділқазылар кіреді (сыртқы өкілдер, мысалы психологтар). Дегенмен, іріктеуді мемлекеттік билік органына тәуелсіз, мемлекеттік қызметке кандидаттарды іріктеумен айналысатын мекеме жүргізеді (Ұлыбритания, КР, АҚШ). Оның негізгі міндеті – мемлекеттік билік органына лауазымдарды қалыптастыратын кәсіби біліктіліктер көрсетілген мемлекеттік қызмет стандарттарының негізінде нақты лауазым үшін ниет білдірушілердің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау.

Кадрларды іріктеу процесінің маңызды бөлігі оларды бағалау болып табылады. Бағалау, сондай-ақ тестілеу жүргізу бойынша әйгілі негізгі кәсіптік ұйымдар: АҚШ-та – Американың психологиялық қауымдастығы (АРА), Тест практикалары бойынша біріккен комитет (JСТР), Канадада - Канадалық психологиялық қауымдастық (СРА), Ұлыбританияда - Британия психологиялық одағы (BPS), сондай-ақ Психологтар қауымдастығының еуропалық федерациясы (EFPA), Халықаралық тестілеу комиссиясы (ITC) бар. олардың қызметі тестілеу бойынша стандарттарды, ұсынымдарды және модельдерді әзірлеуге бағытталған.

Осылайша, шетелдік тәжірибені салыстырмалы талдау евро-атлантикалық өңірдің кейбір елдерінде және Канада, Германия, АҚШ-та мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеудің біліктілік тәсіліне негізделетінін көрсетті. Бұл тәсіл кәсібиліктің жоғары деңгейі бар қызметтік іс-әрекеттің тиімділігі мен нәтижелілігіне негізделген және мемлекеттік билік органдарындағы мемлекеттік қызметке кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттеріне негізделеді. Бұл ретте тұлға мен ол ниет білдірген лауазымның сипаттамаларына ерекше ден қойылады және кандидаттың бос лауазым бейініне кәсіптік біліктілігінің сәйкестігі тексеріледі.

Мемлекеттік билік органдарының кадрлық қызметтерінің мемлекеттік қызметке кандидаттарды іріктеуі кезінде біліктілік тәсілін қолдануы уақыт талабына сәйкес келеді және біздің еліміздің экономикалық серпілісіне және халықаралық қауымдастыққа бірігуіне септігін тигізеді. Алайда, мемлекеттік қызметке ниет білдірушілерді іріктеу кезінде шетелдік біліктілік тәсілін енгізудің дұрыстығына және қажеттілігіне қарамастан, жан-жақты зерттеу және сынаудан кейінгі оңтайлы тәжірибені шығармашылықпен қолдану қажеттілігін атап көрсеткіміз келеді. Біз басқа елдердің дайын модельдері мен феномендерін толық көшіріп алуға қарсымыз, өйткені ұлттық қажеттіліктер мен ерекшеліктерді ескере отырып, отандық кадрлық процестерді дамыту қажеттілігіне байланысты бұның еш нәтижесіз болары анық.

Осылайша, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген мемлекеттік кадрлық саясаттың болуы, кадрлармен жұмыс жасау принциптерін анықтау оны іске асыруға мүмкіндік бере қоймайды. Персоналды бағалаудың басты әдісі ретінде аттестаттау және жыл сайынғы бағалау рәсімдерін атауға болады. олар бірін-бірі жиі қайталайды.

Тәжірибе жүзінде бағалау мен аттестаттаудың әрекет етуші жүйесін мемлекеттік қызметшілер оларға еңбекақы төлеуге және одан әрі қызмет барысына әсер етпейтін жай ғана формальдылық ретінде қабылдайды. Бағалау және аттестаттау нәтижелері, әдетте, мемлекеттік қызметшілерді жұмыстан босату кезінде ескеріледі.

Мемлекеттік қызметшілерге сыйақы, үстеме ақы белгілеу, қызметте көтермелеу, оқыту, біліктілігін арттыру мен оларды жыл сайынғы бағалау және аттестаттау нәтижелерінің арысындағы тікелей байланыс нормативтік-құқықтық актілермен нақты белгіленбеген. Әдістеменің кіріспе бөлігінде бұл туралы

айтылғанымен, нормативтік-құқықтық актілерде ескерілмеген және осы байланысты іске асыру механизмдері жетіспейді.

Бұл мемлекеттік қызметшілер жұмысының төмен сапалылығына, басқару қызметтерінің сапасыз көрсетілуіне, мемлекеттік қызметшілер уәждемелерінің төмендігіне, мемлекеттік қызметтен кадрлардың жоғары деңгейде жылыстауына, мемлекеттік қызметте дау-дамайлардың туындау ықтималдығына әкеліп соғады.

Талдау нәтижесінде мемлекеттік қызметшілерге аттестация жүргізудің қарастырылмауының айтарлықтай кемшілік екені анықталды. Бұл мәселені заңнамалық реттеудің толықтай болмауы нәтижесінде аттестация жүргізу заң нормаларын шығару деңгейінде бұзыла бастаған, бұл мемлекеттік қызметті өткеру процесіндегі аттестацияның рөлін әр түрлі бағалауға негіз болды.

Қазақстанда кандидаттарды мемлекеттік қызметке іріктеу

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилілігінің мәнін, құрылымын және критерийлерін анықтау қажет. Қазіргі кездегі мемлекеттік қызметтің кәсіби іс-әрекетке айналып келе жатқаны мәлім және сол себептен де оны өздеріне жүктелген мемлекеттік қызметті кәсіби деңгейде атқаруға, жаңа әлеуметтік технологияларды енгізуге, инновациялық процестерге септігін тигізуге қабілетті мамандармен толтыру керек. Бұл мемлекеттік қызметшілердің сапасын кәсібилілік критерийлері мен олардың кәсіби және іскерлік қасиеттері негізінде қызметте көтермелеу механизмінің шынайы іске асырылуын қамтамасыз етуге септігін тигізетін бағалау механизмдерін теориялық анықтауды және заңнамалық тұрғыда бекітуді қажет етеді [3].

Мемлекеттік қызметке өтудегі маңызды қажетті элемент ретінде аттестаттау рәсімін заңнамалық деңгейде бекіту мемлекеттік қызмет принциптерінің іс жүзінде сақталуына, мемлекеттік органдар аппаратының кәсіби кадрлық құрамының қалыптасуына, қол жеткізілген жетістіктер, кәсіби және іскерлік қасиеттер негізінде қызметте көтерілу механизмінің іс жүзінде жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Бұл үшін, ең алдымен, мемлекеттік деңгейде (макродеңгейде), сондай-ақ ұжымдарда (микродеңгейде) басшылық кадрмен, барлық басқару персоналымен жұмыстарды ұйымдастырудың нақты жүйесі, кадрларды бос лауазымдарға орналасу үшін іріктеудің, кәсіптік оқытудың және тәрбиелеудің құқықтық және ұйымдық

механизмдері қажет. Екіншіден, бұл жүйе кадрлық саясатты іске асырудың пысықталған технологиялары негізінде және жұмыстың инновациялық тәсілдерін қолдану арқылы құрылып, әрекет етуі тиіс. Үшіншіден, кадрлармен жұмыс жасау кезіндегі барлық проблемалар, әдетте, принциптік ғылыми ережелер, кадрлармен жұмыс жасауға қойылатын талаптар және оларды іске асыру практикасы арасындағы тұрақты қарама-қайшылықтар негізінде туындайды деген маңызды ұйғарымға назар аудару керек. Бұл қарама-қайшылықтар объективті де, субъективті де негізде туындайды, дегенмен соңғы субъективті негіз көбірек кездеседі.

Маманды жұмысқа қабылдай отырып, оның «күшті» және «әлсіз» тұстарын жан-жақты бағалау керек. Басқару кадрларының кәсіби қызметі көптеген міндеттерді шешумен және шешімдер қабылдаумен байланысты болады. Ұйымдағы мемлекеттік қызметшінің жұмыс тиімділігін оның қызметінің жалпы мақсаттары мен оған қойылатын нақты талаптарды анықтамастан бағалаудың мүмкін еместігін айта кеткен жөн. Персоналды кәсіптік бағалауды кәсіптік бағдармен, кәсіптік уәждемемен, кәсіптік бейімделумен, кәсіптік біліммен, тәрбиемен байланысты кәсіптік даму жүйесінде қарастыру керек. Білім мен кәсіби дағдылар – заманауи білім беру, кадрларды дайындау және қайта даярлау жүйесінің басты бағдарлары [4].

Бос лауазымға конкурстық іріктеу уақытында кандидаттың кәсіби маңызды қасиеттерімен қатар, оның психологиялық қасиеттерінің кешені де (командада жұмыс жасау ептілігі, дау-дамайшылдығы, қарым-қатынас жасау ептілігі, шығармашылық қабілеті және т.б.) бағаланатындықтан, кадрлық шешімдер қабылдайтын комиссия мүшелерінің кәсіби дайын болмау проблемасы шешімін таппай отыр.

Бүгінде қоғамды билік органдарының қызмет сапасын бағалауға тарту процесі жетілдірілуде. Бұл процесс: тұтынушылардың әкімшілік қызметтерді сырттай бағалауы, осы қызметті ұсынатындардың өзін-өзі бағалауы және іштей бағалауы, сондай-ақ түрлі сыртқы субъектілермен жүзеге асырылатын кешенді бағалаулар сияқты бағалаудың басқа түрлерімен үйлестірілуі мүмкін. Бұл тәсіл мемлекеттік органдар мен қызметкерлер ұсынатын қызметтер сапасын бағалауға бағытталғандықтан, бізге анағұрлым қолайлы көрінеді.

Қазақстандағы басқару қызметінің мақсаты және ақырғы көрсеткіші әлі де болса, нәтиже емес, басқару іс-қимылдары болып

саналатыны белгілі. Ал АҚШ және Батыс Еуропаның көптеген елдерінде мемлекеттік қызметті бағалау негізіне соңғы нәтиже алынады. Одан әрі ұсыныс жасаусыз, кадрлық жағдайды тұрақты талдау, мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіру процесінің механизмдері мен рәсімдерін жетілдіру бойынша шаралар қабылдау әзірге «тұрақты талдау» процесінің өзіне есептелгендіктен, мемлекеттік кадрлық саясат кадрлармен жасалатын жұмысты тұрақты талдауды және осы процесті дамытудың нақты перспективаларын қамтуы, қажетті ұйымдық және қаржылық қамтамасыз етуге негізделуі тиіс деген ой жеткіліксіз саналады. Дегенмен басқару тиімділігінің критерийлері басқару процесінің құралдарына емес, мақсатына қатысты қолданылуы тиіс.

Кәсіптік бағалау процесінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік іс-әрекеті жүзеге асырылатын жағдайларды ескеру керек, бұл жеке-дара жұмыскердің, сондай-ақ жалпы мемлекеттік органның да жұмысының тиімділігін бағалауды күрделендіреді. Бұл жерде мемлекеттік қызметшілердің өзіндік билік ету уәкілеттіктерінен (орындаушы қызметтер), сондай-ақ белгілі уәкілеттіктердің немесе құрылымдық қайта құрулардың өзгеруі кезінде мемлекеттік басқару жүйесін реформалау мүмкіндіктерінен айырылу жағдайлары туралы айтылады. Дәл осы себептен ғалымдар мемлекеттік-басқару персоналдарының «іс-әрекеттер еркіндігін кеңейту» туралы жазғанда, бізге мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік қызметтің көптеген проблемаларының нормативтік-құқықтық тұрғыда шешілмеуі, немесе осы еркіндіктің Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру нәтижесінде орын алуы туралы ой келеді. Дегенмен біздің елімізде басқаруды орталықсыздандыру және оны ЕО стандарттарына жуықтату мемлекеттік басқарудың құқықтық реттелуін және оны жетілдіру үшін жауапкершілікті күшейте түседі, алайда бұл басқарудың демократиялық принциптері шегінде іске асырылатын болады. Осылайша, мемлекеттік қызметшілерді кәсіптік бағалаудың икемді жүйесін құру проблемасының маңызы артады.

Бағалау критерийлері – атқаратын мемлекеттік қызметтегі мемлекеттік лауазымы бойынша мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптар, нормалар. Құзыреттер, лауазымдық нұсқаулықтар бейіндері ретінде мемлекеттік қызметшілердің жеке қасиеттерін нақтылауды көп жағдайда мемлекеттік қызметке өту мәселесі бойынша нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ өз түсініктерін

басшылыққа алатын мемлекеттік органның, оның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, кадрлық комиссиялар жүзеге асырады.

Ғылыми әдебиетте кәсіптік стандарттардың, нормалардың, бағалау критерийлерінің, «құзыреттер бейіндерінің», мемлекеттік қызметшіге қойылатын кәсіптік талаптардың жалпыланған және анағұрлым нақтыланған кең спектрін кездестіруге болады. Әлі күнге дейін аттестация, бос лауазымға өткізілетін конкурс, кадрлық аудит, біліктілік емтихандары білікті кадрларды қалыптастыру үшін кадрлық технологиялар ретінде толықтай жұмыс атқармайды. Қазірде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қасиеттерін жыл сайынғы бағалау, бос лауазымдарға орналасуға конкурс уақытында бағалау ретінде бақылау тек белгілі бір шамада ғана өзіндік бақылау функциясын атқарады. Бақылау функциясы кадрлармен жұмыс жасаудағы жаңа резервтер мен мүмкіндіктерді іздеуге қатысты болмаса да, оның нәтижесінде басқару процесін түзетіп қана қоймай, сонымен қатар кері байланыс орнату, алдыңғы басқару процесі туралы түсінік алу, басқару процесі мен оның нәтижесін одан әрі дамытуды дұрыс жолға қою үшін мүмкіндік алуға болады. Кадрларды кәсіптік бағалау жүйелі болуымен қатар, жүйелі процеске айналуы тиіс. Бұл жүйелілік мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қалыптасуы, кәсіби әлеуметтенуі кезіндегі персоналды кәсіптік бағалаудың басқа да процестерге жүйелі ықпалын қамтамасыз етеді [5].

Мемлекеттік қызметші еңбегін объективті бағалау – мемлекеттік орган персоналын кәсіби уәждеуге ықпал ететін маңызды процестердің бірі. Ол, ең алдымен, адамның өзін-өзі көрсету қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оны басқалардың тануына мүмкіндік береді. Адамның кәсіби бағдарлануы да кәсіптік бағалау ықпалынан қалыптасады. «Уәждік бағдарды жоғалту бағдарсыздықты, шешімдер қабылдаудан шектелуді туындатады. Салдарынан кәсіптік-еңбек белсенділігі, еңбекке уәждеу төмендейді», кәсіптік құлдыраудың орын алуына алғышарттар пайда болады.

Мемлекеттік қызмет сапасы мемлекеттік қызметшілердің жалпы біліктіліктерімен қатар, олардың әлеуметтік белсенділігіне және жауапкершілігіне, сондай-ақ біз кәсіптік жарамдылық ретінде атайтын адамның кәсіби мүмкіндіктеріне қарай анықталады. Сондықтан, мемлекеттік басқару саласындағы зерттеушілер тұлғалардың қасиеттерін бағалау механизмдерін құрудың маңыздылығын айқындайды.

Бұл механизм жүйелі, әрі күрделі емес, ұғымды, сондай-ақ іс жүзіндегі барынша жуық нәтижелерді көрсететіндей болуы тиіс.

Сонымен, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметке кадрларды іріктеу мәселесі шетелдік және отандық жеке құрылымдарда біраз уақыттан бері табысты қолданыс тапқан заманауи тиімді технологияларға сәйкес кадрларға іріктеу жүргізуді нақтылау мақсатында осы саладағы әрекет етуші заңнаманы және нормативтік актілерді сапалы пысықтауды қажет етеді.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, аттестация жүргізудің талаптарына, тәртібіне және жүйелелегіне қойылатын негізгі талаптарға арналған ұсынымдардың жекелеген тармақтарын ескеру керек. Атап айтқанда, аттестация жүргізудің мақсаты қызметкердің атқаратын лауазымына сәйкестігі мен кәсібилілігін анықтау болуы тиіс.

Осылайша, «Қазақстан-2030» Стратегиясының негізгі принциптерінің бірі кадрларды іріктеу, дайындау және жылжыту жүйесін жақсарту болып табылатынын ескере отырып, мемлекеттік қызметті басқару үшін не қажет екені туралы шешім қабылдау керек. Бұл жаңа буынның басқару кадрларын дайындауға септігін тигізеді, өйткені жаңа тұрпатты шенеунік - өз ұлтының отаншыл әрі әділ, ісіне адал және кәсіпқой білікті қызметшісі болуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Г.К. Сулейменова, А.А. Бейсембаев. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін реформалау [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: URL: <http://www.pa-academy.kz/images/Institute%20of%20Supplementary%20Education/Suleimenova/81.%20Реформа%20государственной%20службы%20в%20РК.pdf>
2. Жаңалықтар — Қазақстан // [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: URL: http://newskaz.ru/trend/Nazarbayev_article_612015/
3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Закон Республики Казахстан [Электрондық ресурс] Қол жеткізу режимі: URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36786682
4. Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 14.12.2012 ж.
5. А.А. Бейсембаев. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі: үрдістер мен перспективалар // Мемлекеттік және муниципалдық басқару мәселелері. — № 3. — 2010

FTAMP
06.61.53

Анна Альшанская¹, Балтабай Сыздықов²,
Сания Сейдуманова³

¹ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ әлеуметтік-экономикалық зерттеулер бөлімінің аға ғылыми қызметкері,

²«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ жетекші сарапшысы

³магистр

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ РЕТІНДЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ҮЛГІСІНДЕ)

Аңдатпа. Елордаға ауысқан сәттен бастап, Астана қаласының экономикасы инвестициялардың тұрақты өсуіне байланысты едәуір тез қарқынмен дами бастады. Бұл мақалада ұлттық экономиканың маңызды экономикалық даму факторы ретінде инвестициялық процесті қаржылық қамтамасыз ету жүйесіне талдау жүргізіледі. Жұмыста компаниялардың инвестициялық қызметін қаржыландыруды шектеудің негізгі айқындалған факторлары сипатталған; еркін экономикалық аймақтар және «Астана» халықаралық қаржы орталығы сияқты инвестициялық ресурстар жұмылдырылған жекелеген элементтердің талдауына назар аударылады.

Түйін сөздер: экономикалық өсу, инвестициялар, мемлекеттік-жеке меншік серіктестік, бизнес, арнайы экономикалық аймақ, банк секторы, қор нарығы.

Анна Альшанская, Балтабай Сыздықов, Сания Сейдуманова
**ОСОБЕННОСТИ ФИНАНСОВОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ
ИНВЕСТИЦИОННОГО ПРОЦЕССА КАК ВАЖНЕЙШЕЙ
СОСТАВЛЯЮЩЕЙ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ (НА
ПРИМЕРЕ ГОРОДА АСТАНЫ)**

Қоғам &
Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ №2 (58) 2018

№2 (58) 2018 ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Қоғам &
Дәуір

Аннотация. С момента переноса столицы экономика города Астаны показывала довольно высокие темпы роста, сопровождаемые устойчивым ростом инвестиций. В настоящей статье проводится анализ системы финансового обеспечения инвестиционного процесса как важнейшего фактора экономического развития национальной экономики. Выявлены основные факторы ограничения финансирования инвестиционной деятельности компаний. Акцентируется внимание на анализе отдельных элементов мобилизации инвестиционных ресурсов, таких как свободные экономические зоны, международный финансовый центр «Астана».

Ключевые слова: экономический рост, инвестиции, государственно-частное партнерство, бизнес, специальная экономическая зона, банковский сектор, фондовый рынок.

Anna Alshanskaya, Baltabay Syzdykov, Saniya Seidumanova
PECULIARITIES OF FINANCIAL SUPPORT OF INVESTMENT
PROCESS AS AN ESSENTIAL COMPONENT OF ECONOMIC
GROWTH (ON THE EXAMPLE OF ASTANA CITY)

Abstract. Since Astana became the capital of our country, its economic growth rate has been quite high. This is due to a steady increase in investment. This article analyzes the system of financial support for the investment process as the most important factor in the economic development of the national economy. The main factors limiting the financing of companies' investment activities are identified. There is particular focus on the analysis of some issues relating to the mobilization of investment resources, such as free economic zones and the Astana International Financial Center.

Keywords: economic growth, investments, public-private partnership, business, special economic zone, banking sector, stock market.

Кіріспе. Экономикалық өсімді қамтамасыз ету, оның үздіксіздігі және динамикалығы – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жүзеге асыруға бағытталған мемлекет міндеттерінің бірі. Экономиканың өсу қабілеті негізгі қорларды жаңарту процесіне байланысты болады. Негізгі қорлардың нақты көлемдерінің өсуінің жоғары қарқыны және сапасын арттыруы – кеңейтілген

ұдайы өндірістің, халықтың өмір сапасы мен деңгейін арттырудың шешуші факторы. Тұрақты экономикалық өсімге және нақты сектордың өндірістік қуаттарын қалыптастыруға тиісті жағдайлар кешенін жасағанда қол жеткізуге болады. Бұл жағдайлардың ең маңыздысы шаруашылық жүргізуші субъектілердің инвестициялық белсенділігін күшейту болып табылады.

Нарықтық экономикада кәсіпорын қоғамның шаруашылық өмірінің бастапқы буыны ретінде дербестік және өзін-өзі қаржыландыру принциптерінің негізінде әрекет етеді. Бұл принциптерді іс жүзінде жүзеге асыру кәсіпорынның қызмет саласы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны, ең алдымен, ұйым капиталын қаржыландыру көзін таңдау туралы тәуелсіз шешімдер қабылдауын білдіреді. Дамығысы келіп өзінің өндірістік қуаттарын кеңейткісі келген компания, тек өзінің қаражаттарымен шектеліп және өзін-өзі қаржыландыру негізінде ғана жұмыс жаса алмайды. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру үшін кәсіпорынға сыртқы қаржыландыру көздеріне сүйену қажет. Ұйымның сыртқы көздерін қалыптастыруда қаржы нарықтары, әсіресе, ссудалық капитал нарығы және қор нарығы маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ сыртқы қаржыға бизнесті қолдаудың түрлі мемлекеттік шаралары, шетелдік инвестициялар жатқызылады.

Экономикалық өсудің және ұлттық экономиканы дамытудың, инвестициялардың сандық ара-қатынасының өзгеруінің факторы ретінде инвестициялық белсенділікті арттыру жалпы өндіріс пен жұмыспен қамтудың көлеміне, экономикадағы құрылымдық өзгерістерге, шаруашылықтар салалары мен аумақтарының дамуына әсер етеді.

Экономика салалары мен секторларын жаңғырту, қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру - мемлекеттің ұзақ мерзімдік және қасқа мерзімдік перспективаларға жүргізіп жатқан негізгі міндеттерінің бірі. «Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ең маңызды құжатта шетелдік инвестициялар мен ішкі салымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген тұрақты экономикалық өсуді қолдау және экономиканы жеделдетілген технологиялық жаңғырту сыртқы жағдаяттың күшейіп отырған тұрақсыздығы жағдайында күн тәртібіндегі басты мәселе болып табылады («Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 ж. 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы).

Бұл ретте тұрақты даму және өңірлер мен мемлекетті жаңғырту орталықтарының рөлін негізгі өнеркәсіптік, қаржылық және зияткерлік ресурстар шоғырланған ірі қалалар атқарады. Экономикалық өсу қарқындарының қазіргі бәсеңдеу жағдайларында ірі қалалар қиын жағдайда қалады және олардың даму мүмкіндіктері сыртқы және ішкі факторлармен анықталады. Қала экономикасының тиімділігі және бәсекеге қабілеттілігі көп жағдайда кәсіпорындардың инвестициялық іс-әрекетінің белсенділігіне байланысты болады.

Астана қаласы Қазақстан елордасы болған сәттен бастап, қала жалпы ішкі өнімнің жоғары және тұрақты өсу қарқындарын көрсете отырып, елдің ірі экономикалық орталығына айналды. Қолайлы іскерлік орта жасау, инвестицияларды ұлғайту экономикалық өсу қарқындарын арттырумен қатар, қала экономикасының құрылымындағы басқа да сапалы өзгерістерді қамтамасыз етті.

Бұл жұмыста Астана қаласының үлгісінде экономикалық өсу факторы ретінде инвестициялық процесті бағалауға бағытталған статистикалық талдау келтірілген.

Зерттеу нәтижелері. Астана қаласы елорда болған уақыттан бастап, динамикалы экономикалық өсім байқалды. Жалпы өңірлік өнім көлемдері 2017 жылдың үшінші тоқсанындағы күйі бойынша 3,8 трлн теңгеге дейін 64 есе артты. Бұдан басқа, жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім көрсеткіші 28 есе өсіп, бар адамға 5,2 млн теңгеге жетті, бұл республикалық орташа деңгейден 2 есеге артады (1-суретті қараңыз).



1 - сурет. 1998 ж. - 2017 ж. 9 айы бойынша Астана қ. жан басына шаққандағы ЖӨӨ және ЖӨӨ динамикасы

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша есептелген.

Өңірдің экономикалық тез өсу қарқындары инвестициялардың ұдайы өсуімен нығайтылды.

Жалпы алғанда, Астана қаласындағы 2000-2017 жж. кезеңінде инвестициялық іс-әрекет ішкі және сыртқы қаржыландыру көздері есебінен ұдайы өндіріс процесін жандандыруға бағытталды.

2 суреттегі деректер негізгі капиталға құйылатын инвестициялардың ілгерілемелі өсімін көрсетеді. Негізгі капиталға құйылатын инвестициялардың көлемі қаралатын кезеңде 16 еседен астам ұлғайған және 2017 ж. 944,6 млрд. теңге құраған. Бұл ретте кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігінің өсу қарқындары 2007-2010 жж. кезеңде төмендеу үрдісте болған, дегенмен 2012 жылы бұл үрдіс өзгерген. Инфляцияның жоғары деңгейіне және халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне байланысты қазіргі кезеңде (2015-2017 жж.) компаниялардың инвестициялық белсенділігінің төмендегені байқалады (2-суретті қараңыз).




2 - сурет. Негізгі капиталға құйылатын инвестициялар динамикасы (Астана қаласы)

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша есептелген.

Экономиканың жекелеген салаларында негізгі капиталдың айтарлықтай бөлігінің жаңару қарқындарының төмендігі дамуды тежейтін елеулі факторлар болып отыр. Көптеген шағын және орта бизнестер ағымдағы және инвестициялық қызметті қаржыландыру тапшылығын көріп отыр. Жалпы, ел бойынша сондай-ақ жекелеген қалаларда инвестициялардың қолда бар ресурстарын толықтай пайдаланбау проблемасы, сондай-ақ оларды экономика секторларының пайдалануындағы деңгейлік айырмашылықтар проблемасы тұрақты экономикалық өсімді тежеп отыр.

Жалпы алғанда, Астана қаласының инвестициялық белсенділігі мемлекеттік басқару және құрылыс салаларында жұмыс жасайтын кәсіпорындар есебінен қолдау тауып отыр. 2009-2017 аралығындағы жылдарда Қазақстанның басқа қалаларының арасында бұндағы құрылыстың жоғары деңгейі есебінен сектордың үлестік салмағы инвестициялық өсімінде 2 еседен аса өсті. Сәйкесінше, жылжымайтын мүлікпен операциялар жасаумен айналысатын компаниялар салымдарының үлесі де: 2009 жылғы 5,5%-дан, 2017ж. 10,5% -ға өсу қарқынын көрсетеді. (3-суретті қараңыз).



3 - сурет. Негізгі капиталға құйылатын инвестициялардың салалық құрылымы

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша есептелген

Негізгі капиталға құйылатын инвестицияларды қаржыландыру көздерінің құрылымы тарттырылған қаражаттардың 50%-дан төмен ең аз үлеске ие екенін көрсетеді. 2017 ж. сыртқы қаржыландыру көздеріне қолжетімділіктің қиындауы салдарынан (оның ішінде банктік несиелер мөлшерлемелерінің өсуі салдарынан) ірі және орта ұйымдардың негізгі капиталға құйылатын инвестицияларды қаржыландыру құрылымындағы тарттырылған қаражаттың үлесі 40%-дан төмен түсті. Негізгі капиталға құйылатын инвестициялардың басым көпшілігі кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды –2017 ж. таман олардың үлесі 68,8%-ға жетті (1-кестені қараңыз).

1 - кесте. 2003-2017жж. Астана қаласындағы негізгі капиталға құйылатын инвестицияларды қаржыландыру көздерінің құрылымы, млрд. теңге

	2003	2006	2009	2012	2015	2017	Өсу қарқыны (2003-2017)
Бюджет қаражаты	48,3	141,0	203,8	217,7	309,9	200,9	133,0
үлестік салмағы, %-бен	35,0	39,8	55,3	35,3	39,6	21,3	-13,8
Өзіндік қаражат	59,3	207,5	77,9	336,0	370,0	649,7	161,4
үлестік салмағы, %-бен	43,0	58,5	21,2	54,4	47,3	68,8	25,8
Шетелдік инвестициялар	19,0	1,3	3,3	3,6	3,3	3,9	73,0
үлестік салмағы, %-бен	13,75	0,36	0,91	0,58	0,43	0,42	-13,3
Қарызға алынған қаражат	11,3	4,8	83,2	60,2	99,1	90,2	151,4
үлестік салмағы, %-бен	8,2	1,4	22,6	9,8	12,7	9,5	1,3
Барлығы	137,9	354,6	368,2	617,5	782,3	944,6	146,9
Барлығы, %-бен	100	100	100	100	100	100	

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша есептелген.

Тартылған қаражаттың негізгі бөлігін бюджеттік (республикалық және жергілікті деңгейдегі) қаражат, сондай-ақ банктік (қазақстандық және шетелдік банктер) несиелер құрайды. Орта есеппен қарызға алынатын және мемлекеттік инвестициялардың көлемдері бұл кезеңде біршама жоғары қарқынмен ұлғайды (орта есеппен жылына 33-51%-ға). Сонымен бірге, инвестицияларды қаржыландыру құрылымындағы үлесі бойынша бюджеттік қаражаттар банк несиелерінен асып түседі.


Бюджеттік қаражаттың шектеулілігіне байланысты белсенді мемлекеттік қаржыландырудан мемлекеттік-жеке серіктестік құралдары арқылы инвестициялық жобаларды мемлекеттік сүйемелдеу тәжірибесіне ауысудың маңыздылығы артып отыр.

Қазіргі кезде Қазақстанның МЖС-ті дамыту үшін әлеуеті жоғары. Қазақстандық МЖС орталығы сарапшыларының бағалаулары бойынша МЖС жобаларының көлемі 2023 жылға қарай

инфрақұрылымды дамытудың жалпы қажеттілігінен 10-15%-ға жетуі мүмкін. МЖС жобаларының көпшілігі Қазақстанда білім беру және денсаулық сақтау салаларында іске асырылуда. Бұл ретте, МЖК-ке қатысу бойынша айтарлықтай өңірлік саралану орын алған. Ел өңірлерінің жартысынан астамында МЖС-ті дамытудың деңгейі төмен немесе өте төмен. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша білім беру саласындағы МЖС жобаларының анағұрлым көп саны Шығыс Қазақстан облысында (70 жоба), денсаулық сақтау бойынша — Қарағанды облысында (17 жоба) іске асырылуда. Астана қаласында (2018ж. ақпандағы жай-күйі бойынша) білім беру саласында 6 жоба және жалпы қалалық бейне бақылау жүйесін құру бойынша 1 жоба іске асырылған. Бұл ретте Астана қаласы МЖС жобаларына инвестициялар көлемдері бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады. МЖС механизмін пайдаланудың айтарлықтай үлкен мүмкіндіктері бар, дегенмен оны дамыту бойынша айқын жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Несие бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелерге (салалық табыстылық мөлшеріне қатысты), сондай-ақ коммерциялық банктердің ресурстық және капиталдық базаларының жеткіліксіздігіне байланысты инвестициялардың қаржылық құрылымында қарызға алынған қаражаттың үлесі азғантай. Қымбат несие инвестициялық қызметке, ең алдымен, басқа қаражат көздеріне мүмкіндігі жоқ орта және шағын бизнеске тежеу болады.

Сонымен қатар, Астанада шағын кәсіпкерлікке банктер берген несиелік қаражат көлемі 2005-2017 жж. кезеңінде 229 млрд. теңгеге дейін 3,3 есе өскен. Сонымен бірге, банктердің банктік емес заңды тұлғаларға берген несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелері 2005 жылғы деңгейінде қалып отыр (13,8%) (4-кестені қараңыз).




4 - сурет. Астана қ. банктердің шағын кәсіпкерлікке берген несиелерінің динамикасы, млн теңге (оң жақ шкала). Жалпы экономика бойынша берілген несиелерге банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің динамикасы (сол жақ шкала)

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша есептелген

Екінші деңгейлі банктер арқылы несиелік қаржыландыруды кеңейту мүмкіндігі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы жүзеге асырылды. Қордың негізгі мақсаты — Қазақстан Республикасындағы ШОКС-нің бой көтеруін және экономикалық өсуін ынталандыру, мемлекеттің ШОБ-ті қолдауға бағытталған қаражаттарды пайдалану тиімділігін арттыру. Соңғы 3 жылдың ішінде (2014-2016 жж.) қаржы бағдарламалары бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражат көлемі 1,5 трлн. теңгеден астам құрады.

Бұдан басқа, Ұлттық Банктің да саясатын ескеру керек. ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесі 2015 жылдың қыркүйегіндегі 12%-дан, 2018 жылдың сәуіріндегі 9,25%-ға дейін біртіндеп төмендетуде. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылы баға тұрақтылығы мен экономикалық өсу қарқындарын әлеуеттік мәндер деңгейіне жеткізуге ықпал ету арасындағы теңгерімді сақтай отырып, базалық мөлшерлемесі біртіндеп азайту саясатын жалғастырды.

Осылайша, жоғарыда атап көрсетілген факторлар Астанадағы ШОБ-тің дамуына оң ықпалын тигізді. 2005-2017 жж. кезеңінде шағын және орта бизнес субъектілерінің өнім шығаруы 23 есе өсті, бұл Астана қаласындағы ЖӨӨ-ге бизнестің үлесін 2005 жылғы 13,1%-ден 2016 жылғы 57,4%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді (5-сурет).



5 - сурет. 2005-2017 жылдардағы ЖӨӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерліктің ЖҚҚ үлесі

* 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес мемлекеттік статистика мақсаттары үшін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жұмыс жасайтындардың орта жылдық саны бойынша жатқызу критерийін пайдалану қарастырылған.

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің деректері бойынша есептелген.

Астанадағы әрекет етуші кәсіпкерлік субъектілерінің саны 97,3 мың бірлікке дейін жетіп, 4,5 есеге өсті, бұл салада жұмыс жасайтындар саны, сәйкесінше, 3,3 есеге арттырды.

Нәтижесінде, банк секторын қолдау бойынша шаралар жұмыс жасамайтын активтерді қысқартуға, нақты секторды несиелеуге банк мүддесін арттыруға септігін тигізіп, жалпы ел экономикасын дамытуға мультипликативтік ықпал етеді.

Астанада инвестициялық процесті күшейту үшін арнайы экономикалық аймақтардың құрылғанын айта кету керек. Арнайы экономикалық аймақтар экономика салалары мен өңірлерді жеделдетіп дамыту, өнімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті өндірістерді құру, сондай-ақ заманауи технологияларды жасау мақсатында құрылады.

«Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы 2002 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. АЭА-тың жұмыс жасау мерзімі 2027 жылға дейін анықталған. «Астана – жаңа қала» АЭА-ның аумағы 7 есеге дерлік артты және оның құрамына елорданың жаңа әкімшілік іскерлік орталығы мен қаладағы жаңа өнеркәсіптік аймақтар кіреді.

АЭА-ның негізгі артықшылықтары:

- АЭА аумағында жаңа өндірістерді ашу және құрылыс объектілеріне келетін тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау;
- салықтық және кедендік жеңілдіктердің болуы;
- прогрессивті технологияларды ендіру және қала құрылысында заманауи ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану мүмкіндігі;
- инженерлік жайластырылған аумақтарда құрылыс объектілері үшін жер телімдерін ұсыну (2-кестені қараңыз).

2 - кесте. Астана қаласындағы «әдеттегі» аумаққа қарағанда «Астана – жаңа қала» АЭА-на берілетін жеңілдіктерге салыстырмалы талдау

Салықтық және кедендік міндеттемелер	Астана аумағында	АЭА аумағында
Корпоративтік табыс салығы	20%	0%
Мүлік салығы	1,5%	0%
Жер салығы	Бір кв.м. 0,12 \$.-дан бастап	Бір кв.м. 0 \$
Жер телімін пайдалану төлемі	Бір кв.м. 0,16 \$.-дан бастап	Бір кв.м. 0 \$

Қосылған құн салығы	12%	0%
Кедендік баждар	5-20%	0%

Дереккөз <http://www.astana2050.kz/infrastruktura/sez-astana-novyy-gorod>

АЭА инвестицияларды тарту және құрылыста алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану, сондай-ақ заманауи инфрақұрылымды жасау арқылы Астана қаласын жеделдетіп дамыту мақсатында құрылды. Сонымен қатар, тиімділігі жоғары, оның ішінде жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірістерді құру, шығарылатын жаңа өнім түрлерін игеру мақсаты да көзделеді.

Жалпы алғанда, барлық жұмыс жасаған жылдар аралығында АЭА аумағына шамамен 2 трлн. теңге инвестиция тартылды. Оның ішінде шамамен 1,3 трлн. теңге игерілді («SezUnion» Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтарына қатысушылар қауымдастығы. <http://sezunion.kz/kz/novosti/item/31-spetsialnaya-ekonomicheskaya-zona-astana-novyy-gorod.html> сайтында қараңыз).

«Астана – жаңа қала» АЭА-нан басқа 2017 жылдың желтоқсанында 2042 жылға дейінгі кезеңге «Астана-Технополис» жаңа АЭА құрылды. Қызмет түрлері бойынша жобаларды іске асыру көбіне «Назарбаев Университет» дербес білім беру ұйымының «Astana Business Campus» паркінің ғылыми әзірлемелер жобаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болады.

Инвестицияларды қаржыландырудың көзі ретінде қор нарығы тартымсыз күйінде қалып отыр. Бағалы қағаздар өтімділігінің төмен деңгейі, компания-эмитенттердің төмен салалық әртараптандыруы, институционалдық инвесторлардың азғантай саны, сондай-ақ инвестициялаудың аз дамыған ұжымдық нысаны – бұның бәрі компаниялардың қор нарығына шығуын қымбаттатып, тәуекелді етеді.

2018 ж. «Астана» халықаралық қаржы орталығын (бұдан әрі - АХҚО) іске қосу экономиканы инвестициялық ресурстармен қамтамасыз етудегі қор нарығының рөлін арттыруға ықпал етеді. Ең алдымен, «Самұрқ - Қазына» АҚ қоры компанияларынан листинг және IPO АХҚО алаңында жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар, ҚР Үкіметімен бірлесе отырып, инфрақұрылымдық облигацияларды шығаруды бастамалау бойынша жұмыстарды қайта жаңғырту керек. АХҚО аумағында қаржы нарығын арттыруға бағытталған АХҚО-ның қатысушылары мен мүдделі тұлғалардың ара-қатынастарын реттейтін Жалпы құқық базаға негізделген ерекше құқықтық

режимнің әрекет ететінін айта кеткен жөн. АХҚО қатысушыларының арасындағы дауларды шешудің негізгі институты АХҚО тәуелсіз соты болуы тиіс, ол Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кірмейтін, ағылшын құқықтық заң құзыреті бар елдерде практикалық жұмыс тәжірибесі бар білікті соттармен қамтамасыз етіледі.

АХҚО–да іс жүзінде Лондон, Дубай, Торонто, Нью-Йорк, Париж және т.б. сияқты ең үздік халықаралық қаржы орталықтарының тәжірибесі пайдаланылатын болады (3-кестені қараңыз).

3 - кесте. АХҚО-н әлемнің қаржы орталықтарымен салыстыру

Ең үздік тәжірибелер	Лондон	Сингапур	Дубай	Торонто	Нью-Йорк	Астана
Мемлекеттер – ҚО-н дамытудағы негізгі агент		+	+	+		+
Тәуелсіз сот және ағылшын құқығы	+	+	+	+	+	+
Капиталдың күшті және өтімді нарықтары	+	+		+	+	+
Резиденттерді ең төмен реттеу және салық салу		+	+			+
Қолайлы әлеуметтік орта	+	+	+	+	+	+
Резиденттерді орналастыру үшін ҰӨК-ның қаражатын пайдалану		+	+			+
Халықаралық көліктік қолжетімділіктің жоғары деңгейі	+	+	+		+	+
Түсінікті құндылықты ұсыныс және айқын ендіру жоспары		+	+	+		+

Дереккөз: «Астана» халықаралық қаржы орталығының деректері бойынша құрылған.

Осылайша, қазіргі уақытта инвестицияларды қаржылық қамтамасыз етудің жүйесі қаржы ресурстарының көздерінен тұрады, олардың әрқайсысының пайдаланылуында едәуір шектеулер бар. Ұдайы өндіріс процестерін ұзақ уақыт жеткілікті қаржыландырмау, экономиканың көптеген секторлары мен салаларындағы технологиялық іркілістер көп жағдайда қала экономикасының дамуына бөгет болады. Осындай жағдайларда инвестициялық процесті қаржылық қамтамасыз етудің тиімді және кешенді жүйесін қалыптастыру үшін «тар жерлерді» ашу бойынша мемлекеттің реттеуші ықпалын күшейту керек.

Сұлтан Әкімбеков

*Азия зерттеулері институтының директоры,
«Центр Азии» журналының бас редакторы,
тарих ғылымдарының кандидаты*

ҚСЗИ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КЕҢІСТІГІНДЕ

Сонау 1993 жылы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылуы тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген жас мемлекет – Қазақстанның қалыптасуы жолындағы маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұның маңыздылығы тап осы кезеңде мемлекетті құру процесінің қарқынды жүріп жатуымен байланысты еді. Мемлекеттік институттардың барлығы да жаңадан құрылды. Олардың қатарында Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты да бар.

Кез-келген тәуелсіз елдің мемлекет ретінде даму перспективаларын, сондай-ақ оның халықаралық қоғамдастықта алар орнын анықтау үшін стратегиялық әзірлемелердің алар орны ерекше. Сондықтан бұл сияқты құрылымдар, бір жағынан, шешімдер қабылдау механизмін, екінші жағынан, халықаралық проблематиканың анағұрлым маңызды міндеттерін түсіну үшін мемлекеттік әлеует туралы ұғымның қалыптасуын қамтамасыз етуде елеулі рөл атқарады.

Бірінші жағдайда стратегиялық зерттеулер институттары әлемдегі жалпы халықаралық жағдайға сүйене отырып, мемлекет мүдделері мен ағымдағы саясат үшін маңызды болатын басқа елдердің уәждемелері мен ішкі жағдайлары туралы түсінік беретін сапалы кеңес беру арқылы дұрыс шешімдер қабылдауда мемлекетке қолдау көрсетеді.

Екінші жағдайда бұндай институттар, керісінше, халықаралық қауымдастыққа анағұрлым маңызды мәселелер бойынша жүзеге асырылатын әзірлемелердің деңгейін көрсетеді. Сондықтан стратегиялық зерттеулер институттарының мемлекеттік органдардың

жұмысын қамтамасыз етумен байланысты ішкі міндеттерінің болуымен қатар, олар өздері шығаратын сапалы өнім арқылы басқа елдерге мемлекеттің интеллектуалдық әлеуетін көрсете алуы тиіс.

Бұл тұрғыда ҚСЗИ-ның стратегиялық және қоғамдық-саяси мағынада Қазақстан үшін алар орны ерекше.

Екінші жағынан, бұл институт мемлекет саясатының маңызды құралы, сондай-ақ елдің зияткерлік әлеуетінің айнасы болып табылады. Бұл жерде әңгіме ҚСЗИ-да 25 жыл ішінде жазылған өзекті тақырыптарға арналған монографиялар туралы емес. Әңгіме ҚСЗИ-дың елдің зияткерлік саласындағы тұрақты рөлі туралы. Ол сондай-ақ, ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде аналитикалық журналдарды үздіксіз жарыққа шығаратын бірден-бір институт. Бұны Қазақстанда басқа ешбір институт жасамайды десек те болады.

Дәл осы себептен ҚСЗИ ұзақ жылдар бойына интеллектуалдық іс-әрекеттер бойынша халықаралық ұйымдар рейтингтерінде алда келеді. Өйткені институт қабырғасында үнемі беделді авторлар қызмет атқарып, онда ел үшін салмағы бар көптеген журналдар жарық көруде. Осылайша, ҚСЗИ аналитикалық орталықтардың бағалау критерийлеріне толықтай жауап бере алатын өнім шығарып келеді. Бұл, әрине, ҚСЗИ-ға мемлекет тарапынан жүктелген маңызды міндеттердің бірі ғана болса да, дәл осы міндет Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтын, сәйкесінше, мемлекетті халықаралық деңгейде танытады.

ҚСЗИ-ның маңыздылығына қатысты тағы бір жайт – оның тұрақтылығы. ҚСЗИ, шын мәнінде, өз қызметін тұрақты атқарып келеді. Ал бұл ғылыми ұйым үшін іргеліліктің, негізділіктің белгісі болып табылады. Зияткерлік кеңістікте күн сайын небір өзгерістер орын алып жатса да, ҚСЗИ өз негізін ешқашан өзгерткен емес.

Бұның себебі, мүмкін, институт қабырғасы қаланған ең алғашқы жылдардан бастап-ақ Қазақстандағы ең күшті зерделі тұлғалардың, зияткерлердің осында жиналғанында болар. 1990-шы жылдардың басында бұндай зияткерлер аса көп болмаған еді. Ең күшті деген мамандардың осы ҚСЗИ-да жиналғандығы іс жүзінде дәлелденді. Қазіргі таңда мемлекеттік басқару органдары мен талдау ұйымдарындағы сияқты зияткерлік іс-әрекет саласындағы Қазақстанның ең күшті мамандары осы институтта да еңбек етуде.

Әйтсе де, сол жылдары талдау институтының жаңа заман талабында қалай жұмыс жасайтыны туралы көпшіліктің түсінігі

болмады. Алайда, ешбір аялдауға уақыт жоқ еді. Қазақстанда мемлекет құрылысы тым жоғары қарқынмен жүрді және де ішкі және сыртқы саясатқа қатысты көптеген міндеттердің шешімін тез табу қажеттілігі артты. Басқа елдердің тәжірибесін зерттеу, шет тілдерді меңгеру, ауқымды материалдармен жұмыс жасау қажет болды. Туындаған сын-тегеуріндерге төтеп беріп, жаңа талаптарға тез арада бейімделуге тура келді.

ҚСЗИ ұзақ уақыт бойына Қазақстандағы жалғыз ғана ой ордасы болып келді. Осы жылдар бойына институт пен мемлекеттік басқару органдарының арасында кадрлармен алмасу үнемі жүріп жатты. Бұл ҚСЗИ-ның және ол атқаратын жұмыстар нәтижелерінің ел үшін қажеттілігімен қатар, ондағы қызмет ететін тәжірибелі мамандардың да мемлекет өміріндегі қажеттілігін көрсетті.

Талдау орталықтарын мемлекеттік басқару органдарының кадрлық резерві үшін пайдалануда АҚШ керемет үлгі бола алады. Бұнда әкімшілік қызметкерлер арасында лауазымдық орын ауыстырулар кезінде шенеуніктер көп жағдайда think tanks орталықтарына кетіп жатады. Өз кезегінде, кейбір think tanks орталықтарының қызметкерлері мемлекеттік басқару органдарындағы қызметтерге келіп жатады. Әйтсе де, бұрынғы КСРО-ның аумағында жағдай мүлдем басқаша. Дегенмен, аналитикалық бейіні бар мамандардың мемлекеттік басқару органдарындағы қажеттілігі мемлекетті халықаралық стандарттарға сәйкес жаңғыртуға бет бұру үшін маңызды көрсеткіш болып табылады.

Қазақстандағы аналитикалық нарық ауқымы біршама шектеулі. Елдің зияткерлік дамуы үшін, әрине, көптеген зерттеу орталықтарын құру керек, өйткені олардың жұмыс нәтижесі мемлекет үшін аса қажет. Бұл заманауи мемлекеттің дамуының ең басты көрсеткіштерінің бірі. Бұл ретте ҚСЗИ Қазақстанның интеллектуалдық нарығы үшін 25 жылдық жұмыс тәжірибесі бар ең маңызды ұйым болып қала бермек.

FTAMP
39.15

Берік Әбдіғалиұлы

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы

ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері,

«Сакралды Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы

КИЕЛІ ЖЕРЛЕР — ҰЛТТЫҚ БІРЛІК ПЕН ЖАҢҒЫРУ НЫШАНЫ

Аңдатпа. Мақалада қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы негізінде қарастырылады. Арнайы әдістемелік құралдардың негізінде ұлттық деңгейде Қазақстанның 100-ге жуық киелі орындары мен нысандары анықталып, тізімі жасалынды. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тізімі аймақтық кескін бойынша ұсынылды, бұл өз кезегінде олардың орналасуы бойынша нақты ақпарат береді.

Түйін сөздер: *Рухани жаңғыру, қасиетті география, киелі жерлер, ұлттық деңгей.*

Берик Абдигалиулы

САКРАЛЬНЫЕ ОБЪЕКТЫ – СИМВОЛ НАЦИОНАЛЬНОГО ЕДИНСТВА И МОДЕРНИЗАЦИИ

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы модернизации общественного сознания на примере конкретного проекта «Сакральная география Казахстана». На основе специального методического инструментария были определены 100 мест и объектов, которые составили перечень сакральных объектов Казахстана на национальном уровне. Список «Сакральная география Казахстана» представлен в региональном разрезе, что дает более точное представление об их локации.

Ключевые слова: *рухани жаңғыру, сакральная география, киелі жерлер, национальный уровень.*

Berik Abdigaliuly

SACRAL OBJECTS ARE THE SYMBOL OF NATIONAL UNITY AND MODERNIZATION

Abstract. In this article there will be discussed issues of modernization of public consciousness are considered on the example of a specific project «Sacral Geography of Kazakhstan». On the basis of special methodological tools, 100 places and facilities were identified that compiled a list of sacral objects of Kazakhstan at the national level. The list of «Sacral Geography of Kazakhstan» is presented in the regional section, which gives a more accurate picture of their location.

Key words: *spiritual enlightenment, sacral geography, holy places, national level.*

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы біздің қоғамға қозғау салып, санамызға тың серпін берді. Халқымыздың материалдық және рухани әлемі – атамекен, жер-су, әдебиет, өнер мен мәдениет саласын жандандыруда шамшырақ тәрізді қалың жұртшылықтың қызығушылығын, ерекше ықыласын тудырды. Елдік ұлы дәстүрді сақтай отырып, ұлттық модернизация жасау қоғамды дамыта, көркейте түсері даусыз. Ұлттық мұрат жолында жүзеге асыратын игі істердің бастауын Елбасы: «Замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деп нақты айқындап берді.

Елбасы аталған бағыттардың ішінде Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайтынын дәлдеп айтты. Мынау толассыз шиыршық атқан үдемелі-соқтықпалы жаһандану заманында біртекті қоғам орнату процесі басып кету қаупінен жекелеген ұлттар өзіндік бет-бедерін, елдік асыл қасиетін, рухани тектілігін сақтау арқылы ғана аман қаларына ешбір күмән болмауы тиіс. Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде көштен қалмай, өркениетті, мейлінше нығайып алған бөгделерге жұтылмай, жер бетінде бәсекеге қабілетті, білім-ғылымы дамыған, экономикасы тұрақты дербес халық болып өмір сүру үшін оң жағына өзгере білудің қажеттігін баса айтты.

Біз үшін Отанымыздың әр сүйем жері қасиетті болып саналады. Азуын айға білеген жыраулардың жалынды толғауларында, жаугершілік замандарда үріккен елдің басына түскен зауалда «Елім-айлаған» азалы жырларда, басына күн туып, ел іргесі сөгілген қаралы көштерде туған, кіндік кескен жерімен қоштасу өлеңдерінде, қазақтың қара өлеңінде және ақын-жазушылардың елдік рухты өлтірмейтін үздік туындыларында біздің киелі атамекеніміз әсем де терең суреттелген. Расында халық қартаймайды, қара жер қартаймайды. Халқымыз қашанда «Ел іші – алтын бесік» деп сүйініш білдірген. Ол үшін ұлттық мұратқа сай биік іс қылу керек. Арғы ата-бабаларының аруағын сыйлап, шежірелік деректерді шын қастер тұтатын біздің халқымыз әрбір тау-тасын, жазық даласын, үңгірін, өзен-көлін қасиетті, киелі деп санайды. Көшпелі өркениет топырақ пен судың қадірін біліп, жер түгін тоздырмау үшін көшіп-қонып отырған. Олардың туған жерге, жаратылыс құбылыстарына, табиғатқа деген дүниетанымдық көзқарасы, ықыласы таңғажайып көркем. Айнала қоршаған табиғатты тірі деп қабылдау, өз ұрпағын оған қиянат жасамауға тәрбиелеу қазақ халқының ырым мен тыйымдары туралы ұлттық түсінігінде тұнып тұр.

Малмен күнелткен бабаларымыз шаруашылығын табиғатпен үйлестіріп жүргізіп отырған. Осыдан барып туған жерге тағзым ету деген дәстүр қалыптасқан. Сонау бағзы заманнан ата-бабаларымыз киелі жерлерге тағзым етіп келді. Түркі, сақ дәуірлерінен жеткен аңыз-әпсаналар, тіпті тасқа қашап кеткен таңбалар да осы озық дәстүрді айғақтайды.

Елбасымыздың жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын нықтап айтуы заңды құбылыс. Ел мен Жер – рухани құндылықтардың арқауы. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз», – дей отырып, Президент – «Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек», – деп атап көрсетті.

Осыған байланысты Елбасы тапсырмасы негізінде, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен қазақ халқының тарихынан елеулі орын алатын Қазақстанның қасиетті орындарын анықтап, оның тізімін жасау қолға алынды. Ғылыми-сараптамалық кеңес ашылып, бұл іске бұрыннан бері осы сала бойынша жұмыс істеп, зерттеумен айналысып жүрген ғалымдар тарихшылар, өлкетанушылар, этнографтар тартылып, ғылыми жүйе құрылды. Зерттеушілер басшылыққа алатын нұсқаулықтар жасалып, ол барлық өңірлерге жолданды. Мұндағы мақсат – еліміздегі қасиетті тарихи орындарды анықтап, оларды ұлттық ұстаным деңгейіне көтеру.

Қазақ халқының ұлттық санасының ерекшелігі – туып өскен жері, өнген ортасын кие тұтып, оның қадір-қасиетін бағалауымен құнды. Аталарымыз «туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың» деп бекер айтпаған. Туған жер мен елдің халық санасына сіңген рухани құндылығының ұлттың қалыптасуында, дамуында айрықша рөлі бар. Елбасы тапсырған дүниелер бұған дейін қасиетті нысан ретінде ғылыми сарапталып, жүйеленбегенін. Біз осы шаруаны реттеп, жалпыхалықтық құндылық ретінде қарастыруды қолға алып жатырмыз. Бұл жұмыстың рухани маңызына тоқталар болсақ, біріншіден, киелі, қасиетті нысандар біздің ұлтты рухани жұтандықтан сақтайтын символдық қалқанымыз және ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы деп түсінген дұрыс.

«Қазақстанның қасиетті орындары» ретінде ерекше қастерленетін табиғи-мәдени мұра, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындар ұғынылады. Сонымен қатар, Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды орын алатын, ұлттық бірлік пен жаңғыру нышаны ретінде көрінетін нысандар кірді.

Сараптамалық кеңестің шешімімен қасиетті орындар жалпы-ұлттық деңгейлі және жергілікті маңызы бар қасиетті нысандар болып бөлінді. Қазіргі кезде жалпыұлттық деңгейлі 186 нысан мен кешендер тізімге енді.

Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді:

1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері. Ел аузында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрған табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтар. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер,

қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына ұйытқы болған орта ғасырлық қалалар кіреді.

3. Діни және ғибадат орындары болып табылатын орындар. Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары аңызға айналған, көне түркі дәуірі және ортағасырлардағы, сонымен бірге XIX аяғы – XX ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар. Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жүздің батыр-билерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор орындар алынып отыр.

5. Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар. Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсарлықты насихаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар мен қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр.

Осылайша, Елбасы тапсырмасын орындау үшін қасиетті жерлер мен нысандарды анықтап, өңірлерде жүргізіліп жатқан ғылыми-сараптамалық жұмыстардың бағыт-бағдарын, дәйектемесін жасау жұмыстары алға қойылды. Территориялық жағынан әлемдегі ондыққа енген жас мемлекет болған соң бағзы бабалардан мұраға қалған ел мен жерді көздің қарашығындай мұқият сақтау – ұрпақтық асыл парызымыз. Бүгінгі жаңа заман ұрпағы, туған жер, елін сүйер жас буынды ұлтжандылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу, туған өлке тарихын, табиғатын танытуды мұнаралы мұратымыз деп санадық.

Халқымыздың сан жылдық тарих қойнауынан атадан балаға, ғасырдан ғасырға мұра болып жеткен өшпес асыл қазынасы: әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, мәдениеті рухани құндылығымыз, баға жетпес асыл қазынамыз болып табылады. Ата-бабаларының дәстүрін сыйлап, шежірелік деректерді шын қастер тұтатын рухы биік біздің халқымыз әрбір тау-тасын, жазық даласын, үңгірін, өзен-көлін қасиетті, киелі санайды. Туған жерге, жаратылыс құбылыстарына, табиғатқа деген дүниетанымдық көзқарасы, ықыласы таңғажайып көркем.

Айнала қоршаған табиғатты тірі деп қабылдау, өз ұрпағын оған қиянат жасамауға тәрбиелеу қазақ халқының ырым мен тыйымдары туралы түсінігінде тұнып тұр.

Ұлттық байырғы құндылықтарымызды осы киелі нысандар арқылы қайта түлету, нақтырақ айтқанда рухты жаңғыртып, халықты рухтандыратын жоба бұл. Мысалы, қазақ батырларын алайық, бұлардың ерлік істері ұлт рухын жаңғыртудың бірден-бір тетігі. Өйткені біздің бүгінгі таңда жоғалтып отырғанымыздың өзі осы батырлық. Оның орнына қауымды көнбістік, жалтақтық, бодандық сана-сезім дендеп барады. Осыған қарсы шипа – батырлық рух.

Бұл жобаның қоғамға елшілік, мемлекетшілдік көзқарасты қалыптастыратын дүние – қазақ тарихындағы хандар мен билердің рөлі болса, жас-тарды азаттық үшін күрес жолына тәрбиелейтін дүние – ұлт-азаттық күрескерлердің әрекеті. Қазіргі таңда қазақ қоғамына біздің дәстүрімізді жоққа шығаратын түсініктер еніп кетіп жатыр. Әсіресе ислам атын жамылып халық арасын іріту үрдісі белең алуда. Екіншіден, қазіргі жастар өзінің тарихын тек әлеуметтік желіде таратылған жеңіл-желпі ақпар арқылы танып, білуде. Бұдан нені аңғарамыз? Күн өткен сайын жастардың тарихи санасына тұсау салатын қауіп күшейіп келеді. Осыған қалқан болатын дүние – «Рухани жаңғыру» бағдарламасы. Яғни болашақ ұрпақ жалпы-ұлттық қасиетті нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, бір халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана қалыптасады.

Жалпы «Қасиетті Қазақстан» жобасы 2017-2021 жылдарды қамтып отыр. Осы аралықта әр жыл сайын бір-бір томнан барлығы бес томдық үлкен еңбек «Қазақстанның қасиетті жерлерінің энциклопедиясы» жасалуы тиіс. Аталмыш жобаның тағы бір тиімді тұсы – ішкі рухани-туризмді дамытуға зор үлес қосады деп күтілуде. Яғни бұл туризмнің ерекшелігі – адамдар табиғатты тамашалап, ел-жер көріп, көңіл көтеру емес, тәлімдік-тәрбиелік мәні, әрі туған жер тарихымен танысуына бағытталуымен құнды болмақ. Сонымен қатар орта мектеп оқушыларына арналған оқулықтар, фильмдер, роликтер, туризм және интерактивтік карта жасау жоспарда бар.

Тізімге алынған қасиетті нысандардың мәртебесі жайлы айтар болсақ, Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан Мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау туралы заңға өзгерістер енгізу жайы қарастырылуда. Яғни мемлекеттік тұрғыдан қорғалуға тиіс

нысандар қатарына «Қасиетті нысандар» дейтін бап енгізілу қажеттігі туындап отыр. Заң қабылданған соң ондағы талап бойынша іріктелген нысандарды мемлекеттік тіркеуге қойып, қорғауға алу жайы нақтыланады. Яғни қасиетті саналып, заңмен қорғалған нысандардың әрбіріне паспорт жасалады. Ол үшін нысанның тарихы, аңызы, әфсанасы, уақыты, ғасыры, әлеуметтік сипаты тағы басқасы жан-жақты зерттеледі.

Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандар тізімі

Астана қаласы

1. Бозоқ қалашығы.
2. Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды кешені.
3. Астана-Бәйтерек монументі.
4. «Қараөткел» - мұсылман зираты (К.Қасымұлы батырлары жерленген жері). Смағұл Сәдуақасұлының жерленген жері.
5. Ашаршылық құрбандарына арналған монумент.
6. «Отан-Ана» Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан майдангерлерге және Отан қорғаушыларға арналған монумент.
7. Қазақ елі монументі.
8. Мәңгілік ел салтанатты аркасы.
9. Бейбітшілік және Келісім сарайы.

Алматы қаласы

1. Боралдай тарихи-археологиялық кешені.
2. Райымбек батыр кесенесі.
3. Вознесенск кафедралды шіркеуі.
4. Ахмет Байтұрсынұлы мемориалды үйі.
5. 1991 жылы Тәуелсіздік Декларациясы қабылданған «Үкімет үйі» ғимараты.
6. Республика алаңы (Тәуелсіздік монументі).
7. «Тәуелсіздік таңы» - 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына арналған монумент.

Ақмола облысы

- | | |
|--------------------------------------|-----------------------------------|
| 1. Қосбатыр-Құмай мемориалды кешені. | 6. Қабанбай батыр қорым-кесенесі. |
| 2. Ботағай кесенесі. | 7. Беспақыр кесенесі. |
| 3. Абылай хан алаңы. | 8. Баубек батыр кесенесі. |
| 4. Оқжетпес жартасы. | 9. Олжабай Төлебайұлы кесенесі. |
| 5. Кенесары үңгірі. | 10. Науан Хазрет кесенесі. |
| | 11. Қорғалжын көлі. |



1 - сурет. Қосбатыр – құмай мемориалды кешені

Алматы облысы

- | | |
|--|--|
| 1. Таңбалы (Тамғалы) тас археологиялық кешені. | 11. Алтынемелдегі Шоқан Уәлиханов мемориалды кешені және жерленген жері. |
| 2. Есік тарихи-археологиялық кешені. | 12. Жеркент мешіті сәулет-көркемөнер кешені. |
| 3. Хан Тәңірі шыңы. | 13. «Ереуіл төбе» |
| 4. Шарын шатқалы. | 14. Малайсары Тоқтауылұлы жерленген жері |
| 5. Көлсай көлдері. | 15. Наурызбай Құттымбетұлы батыр кесенесі |
| 6. Қойлық қалашығы. | 16. Жамбыл Жабаев кесенесі |
| 7. Қапал батыр кесенесі. | 17. Жаналық кентіндегі қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш |
| 8. Орбұлақ шайқасы болған жер. | |
| 9. Аңырақай шайқасы болған жер. | |
| 10. «Тамшыбұлақ» бұлағы. | |

Ақтөбе облысы

1. Жаманшың кратері
2. Абат-Байтақ кесенесі.
3. Қобыланды батыр мемориалды кешені.
4. Хан моласы мемориалды кешені (XVIII ғ. Әбілқайыр хан).
5. Есет Көкіұлы кесенесі.
6. Ойсылқара қорымы.
7. Бопай ханым жерленген жері.
8. Есет Көтібарұлы кесенесі.
9. Исатай Тайманұлы кесенесі.
10. Досжан ишан мешіті.

Атырау облысы

1. Иманқара кешені.
2. Сарайшық қалашығы.
3. Аралтөбе тарихи-археологиялық кешені.
4. Ұшқан ата қорымы.
5. Ақмешіт қорымы.
6. Құлшан ата жерасты мешіті.
7. Махамбет Өтемісұлы кесенесі.

Батыс Қазақстан облысы

1. Жайық қалашығы.
2. Бөкей Ордасы тарихи- кешені.
3. Дәулеткерей Шығайұлы.
4. Тақсай тарихи-археологиялық кешені.
5. Жұмағазы хазірет кесенесі.
6. Ғұмар Қараш жерленген жері.
7. Жымпитыдағы «Алаш Орда» үйі.



2 - сурет. Жымпитыдағы «Алаш Орда» үйі

Жамбыл облысы

1. Тараз қалашығы.
2. Жайсан түркі ғұрыптық кешені.
3. Меркі түркі ғұрыптық кешені.
4. Ақыртас кешені.
5. Қарахан кесенесі.
6. Айша бибі кесенесі.
7. Бабаджа Хатун кесенесі.
8. Тектұрмас кешені.
9. Байзақ датқа кесенесі.

Қарағанды облысы

1. Әулиетау «Ақмешіт».
2. Алтын шоқы.
3. Едіге тауы.
4. Беғазы археологиялық кешені.
5. Бектау ата тауы және үңгірі.
6. Теректі әулие петроглифтері.
7. Домбауыл ғұрыптық ескерткіші.
8. Алаша хан кесенесі.
9. Жошы хан кесенесі.
10. Бұқар жырау кесенесі.
11. Шанышқылы Бердіқожа батыр кесенесі.
12. Бұланты шайқасы болған жер.
13. Құнанбай қажы мешіті.
14. Қарлаг (Долинка к.) саяси қуғын-сүргін құрбандарының жерленген жері.
15. Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы.
16. Жұбан ана кесенесі.
17. Ағыбай Қоңырбайұлы кесенесі.
18. Жидебай Қожаназарұлы кесенесі.
19. Баян батыр жерленген жері.
20. Тәттімбет Қазанғапұлы кесенесі.
21. Байғозы Наймантайұлы батыр жерленген жері.

Қостанай облысы

1. «Екідің» ғұрыптық кешені. (Сарыторғайдағы ерте кезең ескерткіштері).
2. Торғай геолифтері.
3. Ыбырай Алтынсарин кесенесі.
4. Амангелді Иманов жерленген жері (ескерткіш).
5. Әбдіғалпар Жанбосынұлы кесенесі.
6. Кейкі батыр кесенесі.
7. Міржақып Дулатұлы кесенесі.
8. «Қамысты» (ҚазАрқайм) қорғанысы.
9. Жәуке Назарғұлұлы кесенесі.
10. Барақ Қарабалуанұлы кесенесі.

Қызылорда облысы

1. Шірік-Рабат қалашығы.
2. Жанкент қалашығы.
3. Жент қалашығы.
4. Сығанақ қалашығы.
5. Қорасан Ата кесенесі.
6. Төлегетай ата және Қылышты ата кешені.
7. Бегім ана мұнарасы.
8. Оқшы ата кесенесі.
9. Қорқыт ата мемориалды кешені.
10. Жанқожа Нұрмұхамедұлы кесенесі.
11. Бұхарбай Естекбайұлы кесенесі.
12. Христос Спаситель шіркеуі.

**3 - сурет. Шірік-Рабат қалашығы****Маңғыстау облысы**

1. Қызылқала қалашығы.
2. Оғыланды жеріндегі Бекет ата XVIII ғғ.
3. Шопан ата X–XIX ғғ.
4. Көне Бейнеу қорымы және Бекет Ата XI–XIX ғғ.
5. Қараман ата қорымы және жерасты мешіті, XIII–XIX ғғ.
6. Масат ата қорымы және жерасты мешіті X–XIX ғғ.
7. Шақпақ ата қорымы және жерасты мешіті, IX–X ғғ., XIV–XIX ғ.
8. Сұлтан-епа жерасты мешіті, қорымы және сайы, энеолит, б.д. X–XIX ғ.
9. Сисем ата қорымы. XIII–XIX ғғ.
10. Барақ Сатыбалдыұлы кесенесі.
11. Т. Г.Шевченко мемориалды кешені.
12. Отпан тау тарихи -мәдени кешені.
13. Иса Тіленбайұлы.
14. Досан Тәжіұлы.
15. Балуюанияз Мүсірепұлы.

Оңтүстік Қазақстан облысы

1. «Өзірет Сұлтан» тарихи-мәдени кешені (*Қ.А.Яссауи кесенесі, Салқам Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай хан, Шақшақ Жәнібек батыр, Қаз Дауысты Қазыбек би, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Жауғаш батыр және басқада ұлы тұлғалардың жерленген жері*).
2. Рабия Сұлтан Бегім кесенесі.
3. Үлкен Қылует.
4. Гаухар ана кесенесі.
5. Есім хан кесенесі.
6. Хақназар хан кесенесі.
7. Яссы қалашығы (Күлтөбе, Түркістан).
8. Арыстан баб кесенесі.
9. Қазығұрт тау кешені (*Кеме қалған, Ақбура әулие, Ғайып Ерен Қырық Шілтен, Тамшы бастау әулие*).
10. Ибраһим ата кесенесі.
11. Қарашаш ана кесенесі.
12. Ұкаш ата мазары.
13. Таңбалы тас ескерткіші.
14. Сауран қалашығы.
15. Отырар қалашығы.
16. Созақ қалашығы.
17. Сайрам (Исфиджаб) қалашығы.
18. Исмайл-ата сәулет кешені.
19. Жылаған ата бұлағы және үңгірі.
20. Ақмешіт үңгірі.
21. Баба Түкті Шашты Өзіз кесенесі.
22. Қарабура кесенесі.
23. Бәйдібек би кесенесі.
24. Домалақ ана кесенесі.
25. Бірлік - Ордабасы мемориалды кешені.
26. Аппақ-Ишан мешіті.

**4 - сурет. Қазығұрт тау кешені**

Павлодар облысы

1. Баянауыл тауындағы Қоңыр әулие үңгірі.
2. Ақкөл-Жайылма қалашығы.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы кесенесі.
4. Жасыбай Өмірұлы батыр жерленген жері.
5. Исабек Хазрет кесенесі.

Солтүстік Қазақстан облысы

1. Ботай қонысы.
2. Қарасай және Ағынтай батырларының мемориалдық кешені.
3. Абылай хан резиденция кешені.
4. Қожаберген жырау кесенесі.
5. Сырымбет мекені.
6. Құдайберді Құлсары батыр кесенесі.

Шығыс Қазақстан облысы

- | | |
|---|--|
| 1. Мұзтау. | 8. Ырғызбай Ата кесенесі. |
| 2. Алакөл көлі. | 9. Абайдың «Жибедай-Бөрілі» тарихи-мәдени кешені. |
| 3. Ақтас тауындағы Қоңыр Әулие Үңгірі. | 10. Ер Жәнібек Бердәулетұлы батыр. |
| 4. «Ақбауыр» тарихи-археологиялық кешені. | 11. Ф.М.Достоевскийдің әдеби – мемориалды үйі. (Семей қ.). |
| 5. Берел тарихи-археологиялық кешені. | 12. Алаш арыстары үйі. |
| 6. Шілікті тарихи-археологиялық кешені. | 13. Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі. |
| 7. Қозы Көрпеш пен Баян сұлу кесенесі. | |



5 - сурет. Семей полигоны құрбандарына арналған «Өлімнен де күшті» монументі.

FTAMP
82.01.09

Антон Морозов¹, Әсел Назарбетова²

¹Саясаттанушы, саяси ғылымдарының кандидаты

²ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ ақпараттық-талдау жұмысы бөлімінің басшысы, PhD

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ ДАМУ ЖОЛЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының 25 жылдығына орай оның тарихы, негізгі даму бағыттары мен бүгінгі баяндалған. ҚСЗИ-дың ғылыми-сараптамалық құрылымдар арасындағы орны, сыртқы байланыстары, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын болжау мен оған жан-жақты талдау жасаудағы рөлі мен маңызы, ҚСЗИ-да жасаған қызметтері арқылы еліміздің дамуына зор үлес қосқан беделді ғалымдар мен сарапшылар туралы мәлімет берілген.

Түйін сөздер: ҚСЗИ, сараптамалық құрылым, «ақыл-ой» орталығы, стратегиялық зерттеулер, болжам мен талдау жасау, сарапшылар, өзекті мәселелер.

Антон Морозов, Асель Назарбетова 25-ЛЕТНИЙ ПУТЬ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ИНСТИТУТА СТРАТЕГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. В статье речь идет об истории, основных направлениях развития и сегодняшнем состоянии Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан по случаю его 25-летия. Представлена информация о месте КИСИ среди научно-аналитических структур, его внешних связях, о роли и значимости в проведении всестороннего анализа и прогнозирования приоритетных направлений государственной политики, об авторитетных ученых и экспертах, внесших своей деятельностью в стенах КИСИ большой вклад в развитие страны.

Ключевые слова: КИСИ, аналитическая структура, «мозговой» центр, стратегические исследования, прогноз и анализ, эксперты, актуальные проблемы.

Anton Morozov, Asel Nazarbetoova

25-YEAR PATH OF THE DEVELOPMENT OF THE KAZAKHSTAN INSTITUTE FOR STRATEGIC STUDIES UNDER THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article deals with the history, main directions of the development and the current state of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan on the occasion of its 25th anniversary. The article provides the information on the status of the KazISS among the scientific and analytical structures, its external links, its role and significance in conducting comprehensive analysis and forecasting of priority areas of the state policy, authoritative scientists and experts who have made a significant contribution to the development of the country through their activities within the walls of the KazISS.

Key words: KazISS, analytical structure, “think tank”, strategic studies, forecast and analysis, experts, up-to-date issues.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) пайда болуы мен қалыптасуы еліміздің дамуының жауапты да күрделі кезеңімен тұспа-тұс келеді. Жас мемлекеттің азаматтық, демократиялық жолмен даму үдерістері, болып жатқан өзгерістерді талдау қажеттіліктері, әлеуметтік-экономикалық және саяси даму бағыттарын таңдауы ғылыми ізденістер мен жаңаша көзқарасты талап етті. Дәл осы тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ҚСЗИ тәрізді ғылыми-сараптамалық орталықтың Қазақстанда пайда болуы заңды құбылыс болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты биыл өзінің 25 жылдығын атап өтеді. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың елдің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжау және талдамалық қамтамасыз ету мақсатында ҚСЗИ құру туралы 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығы Институт тарихының ресми басталу нүктесі болып табылады.

Халықаралық қатынастарға жоғарғы деңгейде талдау жасауға, сыртқы және ішкі саяси стратегияларды және нақты шешімдерді әзірлеуді қамтамасыз етуге қабілетті «ақыл-ой орталығы» құрылған күннен бастап оның барлық қызметі тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихы және тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың атымен тығыз байланысты. Елбасы ҚСЗИ-ға әрдайым үлкен көңіл бөліп келеді: «Біз Институт құру барысында Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық мәселелерін зерттеуге, осылайша, біздің жас мемлекеттіліктің күшею үрдісіне қатысатын келешегі зор ғылыми-сараптамалық орталық құру міндетін қойдық. Сіздер оны атқара алдыңыздар», делінген 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ құрылуының 10 жылдығымен құттықтау хатында [1].

Сараптамалық құрылымдар құру қажеттілігін мемлекет басшылығы тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында-ақ түсінді. Сол себепті алғашқы ақпараттық-талдау орталығы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде М.М. Тәжиннің бастамасымен құрылған болатын. Бұл орталықта дарынды сарапшылар тобы – Сәбит Жүсіпов, Асылбек Бисенбаев, Лев Тараков, Асқар Ахметжанов, Алма Сұлтанғалиева, Серік Сейдуманов, Мақаш Тәтімов, Жапсарбай Қуанышев және басқалар қызмет атқарды. Олардың көпшілігі кейінірек ҚСЗИ тарихымен тікелей байланысты болады, Лев Тараков және Алма Сұлтанғалиева ҚСЗИ директорлары болды, Сәбит Жүсіпов, Мақаш Тәтімов, Асқар Ахметжановтар ҚСЗИ-да жұмыс істеді. ҚР Президенті Әкімшілігінің Талдау және стратегиялық зерттеулер орталығының бірінші орынбасары, ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің талдау орталығының меңгерушісі Мәулен Әшімбаев 2000 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚСЗИ директоры болып тағайындалды.

Сараптамалық зерттеулер саласындағы негізгі құрылымдардың бірі ретінде ҚСЗИ мүмкіндігінше шешім қабылдау орталығына жақын және саяси күн тәртібінің алдыңғы шебінде орналасқан, бұл Институттың Президент Әкімшілігінің жетекшілігінде және Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесімен өзара әрекеттестікте болуымен байланысты. Ширек ғасырдан бері Институттың өз дәстүрлері, зерттеу бағыттары, талдамалық стандарттары қалыптасты, оның іргетасын бірінші басшысы, білікті ғалым Ө.Т. Қасенов қалап кеткен болатын.

Институт еліміздің әлеуметтік-саяси өміріндегі стратегиялық бағдар болып келеді. Оның сараптамалық жұмысының негізінде маңызды саяси шешімдер қабылданды және маңызды келіссөздер процестерінде негізгі ұстанымдар жасалды. ҚСЗИ жаңа идеялар мен тың жобаларды таратуға мүмкіндік беретін арнаға айналды, бұл оның негізгі ерекшелігі болатын. ҚСЗИ сонымен қатар әлемдік деңгейде Қазақстанның халықаралық беделін қалыптастыруға үлес қосты. ҚСЗИ талдаулары бастапқыда геосаяси үрдістерді зерттеуге бағытталғанына қарамастан, Институттың алғашқы басшысы, көпқырлы тұлға, экономист, тарихшы және халықаралық қатынастанушы Ө.Т. Қасенов оның дамуының дұрыс координаттарын белгіледі, бұл кейінгі басшылар үшін өте үлкен көмек болды.

Өз қызметінің алғашқы жылдары ҚСЗИ түрлі халықаралық орталықтармен және ұқсас стратегиялық зерттеулер институттарымен тығыз ғылыми байланыстар орнатты. Атап айтсақ, Ұлыбританиялық Корольдік институты, Монтерей халықаралық зерттеулер институты, Үндістан, Германия, Индонезияның зерттеу орталықтары, Ресейлік халық шарушылығы және мемлекеттік қызмет академиясы және т.б. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен өткен шараларды ҚСЗИ тарихындағы маңызды оқиғалар қатарында ерекше мақтанышпен айтуға болады, олар – танымал америкалық саясаткер және сарапшы, АҚШ стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының кеңесшісі Збигнев Бжежинскиймен (1993 ж.) және АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкермен кездесулер, сондай-ақ Қазақстан мен АҚШ іскерлік топтарының қатысуымен өткен «Қазақстандағы бизнес-климат» дөңгелек үстелі (1996 ж.).

Кез келген билік үшін нақты әрі салмақты саяси шешімдер қабылдаудың басты шарты елдегі және әлемде болып жатқан үдерістер туралы шынайы ақпарат алу болып келеді. Осы орайда «ақыл-ой фабрикасының» маңызы өте зор. Қазақстандағы осындай беделді «ақыл-ой» орталығы ретінде ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ айтуға болады. Ағымдағы сыртқы, ішкі, экономикалық мәселелерге дәл және толық баға бере алу мүмкіндігінің арқасында ҚСЗИ Президент жанындағы институттың жоғары мәртебесіне ие. Осы мәртебесі ҚСЗИ-дың think-tank бойынша әріптестерінің арасындағы және жалпы қоғамдағы ерекше орнын айқындайды.

Бір жағынан, ҚСЗИ қолданбалы сараптамалық өнімдері жабық түрде орындалады. Екінші жағынан, ол қызметі қоғамға ашық құрылым.

ҚСЗИ ғылыми әзірлемелерінің жалпыланған түрімен Институт басылымдарының беттерінен танысуға болады: орыс тіліндегі «Қазақстан-Спектр» (1994 жылы «Қазақстан және әлемдік қауымдастық» журналы жарыққа шықты, ол кейіннен «Қазақстан-Спектр» журналына айналды), қазақ тіліндегі «Қоғам және Дәуір», ағылшын тіліндегі «Central Asia's Affairs» (Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік, геосаясат және аймақтық ынтымақтастық мәселелері бойынша алғашқы мамандандырылған басылым) журналдары. Бұл журналдардың әрқайсысының өзіндік стилі, мақсатты аудиториясы бар.

Бұдан басқа ҚСЗИ жыл сайын көптеген монографиялар, кітаптар, брошюралар, жинақтар шығарады, 25 жыл ішінде олардың саны 300-ге жуық болды. Институттың баспа өнімдері үлкен сұранысқа ие, сондықтан отандық және шетелдік кітапханаларға, ғылыми орталықтарға таратылады.

ҚСЗИ қызметінің басты бағыттарының бірі – әртүрлі тақырыпта, деңгейде көптеген ауқымды конференциялар, дөңгелек үстелдер, сарапшылар кездесуін өткізу. Бұл іс-шаралар беделді отандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен ұйымдастырылады. Халықаралық конференциялардың барысында ҚСЗИ сарапшылары өздерінің ғылыми баяндамалары, мақалалары, әлемге танылған ғалымдармен пікірталастары арқылы Институт беделін көтерді. Нәтижесінде ҚСЗИ ғаламдық ғылыми қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде танылды.

Орталық Азия және посткеңестік кеңістік елдерін зерттеумен айналысатын барлық шетелдік ғалымдар ҚСЗИ ұйымдастырған конференциялар мен дөңгелек үстелдердің қатысушылары мен қадірлі қонақтары болды. ҚСЗИ-дың көпжылғы сенімді шетелдік әріптестерінің ішінде Ресей стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығы, Гарвард университеті, Қытай қазіргі халықаралық қатынастар институты, Джордж Маршалл атындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша Еуропа орталығы, Токио сыртқы саяси зерттеулер университеті, Үндістан қорғаныс зерттеулері мен талдау институты, Лондон стратегиялық зерттеулердің халықаралық институты, Эберт атындағы Қор сияқты беделді ғылыми орталықтарды айтуға болады.

Сонымен қатар ҚСЗИ-дың шетелдік әріптестерімен сыртқы байланыстары ұзақмерзімді және конструктивті сипатта. Олар ҚСЗИ өз зерттеу бағыттары бойынша ұйымдастыратын халықаралық конференциялар, семинарлар мен дөңгелек

үстелдердің қатысушылары болумен қатар, ҚСЗИ басылымдарының редакциялық кеңесінің құрамына кіреді, авторлар ретінде мақалалар жариялайды, үнемі Институт қызметкерлерін өз іс-шараларына және ғылыми тағылымдамадан өтуге шақырып отырады.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ ғылыми беделінің жоғары көрсеткіші ретінде оның үздік әлемдік think-tank орталықтарының жүздігінің арасына кіруін айтамыз, яғни Пенсильвания университеті жанындағы Лодер Институтының базасы бойынша жасалатын рейтинг бойынша 182 мемлекеттің 6500 сараптамалық құрылымдарының ішіндегі үздік әлемдік ақыл-ой орталықтарының жүздігіне кіруі.

ҚСЗИ қызметінің келесі бір бағыты – бұқаралық ақпарат құралдарында, баспасөз, электронды БАҚ, әлеуметтік желілерде өзекті қоғамдық-саяси мәселелер мен оқиғалар бойынша комментарийлер беру, мемлекеттік саясаттың бағыттары, түрлі саяси бағдарламалардың мәні мен маңызы бойынша халыққа түсіндіру, қоғамдық пікірді зерттеу. Бұл ҚСЗИ-дың басты бағыты – мемлекеттік органдарды ғылыми-сараптамалық зерттеулермен қамтамасыз етумен қатар жаңа, бұрындары сараптамалық орталықтарға тән болмаған коммуникативті функция атқаруымен байланысты. Осы орайда Институт билік пен қолданбалы ғылым, ғылым мен қоғам, қоғам мен билік арасын байланыстырушы міндетін атқарады.

Жоғарыда аталған жұмыстардың барлығын ҚСЗИ, бірінші кезекте, сапалы және білікті басқарудың арқасында атқара алды. ҚСЗИ басшылығының менеджерлік қасиеттері мен саяси ұстанымдарына беріктігі, сарапшыларды сапалы жұмысқа жұмылдыра білуі әрдайым сақталып отырды. Ширек ғасыр ішінде бүгінде Қазақстан Республикасына есімдері белгілі, ел дамуына зор үлес қосқан тұлғалар ҚСЗИ директорлығына ҚР Президентінің Өкімімен тағайындалып отырды, олар – Ө.Т. Қасенов, Л.Ю. Тараков, Е.Қ. Ертісбаев, А. Сұлтанғалиева, М.С. Әшімбаев, Б.Қ. Сұлтанов, Е.Т. Қарин, З.К. Шаукенова. Бұл ғалымдар әр жылдары бүгінде Астана қаласында қоныстанған ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-ға басшылық етті және етуде. Олардың әрқайсысы директор бола отырып, Институт дамуына өзіндік ерекшелік енгізді, бұл кісілерді біріктіретін қасиеттер – жоғары азаматшылдық, ғылыми принципшілдік, өз елінің тағдырына алаңдаушылық пен үлкен жауапкершілік [2].

ҚСЗИ басшылығында ұзақ жылдар директорлық қызмет атқарған, осы мақала авторлары олардың қол астында жұмыс істеген директорлар – М.С. Әшімбаев пен Б.Қ. Сұлтанов кезіндегі ҚСЗИ жетістіктеріне ерекше тоқталып өтсек.

М.С. Әшімбаев – белгілі ғалым және саяси қайраткер, 2000-2005 жылдар аралығында ҚСЗИ директоры болған. Оның сараптамалық таланты мен тиімді басқарушылық қасиеттері мемлекет басшылығына сараптамалық-талдамалық өнімдерді «басты ұсынушы» ретіндегі ҚСЗИ-дың орнын нығайтты. Ғылыми және талдамалық жұмыстардың сапасы артты. ҚР Президенті Өкімшілігімен, ҚР Қауіпсіздік Кеңесімен, Сыртқы істер министрлігімен, Қорғаныс министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және басқа да мемлекеттік мекемелермен тұрақты және тығыз байланыстар орнатылды. Осы кезеңде бүгінгі уақытқа дейін сақталып келе жатқан ҚСЗИ құрылымы түпкілікті қалыптасты, зерттеулердің басты бағыттары айқындалды: сыртқы саяси қауіпсіздік, ішкі саясат, оның ішінде әлеуметтік сала мәселелері және экономикалық қауіпсіздік те бар. М. Әшімбаев тұсында ҚСЗИ қауіпсіздік мәселесі бойынша Алматы халықаралық конференциясын ұйымдастырды және өткізді, кейіннен ол ғылыми ортадағы жылсайынғы ірі оқиға болып қалыптасты. Сондай-ақ, оның кезінде ҚСЗИ қызметкерлерінің шетелге ғылыми тағылымдамаға бару тәжірибесі басталды, ол үрдіс әлі де жалғасын табуда. Институттың ақпараттық ресурсы кеңейді. Іргелі «Казахстан-Спектр» журналынан бөлек қолданбалы мәселелер мен ситуативті оқиғаларға арналған «Analytic» журналы, жоғарыда аталған «Қоғам және Дәуір» мен «Central Asia's Affairs» журналдары шығарыла бастады, институттың жеке сайты іске қосылды. Біртіндеп ҚСЗИ атауы ғылыми әлемде танылған брендке айнала бастады.

2005 жылы ҚСЗИ директоры болып Б.Қ. Сұлтанов тағайындалды. Кәсіби дипломат, сыртқы саясат мәселелерінің маманы ретінде ол ҚСЗИ сыртқы байланыстарын едәуір нығайтты, кеңейтті және белсенділендірді. Б.Қ. Сұлтанов тұсында сыртқы саясат саласының негізгі зерттеу тақырыптары Орталық Азия аймағындағы үш ұлы державалардың – Қытай, Ресей және АҚШ өзара қарым-қатынасы мәселелері, аймақтық қауіпсіздік пен әлемдік экономикалық дағдарысқа қатысты ұстанымдар, ауған мәселесі, сонымен бірге интеграция мәселелері болды. Ішкі саясат саласында ҚСЗИ жұмыстарының басты бағыты – саяси реформалау сценарийлері, билік тармақтарының балансының өзгеруін қоса алғанда,

азаматтық қоғам институттарының дамуы, билік транзиті, ұлттық құрылыс мәселелері, дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас, көші-қон мен демография мәселелері, ақпараттық сала мәселелері болды. Экономика саласында зерттеулердің басты тақырыптары ретінде көлік-тасымал әлеуеті, отын-энергетика саласы, әлемдік дағдарыстың салдарын еңсеру, кешенді территориялық даму мәселелері қарастырылды. Б.Қ. Сұлтанов білікті, мұқият басшы ретінде ҚСЗИ-ға өз саласының білгір мамандарын бас ғылыми қызметкерлікке тарта білді. Б. Сұлтанов ҚСЗИ директоры ретінде 9 жыл, яғни 2014 жылға дейін қызмет атқарды. Бұл кезеңде қазақ тіліндегі баспа өнімдерін шығаруға көп көңіл бөліне бастады.

ҚСЗИ-дың негізгі байлығы мен әлеуеті әрқашанда белсенді өмірлік ұстанымы, патриотизмі, өз ісіне және еліне деген адалдығымен ерекшеленетін адамдар болды және болып қала береді.

ҚСЗИ алғашқы директоры Ө.Т. Касенов кейінірек еліміздің сараптамалық брендіне айналған және халықаралық сарапшылар ортасында үлкен беделге ие болған зерттеу құрылымын мұқият және жан-жақты қалыптастырды. Бірінші басшы ретінде ол Институттың кадрлық әлеуетіне ерекше назар аударды. ҚСЗИ-дың қалыптасуының алғашқы жылдары кәсіби сарапшылар тобы жинақталып, сараптамалық материалдардың жоғары стандарттары қалыптасты. Сол жылдары ҚСЗИ қабырғасында белгілі ғалымдар: демограф М. Тәтімов, тарихшылар К. Хафизова, Д. Қыдырбекұлы, А. Сұлтанғалиева, саясаттанушылар С. Жүсіпов, М. Лаумуллин, К. Сыроежкин, Б. Әбдіғалиұлы, Н. Мұстафаев, эколог В. Василенко жұмыс істеді. Кейінірек жас, белсенді зерттеушілер А. Сарым, Р. Лебеков, Б. Темірболат, Е. Тукумов келді. Бүгінде олар өз ісінің мамандары болды [3].

ҚСЗИ бас сарапшыларының кейінгі толқыны ретінде С.К. Көшкімбаев, М.А. Әбішева, Ю.О. Булуктаев, Е.Т. Сейлеханов, В.Ю. Додонов, Л.Р. Қаратаева, И.А. Черных сынды белгілі ғалымдарды айтуға болады. Сонымен қатар ҚСЗИ-ге жас мамандар легі, университеттердің белсенді түлектері, магистранттар, PhD докторлары келуде. Бұл, өз кезегінде, қалыптасқан ғылыми-зерттеу сабақтастығы мен тәжірибе алмасу үрдісінің барын көрсетеді. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ қабырғасында сараптамалық талдау жасаудың қыр-сырын меңгерген мамандар бүгінде еліміздің көптеген орталық мемлекеттік органдарында жоғары лауазымдарда қызмет атқаруда. Атап айтсақ ҚР Президенті Әкімшілігінде, ҚР Қауіпсіздік Кеңесінде, министрліктерде, сыртқы саясат

мекемелерінде, сараптамалық құрылымдарда, ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында.

Бүгінде ҚСЗИ Қазақстанның сараптамалық құрылымдарының, ғылыми қауымдастығының арасында алдыңғы және тұрақты орнын иеленген, «ақыл-ой фабрикаларының» әлемдік рейтингінде тиісті орнын алған беделді мемлекеттік мекеме. Аймақтық және әлемдік тұрғыда жеткілікті деңгейде бәсекеге қабілеттігін де атап өту орынды. Институт қызметкерлері елдің ішкі, сыртқы саяси, экономикалық салаларындағы оқиғаларға жедел түрде баға береді, жауап қатады. Жыл сайын мемлекеттің ішкі, сыртқы, экономикалық саясатын болжамдық-талдамалық қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізу үшін әдістемелік және ақпараттық базасы нығайтылуда. Ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыруға алғышарттар қалыптасқан, мысалы мемлекеттік грант арқылы магистратура және PhD докторантурада оқуға мүмкіндік жасалған. Жетекші шетелдік ғылыми-сараптамалық құрылымдармен конструктивті және стратегиялық өзара ынтымақтастық ары қарай дамуда.

Қорыта айтқанда, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жоғары әлеуетін әлі де толық ашуға барлық алғышарттар мен мүмкіндіктер бар. Институтта 25 жыл бойы жинақталған білімнің, біліктің және ақпараттың мол қоры ары қарай да еліміздің өркендеп дамуында өзінің пайдасы мен оң әсерін береді, Елбасы және қоғам алдындағы міндетін абыроймен атқарады деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. kisi.kz/ru/categories/ukazy-i-pozdravitelnye-pisma-prezidenta-respubliki-kazahstan/posts/pozdravitel-noe-pis-mo-prezidenta-respubliki-kazahstan
2. Дина Ешпанова. О КИСИ и его первом директоре // У.Т. Касенов – первый руководитель первого «мозгового» центра страны. Сборник научных трудов и воспоминаний. – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2018. – 272 бетте
3. Сонда. – 273 бетте

FTAMP
04.21.51

Алуа Жолдыбалына

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ
Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы

ӘЛЕМДЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ (ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГ МӘЛІМЕТТЕРІНЕ ТАЛДАУ)

Аңдатпа. Мақалада автор қоғамдағы аналитикалық орталықтардың рөлі мен қызметтерін қарастырады. Пенсильвания университетінің «Global Go To Think Tank Index Report» атты аналитикалық орталықтар рейтингісінің негізінде олардың даму тенденциясына талдау жасайды. Сонымен қатар, осы рейтингідегі ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дің негізгі жетістіктеріне шолу жасайды.

Түйін сөздер: рейтинг, аналитикалық орталық, ҚСЗИ, зерттеулер, сарапшылар, институт.

Алуа Жолдыбалына

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ АНАЛИТИЧЕСКИХ ЦЕНТРОВ В МИРЕ (АНАЛИЗ ДАННЫХ МИРОВОГО РЕЙТИНГА)

Аннотация. В статье автор рассматривает роль и функции аналитических центров в обществе. Анализирует тенденции в развитии аналитических центров на основе рейтинга исследовательских и аналитических центров мира «Global Go To Think Tank Index Report» Пенсильванского университета. Также детально описывает позиции КИСИ при Президенте РК в вышеуказанном рейтинге.

Ключевые слова: рейтинг, аналитический центр, КИСИ, исследования, эксперты, институт.

Alua Zholdybalina

TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THINK TANKS IN THE WORLD (ANALYSIS OF WORLD RANKINGS DATA)

Abstract. The author examines the role and functions of think tanks in the community. Analyzes the trends in the development of think tanks on the basis of the ranking of the world's research and think tanks «Global Go To Think Tank Index Report» of the University of Pennsylvania. Also describes in detail the positions of KazISS under the President of the Republic of Kazakhstan in the above rating.

Key words: rating, think tank, KazISS, research, experts, institute.

Кез келген дейгейдегі саяси шешімдерді қабылдауда, мемлекеттік саясатты қалыптастыруда, елдің саяси бағытын, ішкі және сыртқы саясатының дамуын анықтауда, сарапшылар мен ғалымдардың пікіріне, ақыл-кеңесіне сүйену – саясаттың ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Кез келген мемлекетте саяси режим, саяси жүйені әрі саяси мәдениет түріне қарамастан, мемлекеттік құрылымдарды талдау жұмыстарымен әрі сараптамалық қызметпен қамтамасыз ететін, мемлекеттік саясаттың қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге қоғамның әр түрлі салаларында оның жүзеге асуына баға беруге мүмкіндік беретін сараптамалық талдау орталықтары немесе аналитикалық орталықтар (саяси ғылымда «think tanks» деген атаумен танымал) қызмет етеді.

Айта кететін мәселе, бұл орталықтарды ортақ бір сөзбен айту қиын, себебі көптеген елдерде ол әр түрлі аталады. Мысалы, АҚШ-та, Еуропа мемлекеттерінде - «think tank, research institute», Ресейде – «мозговые центры, фабрики мысли», Орталық Азия елдерінде - аналитикалық орталықтар. Атауларының әр түрлілігіне қарамастан, олар бір қызметті атқарады.

Саяси ғылымда аналитикалық орталықтарға қатысты атаудың өзі ғана емес, анықтамасы үлкен пікірталас туғызуда. Сараптамалық талдау орталықтарына қатысты барлық анықтамаларды саралай келе, келесі негізгі 4 белгісін айтуға болады:

1) Аналитикалық орталықтар бұл тәуелсіз, дербес, автономды сипатта қызмет атқаратын ұйым;


2) Аналитикалық орталықтар кез келген саяси жүйе шеңберіндегі институт, құрылым;

3) Аналитикалық орталықтар қоғам мен билік, ғылым мен билік арасындағы делдал;

4) Аналитикалық орталықтар мемлекеттегі саяси шешім дайындау процесінің ажырамас бөлігі.

Сонымен, «аналитикалық орталықтар дегеніміз қоғам мен ел өмірінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешу жөнінде нақты ұсыныстар мен шешу жолдарын көрсетіп, ішкі және сыртқы саясат мәселелеріне талдау жасап, баға беруге бағытталған, күрделі құрылымдық жүйесі бар, пәнаралық тұрғыда зерттеу жүргізетін сарапшылардың кәсіби қауымдастығы» болып табылады деп тұжырымдаймыз.

Зерттеушілердің пікірлерін саралай келе, біздің пікірімізше, аналитикалық орталықтардың қызметтерін негізгі және қосымша деп 2 топқа жіктеуге болады. (Қызметтер жіктемесін 1-ші суреттен көруге болады).



1 - сурет. Аналитикалық орталықтардың қызметтері

Кез келген елдің аналитикалық орталықтарына тән қызметтер жиынтығын анықтауға болады.

Негізгі қызметтер дегеніміз барлық аналитикалық орталықтарына тән болса, **қосымша қызметтер** зерттеу бағыттарына, мамандану саласына байланысты анықталады.

Аналитикалық орталықтардың негізгі қызметтеріне келесі топтама тән:

1. Зерттеу қызметі. Бұл қызметті көптеген ғалымдар ағымдағы мәселелерді анықтау, зерттеу, баға беру ретінде белгілейді. Бірақ бұл қызметтің өзіндік ерекшелігі бар, себебі зерттеу қызметін басқа да зерттеу құрылымдары, мысалы, ғылыми зерттеу институттары, университеттері де атқарады. Аналитикалық орталықтардың зерттеу қызметі оқиғалық талдау жасаумен, яғни зерттеу қысқа мерзімде жүргізіліп, өзектілігінің тез арада жойылуына байланысты ұзақ мерзімді зерттеулерді жүргізе бермейді. аналитикалық орталықтарының зерттеу нәтижелері «қазір және дәл осы уақытта» деген принциппен жұмыс істейді. Олардың жұмысы саясат күн тәртібінде негізгі мәселе ретінде анықталып, саясаткерлерден дереу шешім қабылдауды талап ететін өзекті мәселелерді талдауға, баға беруге бағытталған.

2. Сарапшы қызметі, яғни ішкі, сыртқы саясат процестеріне, әр түрлі бағдарламаларға, құжаттарға сарапшы ретінде баға беру болып табылады.

3. Ұсыныс беру қызметі. Аналитикалық орталықтардың зерттеулерінің нәтижелері нақты мәселені шешуге бағытталуы тиіс, яғни қолданбалы сипатқа ие болады. Аналитикалық орталықтары ұсыныстарды беріп қана қоймай, ұсыныстарды жүзеге асыру механизмінің бірнеше нұсқасын көрсетіп, қабылданатын шешімнің жағымды әрі кері салдарын негіздеп, болжап беруі тиіс. Мемлекеттік органдармен ынтымақтастық ұсыныстармен ғана аяқталмай, кешенді сипатқа ие болуы қажет.

4. Делдалдық қызмет. Бұл қызметті американдық та, ресейлік те ғалымдар ұстанады. Мысалы, П.Диксон [1], Дж.Мэтьюз [2], В.Лобанов [3], А.Сунгуров [4] үкімет пен қоғамдастық арасындағы делдалдық аналитикалық орталықтардың басты қызметі деп есептейді.

5. Рекруторлық қызмет. Аналитикалық орталықтардың бұл қызметі өз маңыздылығы бойынша барлық мемлекеттерде бірдей сипатқа ие емес. Мысалға, АҚШ саясаты үшін ол ажырамас бөлігі болса, Еуроодақ мемлекеттері үшін үлкен роль ойнамайды. Ал посткеңестік елдерде, сонымен бірге Орталық Шығыс Еуропа елдерінде бұл қызмет бір бағытта ғана жұмыс істейді, яғни аналитикалық орталықтардың мамандары саясатқа ауысып, кері байланыс немесе өзара алмасу үдерісі төмен. Себебі, посткеңестік және Орталық Шығыс Еуропа елдерінде аналитикалық орталықтары әлсіз деңгейде дамып, саяси процестің тең қатысушысы ретінде қабылданбайды.

6. Ұйымдастыру қызметі. Аналитикалық орталықтардың зерттеу нәтижелері саясаткерлерге ғана емес, бүкіл қоғамдастыққа да жариялануы тиіс. Ал осы саясаткерлер мен қоғамдастық арасындағы диалог тек нақтылы ұйымдастыру іс шараларды, яғни конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тыңдаулар, пікірталастарды жүзеге асыру барысында ғана мүмкін болады.

Аналитикалық орталықтарының қосымша қызметтеріне:

- 1) кеңес беру қызметі, яғни ішкі және сыртқы саясаттың өзекті мәселелері бойынша консультациялар өткізу;
- 2) алдын алу қызметі – талдау, мониторинг негізінде болашақта орын алуы мүмкін жағымсыз процестерді анықтау және оның алдын алу жөнінде ұсыныстар дайындау;
- 3) жаңашылдық қызметті жүзеге асыру арқылы аналитикалық орталықтары тұжырымдамалық сипаттағы ұзақ мерзімді саяси идеялардың генераторы болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, осы қызмет АҚШ-тың сыртқы саясатында ерекше көрініс табады;
- 4) түсіндіру қызметі БАҚ-қа мемлекет саясатын жеткізу үшін қолданылады, ал бұл өз алдына әр түрлі саяси инициативаларға қолдау көрсету үшін ықпал етеді.

Think Tanks & Civil Societies Program
The Laufer Institute
The University of Pennsylvania



2017 Global Go To Think Tank
Index Report

Қоғам салалары бойынша реформалардың барлығын үкімет жүзеге асырғандықтан, аналитикалық орталықтар әлеуметтік-саяси зерттеулерді үнемі жүргізуі тиіс. Герман Канның пікірінше, үкімет мұндай ұйымдарға зәру, себебі мемлекеттік органдар «күштілердің әлсіздігіне» шалдыққан, нәтижесінде күрделі шешімдерді не тез, не жеткіліксіз ақпарат негізінде қабылдайды. Саяси жаңару үдерісіндегі мемлекетте саяси мәселелер мен шешімдер жөнінде негізгі зерттеулер, шұғыл саяси мәселелер бойынша ұсыныстар айту, мемлекеттік бағдарламаларға баға беру, қоғамдық білім беру мәселелері өзекті болып табылады.


2008 жылдан бастап жыл сайын аналитикалық орталықтарға қатысты жаһандық рейтинг жарияланады. Бұл рейтинг - АҚШ-тың «Foreign Policy Research Institute» зерттеу институты «Think Tanks and Civil Societies Program» бағдарламасының негізінде

Пенсильвания университетінің профессоры Джеймс Макганның (James G. McGann) басшылығымен экономикалық, саяси және әлеуметтік тақырыпта объективті әрі шынайы зерттеу жүргізетін аналитикалық орталықтарының толық мәліметтер базасын құру мақсатында жүргізілетін зерттеу жобасы.

Бұл рейтинг әлемдегі аналитикалық орталықтардың өкілдеріне сауалнама жүргізу арқылы анықталады. Олар өз әріптестерін келесі критерийлер бойынша бағалай алады:

- 1) мемлекетте және әлемде орталықтың ықпалы;
- 2) саясаткерлер мен танымал басылымдар арасында олардың беделі;
- 3) академиялық мәртебесі;
- 4) зерттеуге жетекші ғалымдар мен сарапшыларды қатыстыру;
- 5) саяси көзқарастар мен пікірге ықпалы;
- 6) жарияланған мақалалар, сұхбаттар, зерттеулер [1].

Сонымен қатар, рейтингі анықтау барысында 2-ші суретте келтірілген аналитикалық орталықтардың келесі түрлеріне талдау жасалады.



2 - сурет. Рейтингтегі аналитикалық орталықтарының түрлері

Іріктеу мен номинация процесі алдында «аналитикалық орталықтар және азаматтық қоғам бағдарламасының» тобы мәліметтерді жаңарту әрі толықтыру бойынша жұмыс жүргізеді.

Рейтинг бағаланатын орталықтарға, сондай-ақ экономикалық және саяси зерттеулер саласындағы 4 мыңнан астам журналистер, саясаткерлер мен сарапшыларға жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша жасалады. Рейтингті жасаудың қорытынды кезеңіне

беделді сарапшылар тобы қатысады, олардың пікірлері бойынша қорытынды шешім шығарылады. Рейтингіті қалыптастыру үшін «ақыл орталықтарын» құрылымдайтын географиялық орналасуы, функционалдық және ұйымдастырушылық бағыты, ғылыми-талдамалық жұмыстың сапасы мен беделі, орталықтың «танылымдығы», брифингтер мен ресми кездесулердің саны, сондай-ақ арнайы жетістіктері үшін бірқатар номинацияларды қамтитын 30-дан астам әртүрлі критерийлер қолданылады.



3 - сурет. Рейтингтегі анықтау және жүргізу мерзімдері

Енді, осы 10 жыл жүргізілген зерттеуге салыстырмалы талдау жасауға тырысайық. Жалпы, 2007 жылдың қорытындысы бойынша әлемде – 5080 аналитикалық орталығы болса, 2017 жылдың қорытындысы бойынша – 7815, яғни 10 жыл ішінде әлемде аналитикалық орталықтарының саны 53,8%-ға өскен. Сонымен, бірге, өсім тек бір топ мемлекеттер үшін ғана емес, негізінен әлемдегі көптеген мемлекеттерге тән. Бұл үрдісті келесі диаграммадан көруге болады (1 - сурет):



4 - сурет. 2007-2017 жылдар аралығындағы аналитикалық орталықтардың саны

Келесі суретте зерттеуде берілген географиялық шоғырлану принципі бойынша аналитикалық орталықтар саны туралы мәліметтерді көруге болады (кесте 1):

1 - кесте. 2007-2017 жылдар аралығындағы географиялық шоғырлану принципі бойынша аналитикалық орталықтардың саны

Аймақтар/жылдар	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017
Африка	274	424	503	548	550	554	612	467	615	615	664
Азия	601	653	1183	1200	1198	1194	1201	1106	1262	1262	1676
Еуропа	1681	1722	1750	1757	1795	1836	1818	1822	1770	1770	2045
Латын Америкасы	408	538	647	690	722	721	662	674	774	774	979
Орта Шығыс және Оңтүстік Африка	192	217	273	333	329	339	551	521	398	398	479
Солтүстік Америка	1924	1872	1912	1913	1912	1919	1984	1989	1931	1931	1972
Океания	0	38	39	39	39	40	38	39	96	96	56

Кестеден көріп отырғанымыздай, әлемде жалпы аналитикалық орталықтардың ұлғаюы байқалады, сонымен бірге, басым бөлігі Солтүстік Америка мен Еуропада орналасқан. Негізінен рейтинг бағалау, реттеу, жіктеу мағынасымен қатар, белгіленген шкала бойынша қандай ба болмасын күрделі өлшенетін құбылыстарды субъективті бағалауды білдіреді.

Рейтингте соңғы 5 жылда көрсетілген аналитикалық орталықтардың санына назар аударсақ, жалпы аналитикалық орталықтардың ұлғаюы тенденциясы байқалады, дегенмен, әрбір аймақ бойынша бірыңғай емес [5, 6, 7, 8, 9, 10]:

Екіншіден, Африка континентіне тоқталсақ, соңғы 5 жылда аналитикалық орталықтардың саны жағынан өсім негізінен Гана, Кения, Нигерия, Оңтүстік Африка мемлекеттері арқылы болған.

Үшіншіден, Солтүстік Америка бойынша өсім АҚШ аналитикалық орталықтары есебінен байқалады.

Төртіншіден, Латын Америкасы мемлекеттерінде аналитикалық орталықтардың даму үрдісі, яғни шынайы өсім байқалады, әсіресе, Уругвай, Парагвай, Аргентина, Боливия, Чили, Мексика мемлекеттерінде тұрақты даму анықталған.

Бесіншіден, өсім сонымен бірге, Орта Шығыс елдерінде де байқалады, нақтырақ айтсақ, Египет, Иран, Израиль, Йемен, Палестина, Түркияда байқалды.

Алтыншыдан, Шығыс Еуропа елдеріндегі өсім Босния, Болгария, Польша, есебінен, бірақ Сербияда керісінше азаю байқалады.

2017 жылғы посткеңестік мемлекеттердегі жағдайға сипаттама берсек, Украинада – 47, Эстонияда — 17, Грузияда — 12, Литвада – 19, Арменияда - 14, Әзірбайжанда — 12, Беларусьда — 12, Латвияда - 11, Молдовада — 9, Қазақстан, Қырғызстан мен Өзбекстанда — 8, Тәжікстанда — 7, Түркменістанда - 0. Бұл жерде толыққанды ақпарат жоқ, себебі, мысалға, Түркменістан мемлекеті бойынша ешбір аналитикалық орталығы жоқ деп көрсетілген, ал бұл мемлекеттегі ірі аналитикалық орталықтарының бірі - Түркменістанның Стратегиялық жоспарлау және экономикалық даму институты бар.

Біздің пікірімізше, жоғары көрсетілген мәліметтер шынайы өсім болып табылмайды, көп жағдайда әрбір мемлекет бойынша толық мәліметтердің болмағандығын көрсетеді, сондай-ақ бұл мемлекеттегі аналитикалық орталықтардың тіркелу және мәлімет беру жұмысына байланысты.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) қызметіне талдау ұсынамыз.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1993 жылғы 16 маусымда құрылған.



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін аналитикалық қамтамасыз ету.

ҚСЗИ - кәсіби ғылыми-талдау орталығы.

Қазіргі таңда институтта саясаттану, әлеуметтану, мемлекеттік басқару, тарих және экономика секілді салалардың танымал мамандары – ҚР ҰҒА екі корреспондент-мүшесі, бір Өскери ғылымдар академиясының мүше-корреспонденті, тоғыз ғылым докторы, бес ғылым кандидаты, үш Ph.D. мен он екі ғылым магистрлері қызмет атқарады.

ҚСЗИ жыл сайын көптеген халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізіп келеді. 2003 жылдан бері Институт Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы мәселелеріне арналған 15 конференция өткізді. 2017 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігі ҚСЗИ үшін Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ph.D. докторантура («әлеуметтану», «саясаттану» және «экономика» мамандықтары бойынша үш грант) мен магистратураға («саясаттану» мамандығы бойынша бір грант) мақсаттық гранттар бөлді.

Жоғарыда аталған аналитикалық орталықтарына қатысты жаһандық рейтингісінің 2017 жылғы қорытындысы бойынша ҚСЗИ бірқатар номинациялар бойынша жетекші орында. Рейтингте 55 түрлі номинация бар.

ҚСЗИ аналитикалық орталықтарының жаһандық рейтингісіне 2013 жылы енді. Ол уақытта тек Орталық Азиядағы жетекші аналитикалық орталықтар номинациясы бойынша 2-ші орынды иеленді. Соңғы 5 жылда осы рейтингіде тұрақты үздік үштікке қатарында.




5 - сурет. Орталық Азиядағы жетекші аналитикалық орталықтар номинациясы

«Энергетика және ресурстық саясат саласындағы жетекші ақыл орталықтары» және «Жетекші мемлекеттік ақыл орталықтары» екі номинациясы бойынша ҚСЗИ өзінің бұрынғы орындарын сақтап қалды (тиісінше, 28 орын және 57-орын).



6 - сурет. Энергетика және шикізат саясатындағы жетекші аналитикалық орталықтар номинациясы



7 - сурет. Жетекші мемлекеттік аналитикалық орталықтар номинациясы

Top Think Tanks by Area of Research

Top Defense and National Security
Table 14


- Center for Strategic and International Studies (CSIS) (United States)
- International Institute for Strategic Studies (IISS) (United Kingdom)
- RAND Corporation (United States)
- Brookings Institution (United States)
- Carnegie Endowment for International Peace (United States)
- German Institute for International and Security Affairs (SWP) (Germany)
- Royal United Services Institute (RUSI) (United Kingdom)
- Council on Foreign Relations (CFR) (United States)
- Atlantic Council (United States)
- Center for a New American Security (CNAS) (United States)
- Australian Strategic Policy Institute (Australia)
- Kazakhstan Institute for Strategic Studies (KazISS) (Kazakhstan)**
- Institute for International Relations (IRI) (Czech Republic)
- Institute of Strategic Studies (ISS) (Pakistan)
- International Centre for Counter-Terrorism - The Hague (ICCT) (Netherlands)
- International Peace Institute (IPI) (United States)
- International Strategic Research Organization (ISRO) (Turkey)
- Latin American Security and Defence Network (RESDAL) (Argentina)
- Institute for Regional Security (Australia)
- Institute of Southeast Asian Studies (ISEAS) (Singapore)
- Armenian Center for National and International Studies (ACNIS) (Armenia)
- Russian International Affairs Council (RIAC) (Russia)
- Swedish Defence Research Agency (FOI) (Sweden)
- EUROPEUM Institute for European Policy (Czech Republic)
- United Service Institution of India (India)

8 - сурет. Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы жетекші аналитикалық орталықтар

2017 жылдың қорытындысы бойынша «Әлемдегі алдыңғы қатардағы жетекші ақыл орталықтары (АҚШ зерттеу орталықтарын есепке алмағанда)» жаһандық рейтингінде ҚСЗИ 140 орынға ие болды (2016 жылы бұл көрсеткішке алғаш рет кіргенде, ҚСЗИ 147-ші орынды иеленген еді. Рейтингте 6846 «ақыл орталықтарының» қызметі талданған болатын). ҚСЗИ негізгі рейтингке кірген жалғыз қазақстандық аналитикалық орталық ретінде өзінің негізгі мәртебесін тағы да растады.

Top Think Tanks Worldwide (Non-US)
Table 2

- French Institute of International Relations (IFRI) (France)
- Bruegel (Belgium)
- Chatham House (United Kingdom)
- International Institute for Strategic Studies (IISS) (United Kingdom)
- Korea Development Institute (KDI) (Republic of Korea)
- Danish Institute for International Studies (DIIS) (Denmark)
- Fundação Getúlio Vargas (FGV) (Brazil)
- Centre for European Policy Studies (CEPS) (Belgium)
- China Institutes of Contemporary International Relations (CICIR) (China)
- German Institute for International and Security Affairs (SWP) (Germany)
- International Institute for Environment and Development (IIED) (United Kingdom)
- Begin-Sadat Center for Strategic Studies (BESA Center) (Israel)
- Kazakhstan Institute for Strategic Studies (KazISS) (Kazakhstan)**
- Al Jazeera Centre for Studies (AJCS) (Qatar)
- Centre for Land Warfare Studies (CLAWS) (India)



9 - сурет. Әлемдегі үздік аналитикалық орталықтар (АҚШ-ты есепке алмағанда) номинациясы

Аналитикалық орталықтарды дамытудың басты артықшылықтарының бірі – тез арада мәселелерді анықтап, соғұрлым оларды шешуге мүмкіндік беретін тұрақты мониторингтің жүргізілуі. Осы жеделдік аналитикалық орталықтардың ғылыми институттардан басты айырмашылығы. С.Жүсіповтің пікірінше, «Талдау, сараптама – күрделі әрі маңызды ғылыми бағыты синонимінің бірі» [11, 181].

Сонымен, аналитикалық орталықтары мемлекеттік аппарат пен интеллектуалды орта арасындағы, қоғам мен саясат арасындағы делдал бола отырып, қоғам және мемлекет дамуындағы өзекті мәселелерді анықтаушы, талқылаушы, тудырушы, сонымен бірге, мемлекеттік органдар тарапынан саяси шешім қабылдау үдерісінің бір тізбегі, қоғамдық пікірді қалыптастырушы механизмдердің бірі, азаматтық қоғамның даму деңгейін анықтайтын көрсеткіш. Бұл қызметтерді аналитикалық орталықтарының атқаруы үшін мемлекеттегі аналитикалық нарығына мемлекет тарапынан мақсатты түрде жүйелі негізге қойылған кешенді жұмыс бағыттары болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. П.Диксон. Фабрики мысли //Введение: фабрики, не загрязняющие окружающую среду// Қол жеткізу режимі: <http://stra.teg.ru/library/institutes/Dikson-Thinktanks/1>
2. Джессика Т. Мэтьюз. Есть ли у России демократические перспективы? Демократия: Эксперты и политики //Ведомости. – 2004. - 16 февраля. - <http://www.politnauka.org/library/prikl/dempersp.php>
3. Лобанов В.В. Государственное управление и общественная политика. – СПб., - 2004. - С.128
4. Сунгуров А. Фабрики мысли: первое приближение к анализу зарубежного опыта. Режим доступа: http://www.strategy-spb.ru/Koi-8/Proekt/Programma/fabriki_misli/stati/CPP-Pap2.htm
5. Global Go To Think Tank Index Reports <https://www.gotothinktank.com/global-goto-think-tank-index/>
6. 2017 Global Go To Think Tank Index Report //https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1012&context=think_tanks
7. 2016 Global Go To Think Tank Index Report https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?referer=&httpsredir=1&article=1011&context=think_tanks
8. 2015 Global Go To Think Tank Index Report https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?referer=&httpsredir=1&article=1009&context=think_tanks
9. 2014 Global Go To Think Tank Index Report https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?referer=&httpsredir=1&article=1008&context=think_tanks
10. 2013 Global Go To Think Tank Index Report http://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1007&context=think_tanks
11. Жусупов С.Е. Политическая аналитика. Исследования. – Алматы: «Ана-б», 2008. – 714с. – С.181

Мақалалар құрылымы:

Мақала мәтіннен, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотациялардан, суреттер, кестелер, әдебиеттер тізімінен тұрады және олар бір файлда рәсімделеді.

Мәтін Times New Roman қарпімен, 14 pt көлемінде, 1.0 жол аралығында басылуы қажет.

Ғылыми мақалалар төмендегідей бөлімдерді қамтуы тиіс:

Кіріспе – соңғы он жылда жүргізілген зерттеу тақырыбына ұқсас немесе жақын отандық және шетелдік еңбектер қарастырылып, қойылған мәселе қысқаша баяндалады, зерттеудің мақсаты тұжырымдалады.

Зерттеудің әдістері – жаңа әдістер кеңінен сипатталады; бұрын жарияланған және белгілі әдістерді авторы мен/немесе әдістің атын көрсетіп, әдебиеттер тізімінде беру жеткілікті.

Зерттеудің нәтижелері – негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты мәліметтер, табылған өзара байланыстар мен заңдылықтар беріледі. Бұл ретте қолданыстағы теорияларды, сондай-ақ практикалық мәні бар мәліметтерді теріске шығаратын жаңа нәтижелер мен жаңалықтарға басымдық беріледі.

Нәтижелерді талқылау – отандық және шетелдік үздік баламаларымен салыстыру жүргізіледі. Зерттеудің пікірталас тудыратын тұстары мен автордың оларды шешу көзқарасы суреттеледі.

Қорытынды – жұмыстың нәтижелерін шығару, жаңашылдығы мен өзектілігін негіздеу, алынған нәтижелерді қолдануға қатысты ұсыныстар.

Әдебиеттер тізімі мәтінде көрсетілген сілтемеге сәйкес нөмірленеді. Библиографиялық мәліметтер 7.1-2003 мемлекеттік стандартына сәйкес рәсімделеді.

Жеке бетте авторлар, сондай-ақ редакциямен хат алмасуға жауапты автор жөнінде мәліметтер (аты-жөні, тегі, жұмыс орны, ғылыми атағы, байланыс телефоны, электронды поштасы) көрсетіледі.

Мақаланы редакцияға қағазға басылған қолжазба күйінде әкелуге немесе электронды пошта арқылы editor@kisi.kz. мекенжайына жіберуге болады.